ISSN 2413-3558
eISSN 2521-6465

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ

Дінтану сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия Религиоведение

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

EURASIAN JOURNAL

of Religious Studies

№3 (47)


Алматы
«Қазақ университеті»
2026

ISSN 2413-3558
eISSN 2521-6465

KazNU Science · ҚазҰУ Ғылымы · Наука КазНУ

ХАБАРШЫ

ДІНТАНУ СЕРИЯСЫ №3 (47) қыркүйек



29.07.2015 ж. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті
Куәлік №15490-Ж

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады
(наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР
Байжума С. (*Қазақстан*)
Тел.: +7 700 789 0987
E-mail: ejrs@kaznu.kz

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Байтенова Н.Ж., филос.ғ.д., профессор – бас редактор (*Қазақстан*)
Борбасова Қ.М., филос.ғ.д., профессор – бас редактордың дінтану ғылыми бағыты бойынша орынбасары (*Қазақстан*)
Абжалов С.Ө., филос.ғ.к., қауымд. профессор – бас редактордың исламтану ғылыми бағыты бойынша орынбасары (*Қазақстан*)
Мейрбаев Б.Б., филос.ғ.к., қауымд. профессор (*Қазақстан*)
Құрманәлиева А.Д., филос.ғ.д., профессор (*Қазақстан*)
Бегалинова К.К., филос.ғ.д., профессор (*Қазақстан*)
Әлжанова Н.Қ., PhD, аға оқытушы (*Қазақстан*)
Сатершинов Б.М., филос.ғ.д., профессор (*Қазақстан*)
Затов Қ.А., филос.ғ.д., профессор (*Қазақстан*)
Ташкын А., PhD, қауымд. профессор (*Түркия*)
Муминов Ә.Қ., т.ғ.д., профессор (*Түркия*)
Ачилов Д., PhD, профессор (*АҚШ*)
Лусиан Турсеску, PhD, профессор (*Канада*)
Луиза Райан, PhD, профессор (*Улыбритания*)
Мухаметшин Р.М., с.ғ.д., профессор (*Ресей*)
Мухетдинов Д.В., с.ғ.к., теол.ғ.д., профессор (*Ресей*)
Алиева З., PhD, профессор (*Әзірбайжан*)

ТЕХНИКАЛЫҚ РЕДАКТОР
Шалкарова А.С., магистр (*Қазақстан*)

Дінтану сериясы журналында қоғам үшін өзекті діни мәселелерді арқау еткен зерттеулер жарияланады.

Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы
Гульмира Шаккозова
Телефон: +7 701 724 29 11
E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

ИБ №18131. Пішімі 60x84 $^{1}/_{8}$. Көлемі 10,75 б.т.
Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №4550.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

Баспа журналдың ішкі мазмұнына жауап бермейді.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2026

ҒТАМР 21.15.61 https://doi.org/10.26577//EJRS47320261

Қ. Борбасова[1*], Э. Сұлтанбаева[1], Қ. Бағашаров[1], З. Мұратжан[2]

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясы, Астана, Қазақстан
[*]e-mail: bm.karlygash@gmail.com

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАПТИСТІК ЖӘНЕ ПРЕСВИТЕРИАНДЫҚ ШІРКЕУЛЕРДІҢ ІЛІМІ МЕН ҚЫЗМЕТІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Мақала Қазақстандағы протестанттық ағымдардардың өкілдері баптистік және пресвитериандық шіркеулерінің ілімдері мен діни тәжірибелеріне салыстырмалы талдау жасауға арналған. Авторлар бұл діни бағыттардың Қазақстандағы пайда болу және даму тарихына, діни ілімдерінің ерекшеліктеріне, шіркеуді басқару қызметтері мен әлеуметтік белсенділік деңгейлеріне мән береді. Діни плюрализм саясатын жүргізіп отырған қазіргі зайырлы Қазақстандағы протесттанттық конфессиялардың мемлекеттің діни құрылымында белгілі орыны бар. Олардың ішінде баптист және пресвитериан шіркеулері өздерінің теологиялық қағидаларымен, шіркеуді басқару және миссионерлік қызметтерімен ерекшеленеді. Сондықтан авторлар Қазақстандағы баптист және пресвитериан шіркеулерінің доктриналдық ұстанымдарын, ұйымдастырушылық құрылымын және діни тәжірибелерін салыстырмалы талдау жүргізуді мақсат етеді. Бұл Қазақстандағы протестантизмнің институционалдық дамуын және оның қоғаммен және мемлекетпен өзара қатынасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Авторлар зерттеу барысында салыстырмалы тарихи әдісті, конфессиялық талдауды, жүйелік-құрылымдық әдісті және доктриналдық құжаттардың мазмұндық талдау әдістерін қолданды. Қазақстан қоғамындағы екі протестанттық дәстүрдің алғашқы рет кешенді салыстырылуы және олардың теологиялық ерекшеліктері, мемлекетпен, қоғаммен өзара әрекеттесу модельдерінің ашылуы мақаланың жаңалығы болып табылады. Зерттеу нәтижесінде екі конфессияның протестанттық дәстүрінен туындайтын ортақ ғибадаттарымен қоса шоқыну, тағдыр және шіркеу билігінің құрылымын түсінудегі елеулі айырмашылықтар анықталды. Сонымен қоса, бұл конфессиялардың қазіргі Қазақстанның діни кеңістігіне бейімделуі туралы қорытынды жасалады.

Түйін сөздер: Қазақстан, протестантизм, баптизм, пресвитериандық, діни бірлестіктер

K. Borbassova[1*], E. Sultanbayeva[1], K. Bagasharov[1], Z. Muratzhan[2]

[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[2]Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office
of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan
[*]e-mail: bm.karlygash@gmail.com

Comparative analysis of the doctrine and activities of Baptist and Presbyterian churches in Kazakhstan

This article presents a comparative analysis of the doctrines and religious practices of the Baptist and Presbyterian churches – representatives of Protestant movements in Kazakhstan. The authors examine the origins and development of these religious movements in the country, as well as the specifics of their theological teachings, church governance, and levels of social engagement. Protestant denominations occupy a distinct place within the religious landscape of modern, secular Kazakhstan, a state that pursues a policy of religious pluralism. Among these groups, the Baptist and Presbyterian churches are distinguished by their specific theological principles, organizational structures, and missionary activities. Therefore, the authors aim to conduct a comparative analysis of the doctrinal positions, organizational structures, and practical activities of Baptist and Presbyterian churches in Kazakhstan. This approach makes it possible to gain a deeper understanding of the institutional development of Protestantism in Kazakhstan and its interaction with society and the state. The study employs comparative-historical analysis, confessional analysis, the systemic-structural method, and content analysis of doctrinal documents. The novelty of the article lies in its comprehensive comparison of two Protestant traditions within the Kazakhstani context, enabling the identification of the distinctive features of their theological identities

 © 2026 Al-Farabi Kazakh National University

and their models of interaction with the state and society. The research reveals both common characteristics arising from their shared Protestant heritage and significant differences in their understanding of baptism, predestination, and the structure of ecclesiastical authority. Furthermore, the article concludes that these denominations have developed specific strategies of adaptation to the religious environment of contemporary Kazakhstan.

Keywords: Kazakhstan, protestantism, baptism, presbyterianism, religious associations

К. Борбасова[1*], Э. Султанбаева[1], Қ. Багашаров[1], З. Муратжан[2]
[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
[2]Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, Астана, Казахстан
[*]e-mail: bm.karlygash@gmail.com

Сравнительный анализ доктрины и деятельности баптистских и пресвитерианских церквей в Казахстане

Статья посвящена сравнительному анализу учений и религиозной практики баптистской и пресвитерианской церквей, представителей протестантских движений в Казахстане. Авторы уделяют внимание истории возникновения и развития этих религиозных движений в Казахстане, особенностям их религиозных учений, церковного управления и уровням социальной активности. Протестантские конфессии в современном светском Казахстане, проводящем политику религиозного плюрализма, занимают определенное место в религиозной структуре государства. Среди них баптистская и пресвитерианская церкви отличаются своими богословскими принципами, церковным управлением и миссионерской деятельностью. Поэтому авторы ставять цель провести сравнительный анализ доктринальных положений, организационной структуры и практической деятельности баптистских и пресвитерианских церквей в Казахстане. Это позволяет глубже понять особенности институционального развития протестантизма в Казахстане и его взаимодействие с обществом и государством. В ходе исследования авторы использовали сравнительно-исторический метод, конфессиональный анализ, системно-структурный метод, контент-анализ вероучительных документов. В статье впервые проводится комплексное сопоставление двух протестантских традиций в контексте Казахстана, что позволяет выявить особенности их богословской идентичности и моделей взаимодействия с государством и обществом. Выявлены как общие черты, обусловленные принадлежностью к протестантской традиции, так и существенные различия в понимании крещения, предопределения и структуры церковной власти. Кроме того, делается вывод о специфике адаптации данных конфессий к религиозному пространству современного Казахстана.

Ключевые слова: Казахстан, протестантизм, баптизм, пресвитерианство, религиозные объединения

Кіріспе

Бүгінгі таңда көптеген діни ұйымдар қатар өмір сүріп жатқан Қазақстанда протестанттық конфессиялар елдің жалпы діни ландшафтында көрнекті орын алады. Баптизм және пресвитериандық – ең маңызды екі бағыт – әлемдік протестанттық қозғалыстың әртүрлі салаларына жатады, олар өздерінің доктриналық негіздері, шіркеуді басқару және миссионерлік қызметке деген көзқарастарымен ерекшеленеді. Қазіргі уақытта республикада 181 баптисттік және 111 пресвитериандық діни бірлестік тіркелген. Бұл екі конфессияны салыстыру бізге Қазақстандағы протестантизмнің институционалдық дамуын, сондай-ақ оның мемлекет пен қоғаммен қарым-қатынасының сипатын толығырақ түсінуге мүмкіндік береді.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Дінтану және мәдениеттану кафедрасында жүргізіліп жатқан «Дінаралық диалогты қолдау және жалпыұлттық бірлікті нығайту үшін жасанды интеллект алгоритмін әзірлеу: діни мәтіндерді талдау алгоритмдері және мәдени өзара әрекеттесу платформасын құру» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жобасы аясында бұл діни бірлестіктердің мүшелерімен сауалнама жүргізіліп, тереңдетілген сұхбат алынды. Зерттеуде біз еліміздегі конфессияаралық диалог құралдарын дамытатын екі діни бағыттың қасиетті мәтіндеріндегі қоғамдық келісімді дамытуға арналған ортақ құндылықтарды анықтауды және олардың Қазақстандағы шіркеулерінің ұйымдастырушы-

лық құрылымы және практикалық қызметін салыстыру мақсатын қойдық.

Нақты тақырыпқа келсек отандық ғылымда баптизм мен пресветериан шіркеулерінің ілімі мен қызметіне арналған салыстырмалы талдау жасаған зерттеу жоқ. Сондықтан осы мәселені мақаламыздың ғылыми жаңалығы ретінде үсынып отырмыз. Жалпы алғанда жекелей баптизм мен пресветериандық шіркеулердің ілімі мен қызметіне арналған еңбектер бар. Олардың ішінде ерекше атап өтетін Виктор Диктің «Свет Евангелия в Казахстане: история возвещения Евангелия и распространения общин баптистов и меннонитов в Казахстане (первая половина XX века)» еңбегі Қазақстандағы баптистер мен меннониттердің тарихына арналған. Бұл еңбекте баптистердің Қазақстан аймағында пайда болуынан бастап, жергілікті халықтың арасында Еванглияны тарату мақсатындағы миссинерлік қызметтерінің тарихы, Кеңес кезеңіндегі қуғынсүргінге үшыраған діндарлардың жағдайлары туралы қомақты ақпарат берілген. Еңбектің авторы діндар, баптистік қауым мүшесі болғандықтан қауымның мұражайының материалдарына сүйенген. Миссионерлердің хаттары, қауым жиналыстарындағы маңызды шешімдер, миссионерлік жоспарланған карталар, тарихи суреттер берілген. Қазақстандағы маңызды евангелдік қозғалыстың жылнамасы, қозғалыс тарихына қатысты кітаптар тізімі, евангелдік мерзімді басылымдар, жеке мұражайлардан алынған манускриптер, ескірген географиялық көрсеткіштердің атаулары академиялық зерттеушілер үшін өте пайдалы ақпарат көзі болады. Баптистер туралы алғашқы академиялық зерттеулер профессор Н.Ж. Байтенова басшылығымен жарық көрген «Қазақстандағы діндер» кітабында және Қ.М. Борбасованың «Қазақстандағы евангелшіл христиандар (масихшілдер) және олардың миссионерлік қызметі» мақаласында берілген.

Қазақстанның діни жағдайы Ресей патшалығының қарамағындағы және 70 жыл Кеңес өкіметіндегі тарихымен байланысты. Сондықтан қарастырып отырған діни бірлестіктер туралы ресейлік ғалымдардың зерттеулері өте көп.

Л.А. Королева, А.А. Королев және С.Ф. Артемованың бірлестікте жазған монографияда 1945-2000 жылдар аралығындағы КСРО және посткеңестік Ресейдегі евангелиялық христиан-баптистердің қызметіне арналған. Сонымен қоса жұмыста Ресейдегі евангелиялық христиан-баптистерге қатысты мемлекеттік-конфессиялық саясаттың дамуына талдау беріледі.

Авторлар КСРО кезеңі мен посткеңестік Ресейдегі евангелиялық христиан-баптист үйымдарының 1940 жылдан 2000 жылдарға дейінгі қызметі әлі жеткілікті зерттелмегенін атап өтіп, кеңестік кезеңдегі діни үйымдар мен мемлекет арасындағы қатынастар тарихнамасының екі негізгі кезеңін қарастырады.

Бірінші кезеңде (1950-1980 жж.) зерттеулер кеңестік идеологияның ықпалында болды. Бұл кезеңдегі еңбектерде КСРО-ның жетістіктері ғана дәріптеліп, мемлекеттің дінге қатысты саясатының теріс жақтары ашық айыпталмады, және өтпелі мәселелер ретінде қарастырылды. Діни бірлестіктердің қызметі көптеген зерттеулерде сыни бағланып, әсіресе «сектанттық» көрініс берген қозғалыстарға ебаса назар аударылды. Зерттеушілердің ғылыми әдебиеттерді, нақты дереккөздерді қолдану мүмкіндіктері болмағандықтан, дін саласындағы саясат мәселелері де толық зерттелмеді және шынайы бағаланбады.

Екінші кезең кеңестік дәуірінен кейінгі кезеңмен байланысты және қайта құру жылдарында басталады. Бұл кезеңде маркстік-лениндік әдіснама қабылданбады, жаңа ғылыми тәсілдердің дамуына жол ашылды. 1980 жылдардың аяғы мен 1990 жылдардың басында кеңестік жүйеге сын күшейіп, көбінесе оның оң жақтарын да мүлдем жоққа шығарды. 1990 жылдардың аяғынан бастап зерттеушілер кеңестік кезеңдегі діни саясатты біржақты бағалаудан бас тартып, бейтарап және объективті зерттеуге үмтыла бастады.

Осылайша, діни үйымдар мен кеңестік мемлекет арасындағы қатынастар тарихнамасы идеологиялық шектеулерден біртіндеп арылып, ғылыми түрғыдан жан-жақты зерттеле басталады. (Королева, 2013).

Осы кезеңде евангелдік христиан-баптистерді зерттеуде Л.Н. Митрохиннің орны ерекше болды. Ол кеңестік тарих ғылымында үстем болған баптистік көзқарастарға қатысты сын-пікірлерді былайша бағалайды:

«Бірте-бірте мен шынайы сенушілердің өмірлік тәжірибесі мен рухани дүниесінде көрініс тапқан «баптизм» мен танымал атеистік басылымдарда бейнеленген «баптизмнің» мүлде екі түрлі құбылыс екеніне көз жеткіздім. Олардың арасын санасыз надандық, немесе әдейі жасалған екіжүзділік, құдайсыз «партияшылдық» бөліп түрды. Мұндай жарияланымдарда мені ең алдымен әуел бастан айыптаушылық сипаттағы пафос, сондай-ақ сектанттарға рухани жағынан

жұтаң, әлеуметтік түрғыдан кемшін, бар өмірін жеке басының «құтқарылуы» туралы қарекетке арнаған адамдар ретінде жоғарыдан менсінбей қарау көзқарасы алыстатты» (Митрохин, 1997).

М.И. Одинцов Бүкілодақтық Евангелиялық христиан-баптистер кеңесінің құрылуын және Кеңес өкіметінің евангелдік христиан-баптистерге қатысты саясатын зерттейді. Автордың «Ресейдегі елуінші шіркеудің тарихы. XIX-XX ғасырлар» монографиясында біздің зерттеу тақырыбымыз бойынша көптеген фактілік және аналитикалық материалдар бар: КСРО Халық комиссарлары кеңесі жанындағы Діни істер жөніндегі кеңестің қызметі; Евангелиялық христиандар мен баптистердің бірлескен конференциясы (1944 жылғы қазан) туралы; Евангелиялық христиан-баптистер мен елуінші қауымдардың бірігуі мен Евангелиялық христиан-баптистер мен елуінші қауымдардың Мәскеу конференциясы (1945 жылғы тамыз) туралы жазады.

Зерттеулердің ішінде М.Н. Черенков, А.С. Зайченко посткеңестік қоғамдағы евангелдік қозғалыстардың ерешеліктеріне арналған еңбектерін атап өтуге болады. Ричард Бирманнидің (1968). «Баптисты и советское общество» деген мақаласында осы аталған мәселелер зерттелген. Брайан К. Стиллер, Тодд М. Джонсон, Карен Стилл Р, Марк Хатчинсонның «Әлем бойынша інжілшілер. 21-ші ғасырға арналған анықтама» деген атаумен шыққан үлкен жинаққа В. Йодердің «Ресей мен Орталық Азиядағы евангелистер» деген зерттеуі кірген. Автордың Қазақстандағы евангелизм туралы ойымен арнайы бөлісеміз. Сонымен қоса ресейлік автор Н.А. Мязиннің «Посткеңес Орталық Азиядағы протестантизмнің дамуы: Қазақстанның мысалында» мақаласын Қазақстандағы протестанттық қауымдастықтың қалыптасуына арнаған. Кеңестік кезеңде протестанттық ортада баптистер жетекші орынға ие болғаны және 1990-жылдардан кейін шетелдік миссионерлердің ықпалымен протестанттық ортадағы басымдық біртіндеп баптистерден харизматикалық ағымдар елуіншілерге ауысқаны туралы жазады (Мязин, 2025)

Енді пресветериандық шіркеуге келсек, қазақстандық ғалымда бұл діни бірлестікке арналған Қ.М. Борбасова мен А.Т. Сагнадинаның мақаласы бар. 2010 жылы Ресейдің өзінде пресветериандар туралы ешқандай зерттеу жоқ деп жазады Д.П.Макаров. XX ғасырды 90 жылдарында Ресейде және басқа да ТМД елдерінде пайда болса да 20 жылда бұл ағым туралы ешқандай статистикалық мәлімет болмаған. (Д.П. Макаров). Қазақстандық зерттеуші Е.В. Королеваның «Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ағымдардың миссионерлік қызметінің ерекшеліктері» тақырыптағы мақаласында арнайы пресветериандар аталмаса да евангелизация саясатын жүргізуші корейлік миссионерлердің прозелитизмі туралы жазады. 1990-2009 жылдар аралығындағы Қазақстан қоғамының діни жағдайының негізгі мәселелері протестанттық ағымдардың заңға қайшы миссионерлік қызметінің біраз қырлары ашылған.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеу әдіснамасы салыстырмалы тарихи әдіске, конфессиялық талдауға, жүйелік-құрылымдық әдіске, доктриналық құжаттардың мазмұндық талдауына және діни қызметке қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасын бағалауға негізделген. Бұл әдістерді кешенді қолдану мақала тақырыбын жан-жақты зерттеуді қамтамасыз етеді және Қазақстанның баптисттік және пресвитериандық шіркеулерінің ілімі мен қызметіндегі ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Салыстырмалы-тарихи әдіс баптисттік және пресвитериандық шіркеулердің шығу тегін, қалыптасуын, дамуын және олардың Қазақстанға таралуын зерттеу үшін қолданылады. Бұл әдіс арқылы біз екі конфессияның да қалыптасуының тарихи негізін көрсетуде, олардың жалпы христиандық бағытта пайда болу ерекшеліктері мен Орталық Азияға аумағына келуі мен таралуын анықтадық.

Біздің зерттеуіміздің нысаны болып отырған діни бірлестіктердің дін іліміне қатысты. тұжырымдамалық, ғұрыптық сипаттамаларын зерттеуде конфессиялық талдау қолданылады. Бұл әдіс діни ілімдердің ішкі мәнін ашуға және олардың ұқсастықтары мен өзіндік ерекшеліктерін анықтауға көмектеседі.

Бұл зерттеуде шоқыну мен пресвитериандықтың негізгі ілімдік қағидалары, соның ішінде олардың Киелі кітапты, сотериологияны, экклезиологияны, құпияларды, шоқынуды, шіркеудің институционалдық құрылымын және діни қызметкерлердің мәртебесін түсінуі талданады. Діни ілімнің конфессиялық және анықтаушы маңызы бар: атап айтқанда, сенім арқылы шоқынудың баптисттік тұжырымдамасына (кредобаптизм) және педобаптизмнің пресвитериандық тәжірибесіне (нәрестелік шоқыну), сондай-ақ осы конфессияларға тән шіркеуді басқару мо-

дельдеріндегі айырмашылықтарға ерекше назар аударылады.

Конфессиялық талдаудың әдіснамалық негізі зерттеліп отырған діни бірлестіктердің доктриналық негіздерін зерттеу болып табылады, бұл олардың қазіргі Қазақстанның конфессиялық ландшафтындағы институционалдық орнын толығырақ түсінуге мүмкіндік береді.

Мақаланың құрылымы үш зерттеу мақсатымен анықталады. Біріншіден, Қазақстандағы баптисттік және пресвитериандық діни бірлестіктердің дамуына қысқаша тарихнамалық шолу ұсынылады. Екіншіден, олардың доктриналық қағидаттарына, ұйымдастырушылық құрылымына және шіркеуді басқару жүйесіне салыстырмалы талдау жүргізіледі. Үшіншіден, елдегі осы конфессиялардың практикалық қызметіне баға беріледі.

Нәтижелері және талқылама

Баптистер мен пресвитериандардың Қазақстандағы тарихы

Қазақстан евангелдік баптист шіркеулері одағының сайтында қоғамның Қазақстанда пайда болу тарихын XIX ғасырдың екінші жартысында Батыс Қазақстанға аумақтарында евангелиялық ілімнің таралуымен байланыстырады. 1850 жылдардан бастап дат ұлтынан шыққан Отто Богданович Форхгаммер Оңтүстік Украина мен Төменгі Еділ бойындағы неміс қоныстанушылары арасында Жаңа Өсиетті кеңінен насихаттаған. 1863-1873 жылдары ол шамамен 58 мың дана Қасиетті Жазба таратқан. Бұл қызмет аймақта евангелиялық қозғалыстың дамуына және халықтың Інжіл ілімін қабылдауына қолайлы жағдай жасаған.

1880-жылдары Орта Азияда ежелгі евангелиялық бағыттардың бірі – меннониттер пайда болды. Олар Ресейге XVIII ғасырдың соңында Пруссиядан қоныс аударып, Оңтүстік Украина, Солтүстік Кавказ және Еділ бойында ірі қауымдар құрған. XIX ғасырдың 50-60 жылдарындағы діни жаңғыру нәтижесінде меннониттік бауырластық қауымдар қалыптасып, неміс, орыс және украин түрғындары арасында белсенді миссионерлік қызмет жүргізді. Бауырлас меннониттер оңтүстік ресейлік баптизмнің қалыптасуына елеулі ықпал етті. Сонымен қатар, Ресей баптистері одағының алғашқы ұйымдастырушысы әрі төрағасы меннонит уағызшысы Иоганн Виллер болған (История Союза церквей ЕХБ Казахстана). 1925 жылы қаңтар айында шыққан «Баптист» журналында Омбы губерниясының Павлодар ауданы, Ақмола губерниясының Петропавловск ауданы, Семей губерниясының Благовещенск ауданы алғашқы евангелдік қауымдар болғаны туралы жазған (Дик, 2003).

1903 жылдары Қостанай өңірінде, 1915 жылдары Түркістанда евангелдік қауымдар пайда болып, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда тарала бастаған. Баптистік қауымның Қазақстан жеріне таралуымен 1907-1911 жылдар аралығында православие дінін ұстанатын жергілікті халықтан баптистік қауымға мүшелікке өткендер саны 3000-ға жеткен. Бұл үрдіске алаңдаған православие өкілдері «сектанттыққа қарсы» миссионерлік жұмыстар жүргізген. Орынбор, Қостанай, Торғай аймақтарында қысқа мерзімді арнайы «сектанттарға қарсы» курстар ұйымдастырылған. Қазақстандық зерттеуші Виктор Дик «Жергілікті губерниялық билік пен жандармерия басқармалары жаңадан құрылған қауымдардың қызметін мұқият бақылап отырды. Губернаторларға ұсынылған есептерде баптистер жиі империяның діни бірлігін бұзатын «зиянды элемент» ретінде сипатталды. Дегенмен, 1905 жылғы 17 сәуірдегі «Діни төзімділік негіздерін нығайту туралы» жарлық бұл топтарға тек қағаз жүзінде қалып отырды, ал, іс жүзінде жергілікті әкімшілік олардың көпшілік арасында белсенді жиындар өткізуге тосқауыл қою үшін үнемі сылтау тауып отырды», – деп атап өтеді (Дик, 2003).

Кеңес үкіметінің құрылуымен, Ресеймен қоса, оның қарамағындағы барлық елде атеистік саясат орнады. Бүкіл Кеңестер Одағындағы барлық дінге тиым салынып, діни білім беру орталықтары мен ошақтары жабылып, дін қызметкерлері қудаланды. Бұл кезеңдегі баптистердің де жағдайы бәріне ортақ құғын-сүргінмен байланысты болды.

Зерттеушілер Кеңес үкіметтінің евангелиялық христиандармен және баптистермен қарымқатынасында келесі кезеңдерді шартты түрде ажыратады: біріншісі – 1945-1953 жылдар, мемлекеттің діни саясатының белгілі бір дәрежеде жеңілдетілуімен анықталды, бұл биліктің соғыс кезінде халық арасындағы діншілдіктің объективті түрде артуын мойындауымен және бұл факторды өз мүдделері үшін пайдалануымен шартталған; екіншісі – 1953-1961 жылдар, биліктің дінге жеңілдік берудің қажеті жоқтығымен сипатталады; сонымен қатар, Кеңес басшылығының пікірінше, дін қоғамдағы өз орнын шамадан тыс нығайтты; үшінші кезең, 1961-1985 жылдар, коммунистік көзқарас және кейі-

нірек дамыған социализмнің негізі дін құбылысын жоюға әкеледі деген идеямен идеологиялық түрғыдан негізделген; төртінші кезең, 1985-2000 жылдар, КСРО-дағы қайта құру процестерімен шартталған (Черенков, 2011).

Республикамыздағы пресвитериандық бағыттағы шіркеулердің құрылуы еліміздің тәуелсіздік алған кезеңімен түспа-түс келді. Пресвитериандық діни бірлестіктерінің ықпалымен Алматы діни академиясы, Қазақстандық евангелдік христиан семинариясы, «Жарық» Библия институты, «И. Навин» евангелдік семинариясы секілді және т.б. діни оқу орындары ашылды. Апостолдар рухындағы евангелшіл христиандық және пресвитериандық ағымы елімізде американдық, оңтүстік кореялық уағыздаушыларының миссионерлік қызметі нәтижесінде таралып жатыр. Қазақстанда өзінің діни бірлестігін құрған кәріс текті американдық миссионер Джозеф Ию болды. 1991 жылы ол асқан белсенділік танытып Қарағандыда «Грейс» шіркеуінің негізін қалады.

Қазақстандағы пресвитериандық шіркеудің негізгі лидері Кан Дмитрий Валентинович болып табылады.

2011 жылдың басында елімізде 229 діни бірлестік, саны аз діни топтар мен филиалдар есепте түрған. Қайта тіркеуден 55 жергілікті діни бірлестік өтті. 2015 ж. 107 діни бірлестік қайта тіркеуден өткен.

1991 жылдың қазан айында Қарағанды облыстық «Грейс» қайырымдылық миссиясы тіркелді, ал 2003 жылдың маусым айында «Грейс-Ракым» Республикалық миссионерлік христиан орталығы» діни бірлестігі болып қайта тіркелді. Қауымның негізін қалаған пасторы 1991 жылдың сәуірінде Ресейден (онда ол ұзақ жылдар бойы «Благодать» миссиясының бас пасторы болған) Қарағандыға келген архиепископ Джозеф Йю болды. Ал 2005 жылы ол АҚШ-қа оралды.

Баптистер де пресвитериандар да реформаторлық кезеңде пайда болған үлкен протестанттық бағыттарға жатады. Екі бағыт та өз ілімдерінің қайнар көзі тек Киелі кітап (негізінен Жаңа Өсиет) деп есептейді. Олар басқа протестанттарға қарағанда тек жеке сенім арқылы ғана құтқарылу, яғни Исаға сенім, тек рақым арқылы құтқарылу туралы тезисті ұстанады.

Олардың арасындағы негізгі айырмашылықтар шоқындыру рәсімін, тағдыр ілімін шіркеудің мәнін және оны басқаруды түсінуінде жатыр.

«Дінтану: Энциклопедиялық сөздік» оқулығында «Шоқындыру баптистер үшін «қайтадан туу» адамның ақыл тоқтатқан кезінде өз еркімен қабылдайтын шешімі. Адам өзінің дінді қабылдауға дайын екенін сезінуі (көбінесе 12-14 жас аралығы көрсетіледі) керек» – деп көрсетілген (Байтенова, 2018, 60 б.).

«Пресвитериандықта шоқыну Құдайдың келісімінің көрінісі, Ол Иса Мәсіхтің құрбандығы арқылы күнәдан тазаруды және қауымдастыққа қосылуды білдіреді, бірақ құтқарылуға кепілдік бермейді. Құтқарылуға тек сенім арқылы қол жеткізіледі» (Борбасова, Сагнадина, 2019). Сондықтан пресвитериандар нәрестелерді шоқындыруы Ескі өсиеттегі сүндеттеуге ұқсас, баланың қауымдастыққа тиесілі екенін және сенімде тәрбиеленуін білдіреді, олар ересек жасқа жеткенде (конфирмация арқылы) жеке растауы керек (12, О крещении).

Құтқарылу мәселесі бойынша баптисттер Киелі кітапта барлық адамдар күнәні, яғни Құдайға бағынбауды таңдады деп үйретіледі деп сенеді. Күнәнің салдары – мәңгілік өлім. Адамдар өздерін бұл тағдырдан құтқара алмайды. Құдай адамзатқа деген сүйіспеншілігінен құтқаруды қамтамасыз етті (Жохан 3:16). Құдайдың құтқарылу сыйын Оның Ұлы, Иеміз Иса Мәсіхке деген сенім арқылы алуға болады. Иса айқыштағы өмірі мен өлімі арқылы мәңгілік өлімнен мәңгілік өмірге өтуді ұсынады. Бұл жол – Құдайдың рақымының көрінісі. Ал бұл жолмен тек сенім арқылы жүруге болады (Римдіктерге 5:1–2) (12. Спасение по благодати только через веру).

Исаның жоғалған адамзатқа қалай құтқарылатыны туралы Киелі кітаптағы сипаттама алуан түрлі болғанымен, ол айтылған әрбір жағдайда мағынасы айқын: құтқарылу тек Иса Мәсіхке Құтқарушы ретінде сенім арқылы мүмкін болады.

Пресвитериандықта құтқарылу тек Иса Мәсіхтің өтеуші құрбандығына деген сенім арқылы ғана жүзеге асады. «Джон Кальвиннің ілімдеріне сүйене отырып, пресвитериандықтар Құдайдың берген тағдырына сенеді: Құдай мәңгіліктен құтқарылатындарды таңдады. Құтқарылу – адамның жақсы істерінің немесе жеке еңбегінің нәтижесі емес, Құдайдың рақымымен болған ерекше сый» (Борбасова, Сагнадина, 25 б.).

Шіркеулік басқару жүйесі. Баптистік шіркеулердің басқару моделі конгрегационализм қағидатына негізделеді. Бұл қағидат бойынша әрбір жергілікті (поместік) шіркеу толық автономияға ие және өз қызметін тәуелсіз жүзеге асырады. Сондықтан шіркеу қызметіне міндетті нұсқау беретін жоғары деңгейдегі епископат, папалық

институт немесе орталықтандырылған әкімшілік орган болмайды. Жергілікті қауымның жоғарғы басқару органы – шіркеу мүшелерінің жалпы жиналысы. Жалпы жиналыс барысында қауым мүшелері дауыс беру арқылы пасторлар мен диакондарды сайлайды, шіркеудің қаржылық бюджетін бекітеді, жаңа мүшелерді қабылдау және басқа да маңызды ұйымдастырушылық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды. Баптистік одақтар мен бірлестіктердегі қызметтер ерікті түрде жасалады және бір-біріне кеңес беріп отырады. Олар миссионерлікте, білім беруде және әлеуметтік жобаларды іске асырғанда ұйымдастыруда бірлескенмен жалпы жергілікті шіркеулердің ішкі басқаруына араласпайды.

«Пресвитериандық ағымдардың басқа протестанттық ағымдардан басты ерекшелігі өзіндік басқару жүйесінің болуы. Шіркеуді басқарудың пресвитериандық жүйесі – христиан шіркеуінің басқаруын ұйымдастыру формасы, онда билік шіркеу басшыларына (папа, патриарх) бағынатын, епископтардың (митрополиттердің) иерархиясына негізделген епископтық жүйеден айырмашылығы билік уәкілеттілігі алқалы сайланған органдарға (пресвитер, синод, Бас ассамблея) беріледі. Үйымдасқан түрде шіркеудің негізі конгрегация (немесе сессия) арқылы басқарылатын, құрамына пасторлар, құлшылық етуге, құпиялар және оқудың ұйымдастырылуына жауаптылар енетін шіркеулік приходтар болып табылады.

Конгрегацияның міндетіне қоғамдық жұмыстарды және қайырымдылықты ұйымдастыру кіреді. Бірнеше конгрегация пресвитерге біріктіріледі. Пресвитерлер өз өкілдерін Пресвитериандық шіркеулердің кезекті Бас Ассамблеяларына (немесе Бас синод) жібереді.

Бас Ассамблея шіркеу істерінде заң шығаруға құқығы бар және сол уақытта шіркеу заңында ең жоғары сот билігі болып табылады. «Пресвитерлер өз міндеттерін барлық сенушілердің атынан және келісімімен жүзеге асырады. Пресвитерлер (немесе қауым басшысы) негізінен, өмір бойына немесе белгілі бір мерзімге сайланатын приходтың беделді зайырлы түрғындары болып табылады. Приходтық жиналыстың құзыретіне құлшылық етуді ұйымдастыру, шіркеу өкілдеріне пасторлық қамқорлық таныту, тәртіпті сақтау және шіркеу өмірінің жергілікті мәселелерін шешу кіреді. Пастордың мәжілістерде шешуші дауыс беруге құқығы жоқ, бірақ ол әдетте төрағалық етеді. Пастордың қызметіне сондай-ақ уағыздарды оқу, діни білім беруді ұйымдастыру және шіркеу құпияларын (шомылдыру рәсімін және евхаристия) орындау кіреді. Кейбір пресвитериандық шіркеулерде пастор да автоматты түрде жоғары шіркеу ұйымының (пресвитер) мүшесі болып табылады. Сондай-ақ дьякон лауазымы да бар, оның құзыретіне әдетте, приходтық жиналыс қызметінің қаржылық-шаруашылық мәселелері жатады» (Борбасова, Сагнадина, 2019).

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Евангелиялық христиан-баптистер шіркеулерінің одағының орталығы Саран қаласында жұмыс істейді.

2006 жылы еліміздегі баптистер одағының қызметкерлері Еуропалық баптист федерациясы мен Баптистердің әлемдік одағынан шығуға дауыс берді. Бұл жағдайдың себептері әйелдерді діни қызметкер етіп тағайындау тәжірибесі, харизматикалық үрдістер және бірқатар шетелдік баптист шіркеулерінде Киелі кітаптың беделінің жалпы төмендеуі болды. Дегенмен, Одақ Евангелиялық христиан-баптистер одақтарының Еуро-Азиялық федерациясының құрамына кіреді.

Қазіргі даму кезеңіндегі евангелиялық христиандар мен баптистердің мемлекетке деген қарым-қатынасының сипатын «Билікке деген қарым-қатынас қауіпті сакральданудан арылуда, белгілі бір мағынада ол зайырлыланып, әлеуметтік-саяси және азаматтық сипатқа ие болуда» – деп жазған зерттеуші М.Н. Черенковтың ойы біздің қоғамға да тән (Черенков, 2011, 31–35 б.). Соңғы жылдары Қазақстандағы баптистік қауымдар Дін істері комитетімен және жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыратын іс-шараларға қатысады, деструктивті діни ағымдардың алдын алу жолдары талқыланатын дөңгелек үстелдер мен семинарларға қатысады.

Қазақстандағы Евангелиялық христиан-баптистері шіркеулері одағының ресми құжаттарында миссионерлік қызмет конфессияның негізгі міндеттерінің бірі ретінде айқын белгіленген. Құжатта шіркеу қызметінің жеті басым бағыты көрсетіліп, олардың әрқайсысы Киелі кітап мәтіндерімен негізделеді. Төменде осы бағыттардың қысқаша мазмұнына тоқталсақ:

– қызметкерлерді (пасторлар, уағызшылар, диакондар және басқа шіркеу қызметкерлері) даярлау;

– Ізгі хабарды тарату (евангелизация);

– қазақ халқына миссионерлік қызмет жүргізу;

– шәкірт тәрбиелеу және рухани қамқорлық;

– балалармен, жасөспірімдермен және жастармен жұмыс;

– шағын қауымдар мен миссионерлік топтарға қолдау көрсету;

– Құдай халқының рухани жаңаруы (Киелі кітап, 2011, Матай 28:19–20).

Жалпы алғанда, баптистік шіркеулерінің ресми бағдарламасы миссионерлік қызметке ерекеше мән береді. Бұл кешенді бағдарламаға діни кадрларды даярлау, евангелизация саясатын жүзеге асыру мақсатында түрғылықты қазақтар арасында уағыз жұмыстарын жасау, шәкірт және жастар арасында тәрбие жұмысы, жаңа қауымдарға қолдау көрсету және тағы да басқа қауым мүшелерінің өмірін жақсату жұмыстары кіреді.

Біздің назарымызды аударған бағдарламаның ең маңыздысы – «қазақ халқына жету» («Достижение казахского народа») болды. Бұл Евангелшіл христиан баптистердің миссионерлік қызметінің Қазақстан түрғындарының ішінде негізінен қазақ халқына бағытталғанын көрсетеді. Бұған шіркеудің ресми сайтында жарияланған мәліметтер дәлел болады. Қазақстанда қызмет басталғанна бастап қазақ тілінде Евангелие ілімін тарату кезең-кезеңімен дамып келеді. Ресми деректе Қазақстан аумағында 11 қазақ тілді шіркеу мен 17 қызметтік топтың жұмыс істейтіні көрсетілген. Сонымен қоса бұл құжатта дінді жаңадан қабылдағандардың және шоқындыру рәсімінен өткендердің санының артқаны, жергілікті түрғындардың діни қызметке тағайындалуы миссионерлік қызметте жаңа мүмкіндіктер әкелетіні аталып өтеді.

Пресвитериандық шіркеулердің қызметіне қатысты мәліметті Алматыда тіркелген Сион шіркеуін мысалында қарастырдық. Бұл шіркеудің қызметі екі негізгі құндылыққа «Құдайға және адамдарға деген сүйіспеншілікке» бағытталғандығы айтылады.

Шіркеу өз миссиясын Матай 28:18–20 аяттарында баяндалған «Үлы тапсырма» қағидатына негіздеп жүргізеді. Сиондықтар бұл міндетті еліміздегі барлық ұлт пен этноска Інжіл ілімін жеткізу арқылы христиандық сенімді таратуды жүзеге асырады. Шіркеу ілімі бойынша, Иса Мәсіхтің қайта тірілуінен кейінгі билігі миссионерлік қызметтің негізін құрайды. Сондықтан сиондықтардың ұраны – «Үйрен – үйрет, өмір сүр, сүй». Бұл ұстаным барлық діндарлардың Інжілді оқып үйренуін, оны өзгелерге жеткізуін, христиандық дәстүрге сай өмір сүруін және Құдай мен адамдарға деген махаббатты сезінуін және іске асыруын білдіреді.

Жоба зерттеуі барысында шіркеу басшыларымен және сенушілермен жүргізілген сұқбат нәтижелерінен де шіркеудің осы миссиясы ашылды. Пресвитериандар қазақ немесе басқа да ұлт өкілдерін дінге арнайы шақыру туралы ашық жазбаса да евангелизация жолында баптистік қауымдардан кем түспейді. «Сион» шіркеуінің сайтында олар өз шіркеулерінің атауын христиан теологиясымен байланыстырады: Құдайдың қатысу орны, Құдай халқының символы, Құдай сөзі мен ілімінің көзі және болашақ аспан қаласының бейнесі. «Біздің шіркеуіміз – ұлтына, мәдениетіне немесе тегіне қарамастан, барлық адамдарға ашық жалпыхристиандық қауымдастық», – деп жазылған.

Баптистік қауымдар сияқты, пресвитериан шіркеулері де әлеуметтік қызметті қауым өмірінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Әтсе де, пресвитериан шіркеулерінің ресми сайттарында әлеуметтік қызмет «Білім беру», «Қайырымдылық», «Әлеуметтік қолдау» сияқты нақты айқындалған. Қауымда тілдік курстар үйымдастыру, әлеуметтік осал топтарға көмек көрсету, балаларға, денсаулық пен отбасы мәселелеріне арналған іс-шаралар өткізу сияқты қызмет түрлері жүйелі түрде үйымдастырылады. Бұл қызметтердің қоғамның нақты қажеттіліктеріне жауап беруге бағытталғаны көрініп түр.

Баптистік шіркеулердің әлеуметтік қызметі миссионерлік, қайырымдылық және шәкірт тәрбиелеуге бағытталса, пресвитериан шіркеулерінде бұл қызмет сенушілердің жас ерекшелігіне бейімделіп жүзеге асырылады. Атап айтсақ, «Күміс шаштылар академиясы» (Академия Седовласых) жобасы егде жастағы қауым мүшелерімен жұмысты көрсетсе, жасөспірімдер мен балаларға арналған бағдарламалар да шіркеудің маңызды қызметтері болып бағаланады.

Қорытынды және тұжырымдама

Баптистік және пресвитериандық қауымның Қазақстандағы тарихы мен қызметін салыстырмалы зерттеу барысында бұл конфессиялардың қызметін бағалауда екі жақты көзқарастың қалыптасқанын айту керек. Бұл әсіресе еліміздегі 1990 жылдан 2011 жылға дейінгі және одан кейінгі діни жағдайлармен байланысты. 2011 жылға дейін яғни Қазақстан Республикасының Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Заңы қабылданғанға дейін елімізде 10 мүшесі бар қауым діни бірлестік ретінде ресми тіркеліп, қызмет жасауға құқылы болды. Миссионерлік

қызметтің барлық түріне ресми жол ашық болғандықтан еліміздегі жаңа діни ағымдар прозелетизммен ашық айналысты. (Асанбаев, 2006, Королёва, 2010). Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстандағы бірқатар евангелиялық протестанттық қауымдар миссионерлік қызметті күшейту мақсатында «Қазақстанды 2000 жылға дейін евангелизациялау» бағдарламалық мәлімдемесін қабылдады. Аталған құжатта ел тұрғындарының барлығына христиандық ізгі хабарды жеткізу, жаңа шіркеулер ашу, жергілікті қызметкерлерді даярлау және қазақ халқы арасында миссионерлік қызметті дамыту негізгі стратегиялық міндеттер ретінде айқындалды. Қоғамдағы діни конверсияның өсумен қоса мынандай мәлімдеменің ашық жолдануына байланысты әрине бірінші болып журналистер, қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар дабыл қақты. Ұлт болашағы, діни сана мен сауаттылық, рухани тоқырау мәселелеріне қатысты өте көп БАҚ беттерінде жазылып және телеарналар арнайы бағдарламалар жүргізді. Осы кезеңдегі жаңа діндарлық, прозелитизм, сектанттық, діни деструктивизм мәселелеріне арналған дінтанушылардың, әлеуметтанушылардың, саясаттанушылардың, психологтардың зерттеулері де жеткілікті.

Нәтижесінде мемлекет тарапынан 2011 жылғы қабылданған Заң бойынша діни бірлестіктер ресми тіркелу үшін 50 мүшеден кем қауым болмауы керек, діни уағыз бен басқа да миссионерлік қызметті тек діни ғибадат орындарында ғана жүргізу сияқты шектеулер қойылды. 4500 ресми тіркелген ұйымдар 32 %-ға қысқарды. Бұрынғы еркін миссионерлік қызметке үйренген бірлестік мүшелерінің заңды бұзу фактылары көбейе бастады. Заңға сүйенген мемлекеттік құзыретті органдар діни бірлестік мүшелеріне, кейде бірлестіктердің өзіне айыппұлдар салынып, қызметтеріне шектеу қойылды.

Осы жағдайларға байланысты еліміздің біраз діни бірлестіктері өздерін діни аз топ ретінде құқықтарына шектеу қойылуда деген желеумен халықаралық құқық қорғау ұйымдарына шағымдана бастады. Бұл ұйымдардың Қазақстандағы діни жағдайға байланысты «Есептерін» оқыған кез-келген саяси сауатты адам бұл есептердегі баға объективті емес екенін түсінеді. Өкінішке орай шетелдік ғалымдардың барлығы Орта Азия мен Қазақстанға қатысты зерттеулерінде осы «Есептерге» сілтеме жасайды. Бір мысал:

«аталған елдердің барлығында (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан туралы айтылып отыр) дерлік евангелиялық христиандар әртүрлі деңгейдегі қысым мен шектеулерге ұшырайды. Бұл түрғыда православие шіркеуі, лютерандық қауымдар және ресми тіркелген баптистік ұйымдар мемлекет тарапынан анағұрлым адал, саяси түрғыдан бейтарап әрі бақылауға көнетін діни құрылымдар ретінде қабылданады. Ал қоғамдық тәртіпті бұзушы ретінде бағаланатын евангелиялық топтарға, әдетте, харизматтық қозғалыстар, елуіншілер, тіркелмеген баптистер және Иегова куәгерлері секілді «дәстүрлі емес» діни ұйымдар жатады» (Yoder, 2015).

Ослода орналасқан Forum 18 ақпарат агенттігінің зерттеуіне сәйкес, Қазақстанда 2013 жылдың алғашқы он бір айында «заңсыз діни қызмет» үшін барлығы 146 әкімшілік айыппұл салынған. Оның ішінде 83 айыппұл тіркелмеген баптистерге, 28-і Иегова куәгерлеріне және 17-сі елуіншілерге қатысты болған. Ал католиктерге, православие өкілдеріне және лютерандарға бірде-бір айыппұл салынбаған, тіркелген баптистерге қатысты тек бір ғана айыппұл тіркелген (Yoder, 2015).

Forum 18 ақпарат агенттігінің зерттеулері шындап келгенде шағымданушы діни бірлестіктердің мәліметтері мен академиялық ортада діни азшылықтың құқығын қорғаушы ретінде белгілі А.И. Артемев, Я.Ф. Трофимов, Р. А. Подопригора еңбектері негізінде жүргізілген. Басқаша көзқарастағы орыс және қазақ тілінде жазылған ғылыми еңбектер мүлде қарастырмайды.

Р.А. Подопригора Қазақстандағы діни саясаттың дамуын шартты түрде екі кезеңге бөледі: либералды кезең (1991-2004 жж.) және шектеуші кезең (2004-2020 жж.). Ғалымның ойынша, қоғамда және мемлекеттік институттарда діни ұйымдарға қатысты күмәншіл, кейде теріс көзқарас сақталуда. Автор экстремизм мен терроризм қаупінің басымдыққа ие болуы, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және дәстүрлі рухани құндылықтарды қорғау саясаты діни қызметті құқықтық реттеу мен құқық қолдану тәжірибесіне ықпал еткенін атап көрсетеді. Осыған байланысты, мұндай жағдайларда сенушілер мен діни бірлестіктердің құқықтары мен бостандықтарын қорғау әрдайым мемлекеттік саясаттың басым бағыты бола бермейді, – деп жазады

Жоғарыда айтылған ойларды қорытындылай келе Қазақстандағы баптистер мен пресвитериан қауымдастықтары еліміздегі демократиялық Заң жүйесінде қызметтерін жалғастыруда. Келтірілген мысалдарда бұл қауымдарға байланысты шектеулер қойылса, барлығы Заң шең-

берінде болғандығы анық. Себебі Қазақстан мемлекетінің экстремизм мен терроризмге қарсы түру, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және дәстүрлі рухани құндылықтарды қорғау саясатының басым болып жүзеге асырылуы бүкіл қоғам мүшелерінің соның ішінде барлық діни бірлестік мүшелерінің де құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етеді. Соңғы кезеңдегі еліміздің діни өмірінен барлық Інжілді таратушы қауымдар жергілікті мелекеттік органдармен бірлесіп, мемлекеттік және конфессияаралық іс-шараларға қатысып, қоғамның әлеуметтік-рухани дамуына өз үлестерін қосып жатқанын байқауға болады.

Алғыс

Бұл ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің жобасы негізінде қаржыландырылды (Грант AP26104327 «Дінаралық диалогты қолдау және жалпыұлттық бірлікті нығайту үшін жасанды интеллект алгоритмін әзірлеу: діни мәтіндерді талдау алгоритмдері және мәдени өзара әрекеттесу платформасын құру»).

Авторлар үлесі

Борбасова Қарлығаш Молдағалиқызы – ғылыми концепция мен әдіснаманы әзірлеуге жетекшілік ету, зерттеу бағытын айқындау, деректерді интерпретациялау, ғылыми редакциялау және толықтыру, қорытындыларды нақтылау, жариялауға дайындауға жетекшілік ету.

Сұлтанбаева Эльмира Серікбайқызы – мақала тақырыбын концептуализациялау, әдіснаманы әзірлеу, деректерді жинақтау және талдау, пресвитериандық шіркеудің діни тәжірибесіне зерттеу процесін жүргізу, ғылыми әдебиеттерге шолу жасау, тарихи-теологиялық деректерге салыстырмалы талдау, құжаттық және миссионерлік материалдарды зерттеу.

Әдебиеттер

Yoder, W. (2015). Evangelicals in Russia and Central Asia. In *Evangelicals around the world: A global handbook for the 21st century*. Thomas Nelson.

Асанбаев, М. (2006). Современная религиозная ситуация в Казахстане: факторы риска и потенциал религиозной конфликтности. *Центральная Азия и Кавказ, 6*(48), 87–100.

Байтенова, Н., Құрманалиева, А., Рысбекова, Ш., & Бейсенов, Б. (2018). *Дінтану: Энциклопедиялық сөздік*. Қазақ университеті.

Баптистское общинное управление церковью: проблема. (n.d.). *Baptist Distinctives*. Retrieved July 7, 2026, from https://www.baptistdistinctives.org/article-12-russian/index.html

Борбасова, Қ., & Сагнадина, А. (2019). Пресвитериандық ағымдар: тарихы және қазіргі кезең. *ҚазҰУ хабаршысы. Дінтану сериясы, 1*(17), 19–28. https://doi.org/10.26577/EJRS-2019-1-199

Дик, В. (2003). *Свет Евангелия в Казахстане: История возвещения Евангелия и распространения общин баптистов и меннонитов в Казахстане (первая половина XX века)*. Samenkorn.

Евангельские христиане баптисты. (2026). Религиозная карта Казахстана. https://religionmap.kz/ru/subconfession/1597

История Союза церквей ЕХБ Казахстана. (n.d.). Союз церквей ЕХБ Казахстана. https://baptist.kz/history-union

Казахское служение. (n.d.). Союз церквей ЕХБ Казахстана. https://baptist.kz/kazakh-department/

Киелі кітап. (2011). Киелі кітап аудару институты.

Королёва, Е. В. (2010). Особенности миссионерской деятельности новых религиозных движений в современном Казахстане. *Вестник РУДН. Серия: Социология*, (2), 27–40.

Королева, Л., Королев, А., & Артемова, С. (2013). *Власть и евангельские христиане-баптисты в России. 1945–2000 гг.: Эволюция взаимоотношений*. ПГУАС.

Макаров, Д. П. (2010). История и современное состояние пресвитерианства в Санкт-Петербурге. *Вестник Русской христианской гуманитарной академии, 11*(3), 133–141.

Митрохин, Л. Н. (1997). *Баптизм: История и современность (философско-социологические очерки)*. РХГИ.

Мязин, Н. А. (2025). Развитие протестантизма в постсоветской Средней Азии на примере Казахстана. *Вестник ЮУрГУ. Серия «Социально-гуманитарные науки», 25*(3), 16–22.

Подопригора, Р. А. (2020). Правовое регулирование в сфере религии в постсоветском Казахстане: подходы и последствия. *Сборник материалов*, 32–38. https://doi.org/10.24411/9999-056A-2020-10032

Пресвитерианская церковь [Таинства церкви]. (2026, July 5). *Евангельская пресвитерианская церковь Торонтовки*. https://epctorontovka.org/tainstva-czerkvi/05.07.2026

Пресвитерианская церковь. (n.d.). Религиозная карта Казахстана. https://religionmap.kz/ru/subconfession/1597

Приоритетные направления служений в церквах. (n.d.). Союз церквей ЕХБ Казахстана. Retrieved July 9, 2026, from https://baptist.kz/priorities/

Спасение по благодати только через веру. (n.d.). Baptist Distinctives. Retrieved July 6, 2026, from https://www.baptistdistinctives.org/article-06-russian/index.html

Таинства церкви. Выдержки из Вестминстерского Исповедания Веры. (n.d.).

Черенков, М. Н. (2011). Есть ли будущее у баптизма в России? В *Материалы международной научно-практической конференции «105 лет легализации русского баптизма»* (с. 31–35).

Что такое пресвитерианская церковь простыми словами. (n.d.). Zion Church. https://www.zionchurch.kz/blog/chto-takoe-presviterianskaya-cerkov-prostymi-slovami

References

Asanbaev, M. (2006). Sovremennaya religioznaya situatsiya v Kazakhstane: Faktory riska i potentsial religioznoy konfliktnosti [The modern religious situation in Kazakhstan: Risk factors and potential for religious conflict]. *Tsentral'naya Aziya i Kavkaz, 6*(48), 87–100. (in Russian)

Baitenova, N., Kurmanaliyeva, A., Rysbekova, Sh., & Beisenov, B. (2018). *Dintanu: Entsiklopediyalyq sozdik* [Religious studies: Encyclopedic dictionary]. Qazaq universiteti. (in Kazakh)

Baptistskoe obshchinnoe upravlenie tserkov'yu: Problema [Baptist congregational church governance: A problem]. (n.d.). Baptist Distinctives. Retrieved July 7, 2026, from https://www.baptistdistinctives.org/article-12-russian/index.html (in Russian)

Borbassova, Q., & Sagnadina, A. (2019). Presviteriandiq agymdar: Tarihy zhane qazirgi kezen [Presbyterian movements: History and the present stage]. *QazUU khabarshysy. Dintanu seriyasy, 1*(17), 19–28. https://doi.org/10.26577/EJRS-2019-1-199 (in Kazakh)

Cherenkov, M. N. (2011). Est' li budushchee u baptizma v Rossii? [Does Baptist Christianity have a future in Russia?]. In *Materialy mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii «105 let legalizatsii russkogo baptizma»* [Proceedings of the international scientific and practical conference "105 years of the legalization of Russian Baptism"] (pp. 31–35). (in Russian)

Chto takoe presviterianskaya tserkov' prostymi slovami [What is the Presbyterian Church in simple terms?]. (n.d.). Zion Church. https://www.zionchurch.kz/blog/chto-takoe-presviterianskaya-cerkov-prostymi-slovami (in Russian)

Dik, V. (2003). *Svet Evangeliya v Kazakhstane: Istoriya vozveshcheniya Evangeliya i rasprostraneniya obshchin baptistov i mennonitov v Kazakhstane (pervaya polovina XX veka)* [Light of the Gospel in Kazakhstan: The history of Gospel preaching and the spread of Baptist and Mennonite communities in Kazakhstan (the first half of the 20th century)]. Samenkorn. (in Russian)

Evangel'skie khristiane baptisty [Evangelical Christian Baptists]. (2026). Religionmap.kz. https://religionmap.kz/ru/subconfession/1597 (in Russian)

Istoriya Soyuza tserkvey EKhB Kazakhstana [History of the Union of Evangelical Christian Baptist Churches of Kazakhstan]. (n.d.). Soyuz tserkvey EKhB Kazakhstana. https://baptist.kz/history-union (in Russian)

Kazakhskoe sluzhenie [Kazakh ministry]. (n.d.). Soyuz tserkvey EKhB Kazakhstana. https://baptist.kz/kazakh-department/ (in Russian)

Kieli kitap [Holy Bible]. (2011). Bible Translation Institute. (in Kazakh)

Koroleva, L., Korolev, A., & Artemova, S. (2013). *Vlast' i evangel'skie khristiane-baptisty v Rossii. 1945–2000 gg.: Evolyutsiya vzaimootnosheniy* [The state and Evangelical Christian Baptists in Russia, 1945–2000: The evolution of relations]. PGUAS. (in Russian)

Korolyova, E. V. (2010). Osobennosti missionerskoy deyatel'nosti novykh religioznykh dvizheniy v sovremennom Kazakhstane [Features of the missionary activities of new religious movements in contemporary Kazakhstan]. *Vestnik RUDN. Seriya: Sotsiologiya*, (2), 27–40. (in Russian)

Makarov, D. P. (2010). Istoriya i sovremennoe sostoyanie presviterianstva v Sankt-Peterburge [The history and current state of Presbyterianism in St. Petersburg]. *Vestnik Russkoy khristianskoy gumanitarnoy akademii, 11*(3), 133–141. (in Russian)

Mitrokhin, L. N. (1997). *Baptizm: Istoriya i sovremennost' (filosofsko-sotsiologicheskie ocherki)* [Baptist Christianity: History and the present (philosophical and sociological essays)]. RKhGI. (in Russian)

Myazin, N. A. (2025). Razvitie protestantizma v postsovetskoy Sredney Azii na primere Kazakhstana [The development of Protestantism in post-Soviet Central Asia: The case of Kazakhstan]. *Vestnik YuUrGU. Seriya «Sotsial'no-gumanitarnye nauki», 25*(3), 16–22. (in Russian)

Podoprigora, R. A. (2020). Pravovoe regulirovanie v sfere religii v postsovetskom Kazakhstane: Podkhody i posledstviya [Legal regulation of religion in post-Soviet Kazakhstan: Approaches and consequences]. *Sbornik materialov*, 32–38. https://doi.org/10.24411/9999-056A-2020-10032 (in Russian)

Presviteryane [Presbyterians]. (n.d.). Religionmap.kz. https://religionmap.kz/ru/subconfession/1597 (in Russian)

Prioritetnye napravleniya sluzheniy v tserkvakh [Priority areas of ministry in churches]. (n.d.). Soyuz tserkvey EKhB Kazakhstana. Retrieved July 9, 2026, from https://baptist.kz/priorities/ (in Russian)

Spasenie po blagodati tol'ko cherez veru [Salvation by grace through faith alone]. (n.d.). Baptist Distinctives. Retrieved July 6, 2026, from https://www.baptistdistinctives.org/article-06-russian/index.html (in Russian)

Tainstva tserkvi. Vyderzhki iz Vestminsterskogo Ispovedaniya Very [Sacraments of the church: Excerpts from the Westminster Confession of Faith]. (2026, July 5). Evangelical Presbyterian Church of Torontovka. https://epctorontovka.org/tainstva-czerkvi/05.07.2026 (in Russian)

Yoder, W. (2015). Evangelicals in Russia and Central Asia. In B. C. Stiller, T. M. Johnson, K. Stiller, & M. Hutchinson (Eds.), *Evangelicals around the world: A global handbook for the 21st century* (pp. 318–325). Thomas Nelson.

Авторлар туралы мәлімет

Борбасова Қарлығаш Молдағалиқызы – философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті діntану және мәдениеттану кафедрасының профессоры, Алматы, Қазақстан, e-mail: bm.karlygash@gmail.com.

Сұлтанбаева Эльмира Серікбайқызы (корреспондент автор) – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті діntану және мәдениеттану кафедрасының PhD докторанты, Алматы, Қазақстан, e-mail: sultanbayeva.elmira@gmail.com.

Бағашаров Құдайберді Сабыржанұлы – философия докторы PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті діntану және мәдениеттану кафедрасының профессоры м.а., Алматы, Қазақстан, e-mail: kudaiberdi1981@gmail.com.

Мұратжан Зарина – философия докторы PhD, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының жалпы заң пәндері кафедрасының аға оқытушысы, әділет кеңесшісі, Астана, Қазақстан, e-mail: hakim_zarina@mail.ru.

Information about the authors:

Borbassova, Karlygash Moldagalikyzy – Doctor of Philosophical Sciences, Professor of the Department of Religious and Cultural Studies at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: bm.karlygash@gmail.com.

Sultanbayeva, Elmira Serikbayevna (corresponding author) – PhD student of the Department of Religious Studies and Cultural Studies of the Faculty of Philosophy and Political Science, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: sultanbayeva.elmira@gmail.com.

Bagasharov, Kudaiberdi Sabyrzhanuly – Doctor of Philosophy (PhD), Acting Professor at the Department of Religious Studies and Cultural Studies of the Faculty of Philosophy and Political Science, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: kudaiberdi1981@gmail.com.

Muratzhan, Zarina – Doctor of Philosophy (PhD), Senior Lecturer at the Department of General Legal Disciplines, Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, Counselor of Justice, Astana, Kazakhstan, e-mail: hakim_zarina@mail.ru.

Сведения об авторах:

Борбасова Карлыгаш Молдагалиевна – доктор философских наук, профессор кафедры религиоведения и культурологии факультета философии и политических наук Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: bm.karlygash@gmail.com.

Султанбаева Эльмира Серикбаевна – PhD докторант кафедры религиоведения и культурологии факультета философии и политических наук Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: sultanbayeva.elmira@gmail.com.

Багашаров Кудайберди Сабыржанулы – доктор философии (PhD), исполняющий обязанности профессора кафедры религиоведения и культурологии факультета философии и политологии Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: kudaiberdi1981@gmail.com.

Муратжан Зарина – доктор философии (PhD), старший преподаватель кафедры общеюридических дисциплин Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, советник юстиции, Астана, Казахстан, e-mail: hakim_zarina@mail.ru.

2025 жылы 16 қазанда тіркелді
2026 жылы 20 қыркүйекте қабылданды

ҒТАМР 21.21.31 https://doi.org/10.26577//EJRS47320262

А. Агабаев[1], М. Балтымова[1], С. Байжума[1*], А. Ташагил[2]

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Едитепе университеті, Стамбул, Түркия
[*]e-mail: samet-kz@inbox.ru

АЛТЫН ОРДА КЕЗЕҢІНДЕГІ ИСЛАМ ДІНІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ИСЛАМ МОДЕЛІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Түркітілдес халықтардың исламдану үдерісін тарихи тұрғыдан зерделеу қазіргі гуумани-тарлық ғылымдағы өзекті бағыттардың бңрң болып табылады. Оның маңыздылығы ислам әле-міндегі діни үдерістердің қазіргі кезеңдегі қайта жандануымен және мұсылмандық ренессанс құбылысының кең таралуымен де сабақтас. Сонымен бірге Қазақстан қоғамында исламның руха-ни-мәдени және әлеуметтік қызметінің күшеюі түркі халықтарының исламды қабылдау тарихын жаңа деректер мен заманауи ғылми әдістер негізінде қайта қарастыру қажеттілігін айқындайды. Қазіргі қазақ қоғамындағы исламның қалыптасу негіздерін түсіндіруде осы аймақта өмір сүрген мемлекеттердің де әсерін атап өту маңызды. Зерттеудің мақсаты – Ислам дінімен байланыс-ты алғашқы мемлекеттердің бірі болған Алтын Орда кезеңінде қалыптасқан діни түсініктер мен наным-сенімдердің қазіргі Қазақстан аумағында орныққан исламдық дүниетаныммен тарихи-мәдени және рухани сабақтастығын айқындау. Зерттеу барысында тарих, дінтану, саясаттану және әлеуметтік ғылымдардың әдістерін ұштастыратын пәнаралық тәсіл қолданылды. Деректік негізді ортағасырлық араб, парсы, қытай және мысыр жазба деректерімен қатар, отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері құрады. Зерттеу барысында анықталған ерекшеліктер қазіргі қазақ даласында қалыптасқан ислам дәстүрлерімен салыстырылып, олардың арасындағы тарихи және дүниетанымдық байланыстар қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде, Алтын Орда кезеңіндегі исламдану тәжірибесі қазіргі Қазақстандағы исламның тарихи негіздері мен мәдени ерекшеліктерін түсіндіретін маңызды факторлардың бірі ретінде бағаланады.

Түйін сөздер: дін, ислам, Алтын Орда, дінтану, мұсылмандық ренессанс

A. Agabaev[1], M. Baltymova[1], S. Baizhuma[1*], A. Tashagil[2]

[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[2]Yeditepe University, Istanbul, Turkey
[*]e-mail: samet-kz@inbox.ru

The continuity of the characteristics of the Islamic religion of the Golden Horde period with the traditional Islamic model in Kazakh society

The historical study of the process of Islamization of Turkic-speaking peoples is one of the most relevant trends in modern guumanitary science. Its importance is also related to the revival of religious processes in the Islamic world at the present stage and the widespread spread of the phenomenon of the Muslim renaissance. At the same time, the strengthening of the spiritual, cultural and social activity of Islam in Kazakhstan's society determines the need to rethink the history of the adoption of Islam by the Turkic peoples on the basis of new data and modern scientific methods. It is important to note the influence of the states that lived in this region in explaining the foundations of the formation of Islam in modern Kazakh society. The purpose of the study is to identify the historical, cultural and spiritual continuity of religious concepts and beliefs formed during the Golden Horde period – one of the first states associated with the Islam – with the Islamic worldview established on the territory of modern Kazakhstan. The study used an interdisciplinary approach that combined the methods of history, religious studies, political science and Social Sciences. In addition to medieval Arabic, Persian, Chinese and Egyptian written sources, scientific works of domestic and foreign scientists are formed. In the course of the study, the identified features were compared with the traditions of Islam that have developed in the modern Kazakh steppe, and historical and worldview connections between them were considered. As a result of the study, the experience of Islamization during the Golden Horde period is evaluated as the most important factors explaining the historical foundations and cultural features of Islam in modern Kazakhstan.

Keywords: religion, Islam, Golden Horde, religious studies, Muslim renaissance

 © 2026 Al-Farabi Kazakh National University

А. Агабаев[1], М. Балтымова[1], С. Байжума[1*], А. Ташагил[2]
[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
[2]Университет Едитепе, Стамбул, Турция
[*]e-mail: samet-kz@inbox.ru

Преемственность особенностей исламской религии периода Золотой Орды с традиционной исламской моделью в казахском обществе

Историческое изучение процесса исламизации тюркоязычных народов является одним из актуальных направлений современной гуманитарной науки. Его важность также связана с возрождением религиозных процессов в исламском мире на современном этапе и широким распространением феномена мусульманского возрождения. Вместе с тем усиление духовно-культурной и социальной деятельности Ислама в казахстанском обществе определяет необходимость переосмысления истории принятия ислама тюркскими народами на основе новых данных и современных научных методов. В объяснении основ формирования ислама в современном казахском обществе важно отметить влияние государств, которые жили в этом регионе. Одним из первых государств, связанных с исламом, была Золотая Орда. Цель исследования – выявить историко-культурную и духовную преемственность религиозных представлений и верований, сложившихся в период Золотой Орды, с Исламским мировоззрением, закрепившимся на территории современного Казахстана. В исследовании использовался междисциплинарный подход, сочетающий методы истории, религиоведения, политологии и социальных наук. Основу данных составили научные труды отечественных и зарубежных ученых, а также средневековые арабские, персидские, китайские и египетские письменные источники. В ходе исследования выявленные особенности сравнивались с исламскими традициями, сложившимися в современной казахской степи, рассматривались исторические и мировоззренческие связи между ними. В результате исследования опыт исламизации в период Золотой Орды оценивается как один из важнейших факторов, объясняющих исторические основы и культурные особенности ислама в современном Казахстане.

Ключевые слова: религия, ислам, Золотая Орда, религиоведение, мусульманский ренессанс

Кіріспе

Ислам діні Алтын Орда мемлекетінің қалыптасуы мен дамуында маңызды рөл атқарды. Ислам дінінің Алтын орда қоғамына енуі және оның ұстанымдарын бекіту туралы деректер ортағасырлық араб шежірелері мен Алтын Ордаға өз бетінше келген саяхатшылардың жазбаларында көптеп кездеседі. Осы дереккөздер қатарында Мәмлүк билігі кезеңінде Мысырда өмір сүрген авторлардың жазба мұралары айрықша ғылыми маңызға ие. Алтын Орданың рухани және мәдени дәстүрлерінің қалыптасуына әртүрлі өркениеттер мен этностар арасындағы өзара ықпалдастық елеулі әсер етті. Еділ бойы мен Ніл алқабын байланыстыратын дипломатиялық және сауда байланыстарының дамуы мәдени алмасудың да қарқын алуына жағдай жасады. Әсіресе, XIV ғасырда Алтын Орда мен Мысырдың Мәмлук мемлекеті халықаралық саяси кеңістікте ықпалды әрі беделді мемлекеттер қатарында болғанын атап өту қажет (Абылов, 2025).

Исламдану үрдісі Еуразияның шығыс аймақтарында да біртіндеп жүрді. XI ғасырдың ортасына қарай Ертіс маңындағы татар тайпаларының арасында ислам діні тарала бастаса, XII ғасырдың ортасына оның ықпалы Шығыс Түркістандағы татар қауымдарының әлеуметтік және рухани өмірінен де көрініс тапты. Осы тұрғыдан алғанда, Батудың жорықтарына қатысқан татарлардың белгілі бір бөлігі ислам дінін қабылдаған этникалық топтардан құралғанын байқауға болады. Сонымен қатар Алтын Орда қоғамының діни дүниетанымы тек ислам ықпалымен ғана шектелмей, әртүрлі конфессия өкілдерінен қатар өмір сүру тәжірибесі арқылы да қалыптасты. Мемлекет аумағында христиандықтардың әртүрлі бағыттарын ұстанушылар, соның ішінде несториандар, Григорий шіркеуінің өкілдері, сондай-ақ иудейлер және басқа да діни қауымдар өмір сүрді. Орталық Азия түркі халықтары арасында ислам дінінің бірнеше ғасыр бойы орнығуы оның жергілікті діни нанымдармен және өзге конфессиялармен өзара ықпалдасуына негіз болды. Нәтижесінде Алтын Орда кеңістігінде дінаралық қатынастардың өзіндік үлгісі қалыптасып, бұл жағдай XIV ғасырдың 40-50 жылдарында исламның таралу сипатына да белгілі дәреже әсер етті.

Моңғол империясы тарихының бастапқы кезеңі Шыңғыс ханның ұрпақтарына өз билігін сақтауға мүмкіндік беретін заң мен империялық саяси дәстүрге айналған белгілі бір «діни төзімділікпен» сипатталды (Schamiloglu, 2021).

Дін, егер ол моңғол хандарының билігіне заңға бағынатын болса және жаулап алушыларға қарсы «қасиетті соғысқа» шақырылмаса, держава халқының жеке дел болып көрінсе, Шыңғысхандар сенім істерінен «тең қашықтықты» сақтап қалды. Қытайдың мемлекеттік басқару дәстүріне толық сәйкес, моңғол әкімшілігі үшін саяси адалдық маңызды болды және оның сеніміне рухани бағынбады. Шығыс Еуропаны жаулап алғаннан кейінгі бірінші кезеңде, әсіресе отырықшы елдерде Жошидтер жергілікті діндерге төзімділік пен төзімділік саясатын жүргізді (Шыңғыс ханның «Ясасында» бекітілген). «...Моңғол жаулап алушылары жаулап алынған халықтарға өздерінің сенімдері – шаманизмді таңуға тырыспады. Шыңғыс хан және оның жақын үрпақтары өздерінің жеке жанашырлықтары мен ұнатпауларына қарамастан, әртүрлі шіркеулердің өкілдерін теңестірді, осылайша оларды өздерінен бірдей қашықтықта ұстады... (Zilivinskaya, 2023)

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Бүгінгі таңда еліміздің көпконфессиялы құрылымы, исламның тарихи тамыры мен өзге діни дәстүрлермен қатар өмір сүру мәдениеті Қазақстанның зайырлы мелекет ретіндегі моделін қалыптастырып отыр. Конфессиялық өзара түсінік, діни толеранттылық және әлеуметтік тұрақтылық мәселелері Қазақстанның тарихи даму тәжірибесімен тығыз сабақтасып жатыр. Бұл құндылықтардың қалыптасуына Алтын Орда дәуірінде орнықкан қоғамдық және мәдени өзара ықпалдастық тәжірибесінің белігілі бір тарихи негізі бар.

Алтын Орда кезеңіндегі ислам дінінінң таралуы бойынша көптеген отандық ғылыми жұмыстар да кездеседі. Оның ішінде Тулибаева Ж. (2021) Хорезм мен Хиуа деректеріне сүйене отырып жүргізген зерттеулерінде, ислам дінінің Алтын Орда қоғамында кездесе бастауы, оның таралу ерекшеліктері мен тұрақтануы туралы ақпараттар кездеседі. Аталған еңбектерде қарастырылған маңызды факторлардың бірі, діннің саяси идеологияға әсері. Сонымен қатар, отандық зерттеушілердің еңбектерінде Алтын Орда кезеңінің исламдану үдерісі тек саяси, діни бағыттарға әсер етіп қоймай, оның тілдік және мәдени ерекшеліктерге де өзгерістер енгізгені анықталған (Кубденова & Малбаков, 2023).

Алтын Орда аймағында ислам дінінің таралуына мықты ықпал еткен Мысыр мемлекеті.. Т. Абылов (2021) өз еңбектерінде екі мемлекет арасындағы байланысқа ислам дінінің әсері, оның ішінде саяси және әскери қарым-қатынастардың қалыптасуына әсері зерттеген.

Мәмлүк билеушілері үшін ислам әлемінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және мұсылман қауымның мүдделерін қорғау сыртқы саясаттың маңызды бағыттарының біріне айналды. Осы тұрғыдан алғанда, Алтын Орда мен Мәмлүк мемлекеті арасындағы дипломатиялық және саяси байланыстарды нығайтуға ортақ діни құндылықтардың елеулі рөлі атқарғанын байқауға болады (Абылов және т.б., 2021).

Өзбек хан билігі тұсында Алтын Ордадағы исламның қоғамдық институт ретінде орнығуы білім беру жүйесінің дамуына да әсер етті. Мемлекеттің ірі қалаларында діни және зауырлы білім беру дәстүрлерінің институционалдық сипат алуына және мемлекеттің мәдени-рухани өмірінің жаңаруына ықпал етті (Абылов, 2021).

Алтын Ордадағы сопылық қозғалыстың рөлі Н. Заңәділұлы мен Б. Сейфуновтың еңбектерінде қытай деректері негізінде қарастырылған. Зерттеушілер Хорезмнен шыққан мұсылман қауымдары мен сопылық дәстүр қкілдерінің Жошы ұлысының рухани өміріндегі ықпалына ерекше мән береді. Авторлардың тұжырымдауынша, Алтын Орда билеушілерінің исламды мемлекеттік деңгейде орнықтыруы және Ясауи мектебінің рухани қағидаларын мемлекеттік идеологиялық кеңістікпен сабақтастыруы мемлекеттің ішкі тұтастығын нығайтуға мүмкіндік берген. Сонымен бірге исламдық құндылықтарды жергілікті түркілік дәстүрлермен ұштастыру Алтын Орда қоғамының этномәдени ерекшелігінің сақталуына жағдай жасады. Осы тұрғыдан Ясауи дәстүрі исламдық дүниетаным мен түркілік мәдени болмыстың өзара үйлесуінің маңызды тетіктерінің бірі ретінде бағаланады (Заңәділұлы & Сейфунов, 2025)

Алтын Орда тарихы мен археологиялық зерттеулердің көптеген аспектілері шетелдік авторлардың, оның ішінде ресейлік ғалымдардың В. Бартольд (1965), Б.Д. Грекова, А.Ю. Якубованың (1950) еңбектерінде кездеседі. Қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде Алтын Орда қоғамдық қатынастар, билік құрылымы, археологиялық деректер, сондай-ақ исламдану үдерісі зерттелген (Абзалов, 2022). I. Shingiray (2018) XIII–XIV ғасырларда Төменгі Еділ бойындағы Алтын Орда Көшпенділерін исламдандыру тақырыбын қарастырылған.

Алайда бұл зерттеулерде қазақ даласында өмір сүрген Алтын Орда мемлекетінің бүгінгі таңда, Тәуелсіз Қазақстан даласындағы сипаты мен олардың өзара байланысы зерттелмеген. Мақалада басты назар Алтын Орда кезеңіндегі діни ерекшеліктер мен оның бүгінгі күндегі қазақ даласындағы көрінісімен сабақтастығына аударылды.

Зерттеудің мақсаты Алтын Орда кезеңінде қалыптасқан діни сенімдер мен нанымдардың қазіргі Қазақстан аумағында таралған ислам дінімен тарихи, мәдени және дүниетанымдық сабақтастығын анықтау. Осыған байланысты келесідей міндеттер қойылды:

- Алтын Орда кезеңіндегі діни сенімдер мен исламның таралу ерекшеліктерін зерттеу;
- Алтын Орда дәуіріндегі исламның қазіргі Қазақстан аумағындағы діни-мәдени үдерістермен сабақтастығын анықтау;
- Исламдық құндылықтардық қазақ халқының дүниетанымы мен рухани мәдениетінің қалыптасуына ықпалын талдау

Зерттеудің жаңалығы Алтын Орда кезеңінде қалыптасқан ислам дінінің қазіргі Қазақстанның саяси ұстанымдарының қалыптасуына әсері мен салдарын анықтау болып табылады.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеу әлеуметтік, саясаттану, тарих және дінтану талдауларын біріктіретін пәнаралық тәсілге негізделген. Пәнаралық әдістерді қолдану ислам дінінің қазақ даласына алғаш келуін зерттеп қана қоймай, оның бүгінгі таңдағы салдары мен көрінісін сипаттауға мүмкідік береді. Зерттеу барысында тарихи жазбалар, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жаңалықтар мен оқиғаларға талдау жасалынып, Алтын орда кезеңінен бастау алған ислам дінінің эволюциялық өзгерістеріне зерттеу жүргізілді. Зерттеу негізіне халықаралық индекстелген базалардағы, Scopus, Web of science сайттарындағы ғылыми мақалалар қолданылды. Тарихи оқиғалар мен оның салдарын, бүгінгі көрінісін анықтау үшін мақалада синтездеу, индукция және дедукция секілді жалпы әдістер қолданылды.

Нәтижелері мен талқылама

XIII ғасырдың бірінші жартысында Моңғол империясының біртіндеп ыдырауы нәтижесінде пайда болған саяси құрылымдар, соның ішінде Жошы Үлысы көпэтносты қоғамды біріктіретін ортақ идеологиялық негізге мүқтаж болды. Бұл қысым, үлыс билеушілері мен өңірлік әмірлердің сепаристік үмтылыстарының артуымен және жаулап алу кезеңінде қираған отырықшы аймақтардың (Орта Азия, Еділ Болгариясы, Қырым, Азов және Қара теңіз өңірлері) өз дәстүрлі шаруашылық-мәдени құрылымдарын қалпына келтіруге және нығайтуға бағытталған талпыныстармен байланысты болды. Моңғол империясының ыдырауының салдарынан пайда болған мемлекеттер ішінде Алтын Орда әртүрлі этникалық топтар және мәдени ерекшеліктерді біріктірді. Сол себепті бұл мемлекет өзінің «мемлекеттік» идеологиясын қалыптастыруға әсер ететін тұжырымдама мен ұстанымдарды қажет етті (Миргалеев, 2025). XVI ғасырда исламның саяси және рухани кеңістікте орнығуы осы қаеттілікті қамтамасыз етіп, кқшпелі дала өркениетініңі дәстүрлері мен мұсылмандық отырықшы мәдениеттің элементтерін үйлестірген синкреттік, бірақ біртұтас алтынордалық мәдени модельдің қалыптасуына ықпал жасады. Осылайша, ислам Жошы үлысында отырықшы және кқшпелі өмір салттарының өзара ықпалдасуын қамтамасыз еткен негізгі факторлардың бірі болды (Malikov, 2023).

Жалпы қазақ даласында исламның дамуы Жетісу мен Сырдария бойындағы отырықшы халық арасында қалыптасып, Қарахан әулетінің мемлекеттік дініне айналды. Оған дәлел ретінде Жүсіп Баласағүнның «Құтты Білік» шығармасы, онда мұсылмандық саяси этикалық идеялар көрініс тапқан (Әлжан, 2025). Алайда кейбір өңірлерде исламмен қатар христиан діні де өз ықпалын жоғалтқан жоқ. Олар, Орталық Азиядан бастап Шығыс Қазақстан мен Жетісу аймағына қоныс айдарған наймантайпалары арасында кеңіннен танымал болды.

Алтын Орда аумағында ислам мүлде жаңа құбылыс болған жоқ, оның тамыры мен дәстүрі әрі қала орталықтарында, әрі дала өңірлерінде бұрыннан қалыптасқан еді. Еділ бойына исламның ерте енуіне қатысты алғышқы мәліметтердің бірі шығыс тарихшыларының 737 жылы Мерван қолбасшысы басқарған араб әскерінің Хазария жеріне жасаған жорықтағы жеңілісі туралы хабарлары. VIII ғасырдың екінші жартысында ислам Төменгі Еділ өңіріне Таяу Шығыс пен Орта Азиядағы ең ықпалды конфессиялардың бірі ретінде тарай бастады. Хазарияның астанасы Итил қаласында 10 000 астам мұсылман, биік мұнарасы бар мешіт және тағы 30-ға жуық мешіт болғаны айтылады (Galimov, 2023).

Алтын Орданың исламдану үдерісінің бастауын Бату ханның билік кезеңінен де кездестіруге болады. Шыңғыс ханның немересі және Жошының екінші ұлы Бату хан өзі исламды қабылдамағанымен, «Ұлы жосықта» бекітілген діни төзімділік қағидатын ұстанып, барлық конфессияға бірдей жағдай жасағаны белгілі. Оның билік тұсында мұсылмандар еркін және қауіпсіз өмір сүрді. XIII ғасырдағы парсы тарихшысы Жүзжанидің «Табақат-и Насири» атты еңбегінде Бату хан мұсылман қауымына оң көзқарас танытқан, әділетті әрі ұстанымы берік билеуші ретінде сипатталады. Деректер оның шаманндық нанымды ұстанып, өмірден өткеннен кейін осы дәстүрге сәйкес жерленгені көрсетілген. Соған қарамастан, Бату хан жүргізген саяси бағыт мұсылман дінбасылары тарапынан қолдау тауып, ислам дінінің кеңінен таралуына қолайлы қоғамдық жағдайлардың қалыптасуына ықпал етті (Тимохан, 2021). Бату хан билік құрған кезеңде Түркістанның, оның ішінде Хорезм өңірінің мұсылман халқы салыстырмалы түрде тұрақты жағдайда өмір сүріп, өздерінің діни рәсімдері мен дәстүрлерін жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болды. Бұл Алтын Орда аумағында исламның біртіндеп орнығуына әсер етке факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Алтын Орда билеушілерінің ішінде исламды алғаш қабылдаған хан ретінде 1257-1266 жылдары билік еткен Берке хан аталады. Оның ұстанымы бойынша ислам дінін қабылдауға алғашқы болып көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын халық билеушілерін, ру басыларын тартылды.

1263 жылы Бейбарыс сұлтанның Берке ханға жіберген алғашқы елшілігі Мысыр мәмлүктері мен Жошы ұлысы арасындағы дипломатиялық қатынастардың қалыптасуында маңызды қадам болды. Аталған елішілік тек саяси байланыстарды нығайтуға ғана емес, екі мемлекет арасындағы діни және мәдени ықпалдастықтың кеңеюіне де жол ашты. Елшілік құрамында ислам дінін насихаттауға атсалысқан суниттік ғұламалармен қатар, Жошы ұлысының өкілдері. Мәмлүк шенеуніктері мен қыпшақ әмірлері болған. Олардың бірқатары Алтын Орда билеушілерінің сарай ортасымен тікелей қарым-қатынас орнатуға мүммкіндік беретін тілдік және мәдени ортаға жақсы бейімделген түлғалар еді. Бұл жағдай Мысыр мен Алтын Орда арасындағы байланыстардың тек саяси сипатта емес, діни-мәдени мазсұнда да дамығанын аңғартады. Араб деректеріне сәйкес, «Оларға (елшілікке) құқытанушы Мәджеддин және әмір Сейфеддин Құшарбек жіберілді, әрі оларға Египетке келген татарлардан, Сурағанның жолдастарынан екі адам қосылды. Олардың көмегімен ол (сұлтан) исламның жағдайы туралы және халифтің сайлануы жөніндегі хаттарды жазды – Алла оның үстіне тыныштық нәсіп етсін және халифа әл Хаким би амриллаға дейінгі шежіресін жасауға бұйрық берді. Бұл шежіре жазылып, алтынмен әшекейленді. Сұлтан оны Берке ханға жолдап, өз шежіресіне де қази-ұл-кузат Таджеддин куәландырған түрде жіберді. Көптеген бағалы сыйлықтармен бірге Алтын Ордаға Осман Құраны да жіберілген. Бұл жөнінде Ибн Абд аз Захирдің шежіресінде «бұл хат аяқталғаннан кейін аса мәртебелі сыйлықтар әзірленді, қасиетті кітап Осман ибн Аффан «Алла оған разы болсын» жазды деп айтылатын Құран, қызыл жібекке алтынмен кестеленген мүқабада, іші жібекпен қапталған былғары қорапта, сондай-ақ оған арналған піл сүйегі мен қара ағаштан жасалған, күміс бөліктермен безендірілген және күміс құлпы бар тұғыр» жіберілді (Сайфетдинова, 2023).

Араб тарихшысы Ибн Баттутаның жазбасына сәйкес, оның ислам дінін қабылдауына себеп Наджм ад-дин Кубра негізін қалаған Кубравийа тариқатының сопыларымен байланыста болуы. Осылайша ол, Алтын Орда аумағында мешіттер мен медреселер салып бастады. Қытайлық зерттеушілердің мәліметтеріне сәйкес, Алтын Ордадағы исламдану процесі саяси-экономикалық факторлармен тығыз байланысты деп көрсетеді. «Берке хан ислам дінін қабылдағанымен, санаулы ғана мешіттер мен медресе салдырды, алайда оның кеңінен таралуына ықпал етпеді» деп көрсетеді (Сайфетдинова, 2023).

Алтын Орда аумағында исламды мемлекеттік дін ретінде енгізудің ресми және жалпыға бірдей танылған уақыты 1312 жыл – Өзбек ханның билікке келген жылы болып табылады. «Эннуэйридің энциклопедиясында» біз сол 1312 жылы Өзбек ханның Мысыр сұлтаны Эльмалик-Эннасырға «айтпақшы, ...сұлтанды исламның Қытайдан Батыс мемлекеттерінің шегіне дейін кеңеюімен құттықтау болды; сондай-ақ, оның (Өзбек ханның) мемлекетінде әлі де Исламды ұстанбаған адамдар тобы бар деп айтылды, Өзбек ханның таққа отыруынан кейін оларға мұсылман дініне кіруге мүмкіндік немесе соғысу туралы таңдау берілді, алайда олардың бас тартып (исламды қабылдаудан бас тартты) соғысқаны туралы және оларды күштеп, мәжбүрлеп ислам дінін қабылдатты, кейбіреулері қашуға мәжбүр болса, кейбіреулерін қырып-жойып,

түтқынға алыды» деп көрсетілген. Мысыр тарихшыларының жазбасында Өзбек ханның мемлекетті исламдандыруға деген ұмтылысы неононсенс ретінде қабылданғаны және исламға қарсы сөйлеген сөздерін басуға тура келгені туралы айтылған. Осылайша, Өзбек хан Алтын Орданы мұсылман мемлекеті ете отырып, Ясауи сопылық тариқатын ұстанып, Қазақстан территориясындағы Ясауи сопылық ілімінің таралуына негіз болды (Кызыке, 2023).

Оңтүстік Қазақстанның көшпелі түркі тайпалары арасында исламның таралуына елеулі үлес қосқан тұлғалардың бірі сопылық Ясауия тариқатының негізін салушы, Сайрам (Исфиджаб) қаласының тумасы Қожа Ахмет Ясауи. Оның хикметтерінде құдіретті Алланың ұлылығы мен адамның бойындағы кішіпейілділіктің, рухани тазартудың қажеттілігі уағыздалған. Ясауи тариқаты тек діни ғана емес, рухани бағыт бағдар беретін маңызды институқа айналып, олардың этникалық, мәдени бірліктерін сақтап қалуға ықпал етті. Өзбек хан билігі тұсында сопылық бағыттағы шайхтардың қоғамдық-саяси өмірдегі рөлі айтарлықтай күшейді. Оларға билеушілерге рухани қолдау көрсету, кеңес беру беру және діни мәселелер бойынша бағыт-бағдар ұсыну сичқты міндеттер жүктелді. Осы кезеңде Алтын Орда қоғамында ыілдік орта мен діни дүниетанымның өзара байланысы да маңызды сипат алды. Исламның кеңінен орныгуы діни ілімді халыққа түсінікті түрде жеткізу қажеттілігін арттырды. Алғашқы кезеңде Құран аяттары мен діни шығармалар неггізінен араб тілінде оқылып, түсіндірілсе, уақыт өте келе олардың түркі және парсы тілдеріндегі нұсқалары да тарала бастады. Бұл үдерісте Ясауи тариқаты өкілдерінің ықпалы ерекше болды. Олар исламдық дүниетанымның негізгі қағидаларын көшпелі түркі қауымдарына ана тілінде түсіндіруге ұмтылып, діни білімнің жергілікті ортада қабылдануын жеңілдетті. Осы арқылы Ясауи ілімі діни ұстанымдармен қатар, қоғамның рухани және моральдық құндылықтарының қалыптасуына ықпал етті.

Ясауи ілімінің жекелеген қағидалары мемлекеттік идеолгиямен сабақтасып, қоғамдық өатынастарға да әсер етті. Мемлекеттік басқару мен құқықтық қатынастарға да әсеер етті. Мемлекеттік басқару мен құқықтың тәжірибеде шариғат талаптарына негізделген кейбір нормалар қолданысқа еніп, моральдық-этикалық ұстанымдарды ислам құндылықтары тұрғысынан қайта пайымдау үдерісі жүрді. Мұндай өзгерістер Алтын Орданың мұсылман әлеміндегі саяси және мәдени байланыстарын күшейтіп, оның халықаралыық беделінің артуына ықпал етті.

Сонымен бірге Алтын Орданың исламдануын қысқа мерзімде жүзеге асқан біржақты құбылыс ретінде қарастыруға болмайды. Ислам мемлекеттік деңгейде орныққанымен, дәстүрлі моңғол-оыпшақ басқару институттары өз қызметін жалғастырды. Бұған қоса, үйғыр жазуының қолданылуы да бұрынғы әкімшілік-мәдени-дәстүрлердің толық жойылмағанын көрсетеді. Мұндай ерекшеліктерді Алтын Орданың көшпелі өмір салтымен және әскери-саяси құрылымның ықпалымен байланыстыруға болады (Бартольд, 2022).

Дегенмен исламдық құқық нормаларының қоғам өміріне ене бастағанын ортағасырлық құқықтық деректерден де байқауға бболады. Ханафи құқықтық мектебіне жататын «әл-Һидая» еңбегінде соғыста қаза тапқан мұсылмандарды «шәһид» ретінде танылатыны және оларды ғұсылсыз, үстіндегі киімімен жерлеуге рұқсат етілетіні көрсетіледі. Мұндай мәліметтер Алтын Орда қоғамында исламдық құқықтық нормалардың тек теориялық деңгецде қалып қана қоймай, белгілі бір дәрежеде тәжірибеде де қолданылғанын көрсетеді (Ситдиков, 2023). Ситдиковтың (2023) зерттеулерінде исламның татар ақсүйектері мен қалалық элита арасында, сондай-ақ Хорезм, Бұлғар және Арал маңы өңірлерінде кең таралғаны көрсетіледі. Археологиялық деректер де бұл үдерістің ауқымын айқындауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, Еділ бойы мен Орал өңірлеріндегі дәстүрлі жерлеу орындарының бертіндеп азайып, мұсылмандық жерлеу орындарының біртіндеп азайып, мұсылмандық жерлеу дәстүріне тән зираттардың көбеюі исламдық рәсімдердің жергілікті ортада орныға бастағанын көрсетеді.

Қазақ даласындағы исламдану үдерісі де өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады. Қазақ халқының дәстүрлі түрмысын зерттеген бірқатар авторлар ислам қағидаларының көшпелі ортада толық әрі біркелкі сақталмағанын атап көрсетеді. Мұны исламның жергілікті дәстүрлермен өзара ықпалдасуымен түсіндіруге болады. Мәселен, қазақстардың дәстүрлі өмір салты – киіз үйде тұру, маусымдық көшіп-қону және әлеуметтік-тұрмыстық қатынастардың өзіндік ерекшеліктері – кейбір исламдық талаптардың жергілікті жағдайдаа өзгеше сипат алуына әсер етті. Соның бірі әйелдердің қоғамдық және тұрмыстық кеңістікте оқшауланбауы болды, яғни әйелдер беттерін бүркемелемеген, ал жастар, бозба-

лалар мен бойжеткендер аралас-құралас еркін қарым-қатынаста болған.Бұл жағдай қазақ қоғамындағы исламның жергілікті дәстүрлермен сабақтаса отырып қалптасқанын көрсететін ерекшеліктердің бірі ретінде қаарастырылады.

Алайда, Алтын Орда кезеңінде басталған ислам дінінің таралуы жыл өткен сайын ықпалы күшейе түсті. Мешіттердің саны артты. Олардың салынуына жеке адамдар да, сондай-ақ қазақ даласынада исламды қолдаған патша үкіметі де белгілі бір деңгейде ықпал етті. Ал, 1815 жылы хан болып сайланған Арынғазының есімі қазақ қоғамында мұсылмандық құқықтың қолданылуын күшейту үдерісімен тығыз байланысты. Арынғазы халықты басқаруда ата-баба дәстүріне емес, шариғат қағидаттарына сүйенді. Оқу ағарту ісінің қарапайым деңгейіне қарамастан, молдалардың қызметі айтарлықтай нәтижелер берді: қазақтар арасында сауаттылық арта түсті. Өлеңдер мен жырларды қағазға түсіріп, қолжазба күйінде тарату дәстүрі қалыптасты. Қазақ және татар тіліндегі кітаптарға деген сұраныс өсе бастады. Сауаттылықтың кеңеюімен бірге исламның да таралуы жанданды.

Қазақ даласына исламның таралуы жөнінде бұл үдерістің тікелей куәгері болған көрнекті ғалым Шоқан Уалиханов «Даладағы мұсылмандық» атты мақаласында былай деп жазды: «Мұсылмандық әлі біздің қанымызға толық сіңген жоқ, Ол болашақта халықты жіктеуге алып келуі мүмкін. Бізде қазір Русьтегі қасиетті Нестор заманындағыдай екіқұдай сенім кезеңі орын алып отыр» (Адилов, 2025).

Қазақ халқының рухани мәдениеті исламға дейінгі түркілік дүниетаным элементтерімен тығыз сабақтасып қалыптасты. Исламның келуімен бұрынғы наным-сенімдер бірден жойылып кетпей, жаңа жүйемен байланысып, өзіндік ерекше мәдени-діни кеңістік қалыптастырды.

Исламға дейнігі келе жатқан суға, тауға, табиғат пен үй иелеріне, сондай-ақ жын-перілерге қатысты түсініктер де қазақ қоғамында бірден жойылып кеткен жоқ. Керісінше, олардың жекелеген элементтері исламдық дүниетаныммен үштасып, жаңа мазмұнда түсіндірілді. Бақсылық дәстүрге тән кейбір мәдени тәжіибелер де уақыт өте келе әулиелік түсініктермен сабақтаспы, халық арасында сақталды. Атап айтқанда, бақсы сарыны, дем салу, алаастау және емшіллікке қатысты дәстүрлердің кейбір түрлері кейінгі кезеңдердее де кездеседі.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы моральдық-этикалық үстанымдардың бірқатары ислам құндылықтарымен үйлесім тапты. Үлкенді сыйлау, қонақжайлылық таныту, амантқа адал болу, қиын жағдайда бір-біріне қолдау көрсету және қуымдық бірлікті сақтау секілді қағидалар исламның адамгершілік құндылықтарымен мазсұндық жағынан үндесті. Сондықтан исламның таралуы дәстүрлі әлеуметтік нормалардың түгелдей өзгеруіне емес, олардың бір бөлігінің исламдық қағидалармен қатар өмір сүруіне алып келді.

Осы тұрғыдан алғанда, қазақ даласының исламдануы бұрыңғы дүниетанымның толық ығыстырылуы ретінде бағалау жеткіліксіз. Бұл үдеріс дәстүрлі сенімдер мен әдет-ғұрыптардың жекелеген элементтерінің исламдық түсініктермен өзара ыөпалдасуы арқылы жүрді. Алтын Орда дәуірінде қарқын алға исламдану үдерісі кейінгі қазақ қоғамының рухани және мәдени дамуына ықпал етіп, исламдық құндылықтар мен дәстүрлі түркілік дүниетанымның қатар қалыптасуына негіз болды.

Зерттеу нәтижелері АЛтын Орда кезеңінде де, кейінгі қазақ қоғамында да исламның таралуы жергілікті тарихи-мәдени ерекшеліктерден тыс жүзеге аспағағығ көрсетеді. Қазақ даласындағы діни тәжірибе исламды толық мемлекеттік жүйе ретінде қабылдаған қоғамдардан белгілі бір дәрежеде ерекшеленді. Бұл ерекшелік ең алдымен халықтың кқшпелі өмір салтынан және ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлеінен байқалды. Атап айтқанда киім үлгілері, жерлеу рәсімдері, тұрмыстық әдет-ғұрыптар мен діни нанымдардың кейбір элементтері исламдық талаптармен қатар дәстүрлі мәдени нормалардың ықпалында дамыды. Демек, қазақ даласындағы исламның өзіндік сипатын түсіндіру үшін оны тек діни қағидалардың таралуы тұрғысынан емес, исламның жергілікті мәдениетпен өзара бейімделуі мен ықпалдастығы нәтижесінде қалыптасқан тариха құбылыс ретінде қарастырған жөн.

Қорытынды және тұжырымдама

Жүргіізілген зерттеу нәтижелері Алтын Орда дәуірінде орныққан исламдану үдерісі мен қазіргі қазақ даласындағы исламның еркшеліктері арасында тарихи және дүниетанымдық сабақтастық бар кенін көрсетті.Алтын Орда аумағында исламның таралуы ұзақ уақытқа созылған күрделі үдеріс ретінде қалыптсып, жергілікті халықтың дәстүрлі дүниетанымымен өзара ықпалдастық жағдайында жүзеге асты. Исламның

орнығуы бір ғана діни жүйенің екіншісін толық ығыстырумен емс, жаңа діни құндылықтардың қалыптасқан әлеуметтік және мәдени ортаға бейімделуімен сипатталады. Зерттеу барысында исламның таралуы мәжбүрлі түрде жүзеге аспағанын, алайда діни сенімді қабылдауда билеушілердің діни ұстанымы мен исламдық білімнің таралуы маңызды болғанын көруге болады. Әртүрлі кезеңдердегі Алтын Орда билеушілерінің діни саясаты мемлекеттің қоғамдық және саяси даму бағытына ықпал етті. Осы тарихи тәжірибені кейінгі қазақ қоғамында қалыптасқан діни төзімділік пен зайырлылық қағидаларының тарихи-мәдени алғышарттарының бірі ретінде қарастыруға болады.

Сонымен қатар, исламның Алтын Ордадағы саяси және әлеуметтік ықпалы оның тек діни құбылыс шеңберінен шыққанын көрсетеді. Исламдық нормалар мемлекеттік басқару, құқықтық қатынастар және қоғамдық мораль салаларына біртіндеп ене отырып, мемлекеттің саяси-мәдени кеңістігінің қалыптасуына әсер етті. Алтын Орда мен Мысыр мәмлүктері арасындағы дипломатиялық байланыстардың дмуы да исламдық ортақтықтың саяси қатынастарды нығайтудығы маңызн көрсетті. Қазіргі Қазақстанның мұсылман мемлекеттерімен саяси, экономикалық және әлеуметтік байланыстарының кеңіюін осы тарихи дипломатиялық қарым-қатынастардың тарихи жалғасы деп бағалауға болады. Діни білімнің түркі тіліне аударылып, діни сауаттылықтың қарапайым халыққа өз ана тілінде жеткізілуі де дін мен дәстүрдің бір-бірімен байланысын сақтауға әсер етіп, діни бұрмаланулардың азаюына әсер етті.

Жалпы алғанда, мақалада Алтын Орда дәуіріндегі исламдану үдерісі мен қазіргі Қазақстан аумағындағы ислмның таралуы арасыннда тарихи, мәдени және дүниетанымдық сабақтастықтың бар екенін айқындалып, оны қазіргі қазақ қоғамындағы діни сананың қалыптасу ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін маңызды ғылыми бағыт деп тұжырымдауға болады.

Алғыс

Бұл ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің жобасы негізінде қаржыландырылды (Грант AP26104327 «Дінаралық диалогты қолдау және жалпыұлттық бірлікті нығайту үшін жасанды интеллект алгоритмін әзірлеу: діни мәтіндерді талдау алгоритмдері және мәдени өзара әрекеттесу платформасын құру»).

Авторлар үлесі

Ағабаев Алихан: түпнұсқа қарапайым нұсқасын жазу, әдістеме, визуализация, редакциялау.

Балтымова Мира Рашидқызы: зерттеудің тұжырымдамасын жасау, редакциялау және сыни шолу.

Байжұма Самет: ғылыми әдебиеттерді талдау, деректерді сәйкестендіру және жүйелеу.

Ташагил Ахмет: түпкілікті қайта қарау, мазмұнын тиісті сілтемелермен жетілдіру.

Әдебиеттер

Galimov, T. R. (2023). VII International Golden Horde Forum “The Civilizational Significance of the Islam adoption by the Volga Bulgaria and the Golden Horde: Integration Processes in the Medieval history of Russia”. *Golden Horde Review*, *11*(1), 242-246. http://dx.doi.org/10.22378/2313-6197.2023-11-1.242-246

Karibayev, B. B. (2021). Алтын Орда тарихына Тәуелсіздік түрғысынан жаңаша көзқарас. *Journal of History-Rus*, *101*(2), 4-13. https://doi.org/10.26577/JH.2021.v101.i2.01

Malikov, A. M. (2023). Some features of the Islamic Culture of Khwarezm in the Golden Horde Era. *Golden horde review*, *11*(4), 817-833. https://doi.org/10.22378/2313-6197.2023-11-4.817-833

Schamiloglu, U. (2021). Reflections on the Islamic Literature of the Golden Horde: On the Occasion of the Publication of the Qalandar-nāme. *Золотоордынское обозрение*, (2), 264-271. http://dx.doi.org/10.22378/2313-6197.2021-9-2

Shingiray I. (2018). *An Islamicate body: A case study of a nomadic burial from the core territory of the Golden Horde.* Revue des mondes musulmans et de la Méditerranée. October. Vol. 143 (La Horde d‘Or et l‘islamisation des steppes eurasiatiques). [Электронды ресурс] https://journals. openedition.org/remmm/10777 (қаралым күні: 02.12.2025).

Zilivinskaya, E. D. (2023). Islam and survivals of pre-islamic beliefs in the Golden Horde on the materials of architectural funeral structures. *Golden horde review*, *11*(4), 758-783. https://doi.org/10.22378/2313-6197.2023-11-4.758-783

Абзалов, Л. Ф., Гатин, М. С., Мустакимов, И. А., & Почекаев, Р. Ю. (2022). «Дастур ал-катиб» как источник по истории государства, права и канцелярской культуры Золотой Орды (на примере ярлыка о назначении Эмира улуса). *Золотоордынское обозрение*, *10*(4), 770-798. doi: 10.30759/1728-9718-2026-1(90)-151-159

Абылов, Т. (2021). Алтын Ордада ислам дінінің таралуына әсер еткен факторлар. *Journal of History-Rus, 100*(1), 96-104. https://doi.org/10.26577/JH.2021.v100.i1.011

Абылов, Т. Т., Муталиев, М. К., & Казмуханов, Р. М. (2025). Алтын орда мен мәмлүк мемлекеті арасындағы қарым-қатынастардағы діннің рөлі. *Asian Journal "Steppe Panorama"*, *12*(3), 696-708. https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_3_696-708

Адилов, А. Ж. Культура и быт казахского этноса по Шокану Валиханову. *Қазақстан-менің отаным*, 479.

Әлжан, Қ. (2025). Ж. Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы «Әділеттілік» қағидасының саяси-әлеуметтік деңгейде толғанылу ерекшеліктері. *Адам әлемі*, *103*(3), 19-28. https://doi.org/10.48010/aa.v103i3.791

Бартольд, В. В. (1964). *Место домусульманского культа в Бухаре и ее окрестностях.* Соч. в 9-и томах. Том II, ч. 2.

Греков, Б. Д., & Якубовский, А. Ю. (1950). *Золотая Орда и ее падение.* Богородский печатник.

Кубденова, Г. Б., & Малбаков, М. М. (2023). Лексико-семантические группы в языке памятников письменности эпохи золотой орды. *Tiltanym*, *92*(4), 56-65. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-4-56-65

Кызыке Л., Озкул Ч., Кенжегулов Н. (2023) Алтын Ордада сопылық ілімінің таралуы және оның рухани құндылықтары. *Адам әлемі*. *96*(2), 159-167. https://doi.org/10.48010/2023.2/1999-5849.17

Миргалеев, И. М. (2025). Сведения о Золотой Орде в "Салтук-наме" османского автора Эбул-хайры руми. *Золотоордынское обозрение*, *13*(1), 129-135. http://doi.org/10.22378/2313-6197.2025-13-1.129-135

Заңәділұлы, З. & Сайфунов, Б. (2025). Учение Ясауи как государственная идеология Золотой Орды (На основе китайских исследований). *Вестник ЗКУ*, *97*(1), 285-285. https://doi.org/10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.97(1).25

Сайфетдинова, Э. Г. (2019). Исламизация Золотой Орды по сведениям средневековых арабских источников. *Золотоордынское наследие*, *12*(3), 57-62. https://doi.org/10.31162/2618-9569-2019-12-3-689-702

Ситдиков А.Г., Хузин Ф.Ш. (2023). Ислам в археологии Хазарии, Волжской Булгарии и Золотой орды. *Золотоордынское наследие*. (5), 9-15. Казань.

Тимохин, Д. М. (2021). Сочинение Джузджани Табакат-и Насири как источник по истории Хорезма. *Труды Института востоковедения РАН*, (30), 258-277. DOI: 10.31696/2587-9502-2021-30

Тулибаева, Ж. М. (2021). Извлечения по истории Золотой Орды из "Шаджарайи турк ва мугӯл". *Gumilyov Journal of History*, *3*(136), 133-146. https://doi.org/10.32523/2616-7255-2021-136-3-133-146

References

Abylov, T. (2021). Altyn Ordada islam dınınıñ taraluyna äser etken faktorlar [Factors that influenced the spread of Islam in the Golden Horde]. *Journal of History-Rus,. 100*(1), 96-104. https://doi.org/10.26577/JH.2021.v100.i1.011 (in Kazakh)

Abylov, T. T., Mutaliev, M. K., & Kazmuhanov, R. M. (2025). Altyn orda men Mämlük memleketı arasyndağy qarym-qatynastardağy dınnıñ rölı [The role of religion in relations between the Golden Horde and the Mamluk state.]. *Asian Journal "Steppe Panorama", 12*(3), 696-708. https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_3_696-708 (in Kazakh)

Abzalov, L. F., Gatin, M. S., Mustakimov, İ. A., & Pochekaev, R. İu. (2022). "Dastur al-katib" kak istochnik po istorii gosudarstva, prava i kanselärskoi kültury Zolotoi Ordy (na primere iarlyka o naznachenii Emira ulusa) ["Dastur al-katib" as a source on the history of the state, law and clerical culture of the Golden Horde (on the example of the label on the appointment of the emir of the ulus)]. *Zolotoordynskoe obozrenie*, *10*(4), 770-798. doi: 10.30759/1728-9718-2026-1(90)-151-159. (in Russian)

Adilov, A. J. Kültura i byt kazahskogo etnosa po Şokanu Valihanovu [Culture and way of life of the Kazakh ethnic group according to Shokan Valikhanov]. *Qazaqstan-menıñ otanym,* 479. (in Russian)

Äljan, Q. (2025). J. Balasağūnnyñ «Qūtty bılık» dastanyndağy "Ädılettılık" qağidasynyñ saiasi-äleumettık deñgeide tolğanylu erekşelıkterı [Features of reflection of the principle of "Justice" at the political and social level in the saga "Kutty shaft" by J. Balasagun]. *Adam älemı*, *103*(3), 19-28. https://doi.org/10.48010/aa.v103i3.791. (in Kazakh)

Bartöld, V. V. (1964). *Mesto domusülmanskogo külta v Buhare i ee okrestnostäh* [A place of pre-Muslim worship in Bukhara and its surroundings]. Soch. v 9-i tomah. Tom II, ch. 2. (in Russian)

Galimov, T. R. (2023). VII International Golden Horde Forum "The Civilizational Significance of the Islam adoption by the Volga Bulgaria and the Golden Horde: Integration Processes in the Medieval history of Russia". *Golden Horde Review,* 11(1), 242-246. http://dx.doi.org/10.22378/2313-6197.2023-11-1.242-246

Grekov, B. D., & İakubovski, A. İu. (1950). *Zolotaia Orda i ee padenie [*The Golden Horde and its fall*]*. M.: «Bogorodski pechatnik». (in Russian)

Karibayev, B. B. (2021). Altyn Orda tarihyna Tauelsizdik turqysynan zhanasha kozqaras [A New Perspective on the History of the Golden Horde from an Independence Point of View]. *Journal of History-Rus*, *101*(2), 4-13. https://doi.org/10.26577/JH.2021.v101.i2.01 (in Kazakh)

Kubdenova, G. B., & Malbakov, M. M. (2023). Leksiko-semanticheskie gruppy v iazyke pamätnikov pismenosti epohi zolotoi ordy [Lexico-semantic groups in the language of written monuments of the Golden Horde era]. *Tiltanym*, *92*(4), 56-65. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-4-56-65(in Russian)

Kyzyke L., Ozkul Ch., Kenjegulov N. (2023) Altyn Ordada sopylyq ılımınıñ taraluy jäne onyñ ruhani qūndylyqtary [The spread of Sufi teaching in the Golden Horde and its spiritual values]. *Adam älemı*. *96*(2), 159-167. https://doi.org/10.48010/2023.2/1999-5849.17. (in Kazakh)

Malikov, A. M. (2023). Some features of the Islamic Culture of Khwarezm in the Golden Horde Era. *Golden horde review, 11*(4), 817-833. https://doi.org/10.22378/2313-6197.2023-11-4.817-833

Mirgaleev, İ. M. (2025). Svedenia o Zolotoi Orde v "Saltuk-name" osmanskogo avtora Ebul-hairy rumi [Information about the Golden Horde in the Saltuk-nam by the Ottoman author Ebul-khaira Rumi.]. *Zolotoordynskoe obozrenie*, *13*(1), 129-135. http://doi.org/10.22378/2313-6197.2025-13-1.129-135 (in Russian)

Zanadiluly, N., & Saifunov, B. (2025). Uchenie İasaui kak gosudarstvennaia ideologia Zolotoi Ordy (Na osnove kitaiskih issledovani) [Yasawi's teaching as the state ideology of the Golden Horde (Based on Chinese studies)]. *Vestnik ZKU*, *97*(1), 285-285. https://doi.org/10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.97(1).25 (in Russian)

Saifetdinova, E. G. (2023). İslamizasia Zolotoi Ordy po svedeniam srednevekovyh arabskih istochnikov [The Islamization of the Golden Horde According to Medieval Arab Sources]. *Zolotoordynskoe nasledie*, 57-62. DOI: 10.21779/2077-8155-2022-13-1-25-32. (in Russian)

Schamiloglu, U. (2021). Reflections on the Islamic Literature of the Golden Horde: On the Occasion of the Publication of the Qalandar-nāme. *Zolotoordynskoe obozrenie*, (2), 264-271. http://dx.doi.org/10.22378/2313-6197.2021-9-2

Shingiray I. (2018). *An Islamicate body: A case study of a nomadic burial from the core territory of the Golden Horde.* Revue des mondes musulmans et de la Méditerranée. 2018, October. Vol. 143 (La Horde d'Or et l'islamisation des steppes eurasiatiques). [Elektrondy resurs] https://journals. openedition.org/remmm/10777 (qaralym künı: 02.12.2025).

Sitdikov A.G., Huzin F.Ş. (2023) İslam v arheologii Hazarii, Voljskoi Bulgarii i Zolotoi ordy [Islam in the archeology of Khazaria, Volga Bulgaria and the Golden Horde]. *Zolotoordynskoe nasledie*. (bb. 9-15). (in Russian)

Пірге рабыта жасаудың XIV ғасырдан кейінгі эволюциясында нақшбандия тариқатының рөлі ерекше. Нақшбандия тариқатының негізін салушы Бахауддин Нақшбандтың (қ.ж. 1389) ізбасары Мұхаммед Парсадан (1348-1420) жеткен дерек бойынша, пірі Бахауддин Нақшбанд қажылық сапарында оған өзіне рабыта жасауын және бейнесін (бет-әлпетін) елестетіп, көз алдында сақтауын насихат еткен (Сафи, 1977, 102 б.). Бұл жерде Бахауддин Нақшбанд пірге рабыта жасағанда пірді ойлау, оның бейнесін елестету туралы ашық айтқан. Міне, осы мағлұмат нақшбандия тариқатында пірге рабыта жасаудың маңызды орын иеленуіне себеп болған. Осылайша пірге рабыта жасағанда пірдің бейнесін елестету керектігі нақшбандия тариқатында насихаттала бастаған. Бірақ, алғашында пірдің бейнесін ойлау немесе елестету арқылы рабыта жасау туралы айтылса да, нақты қай жерін ойлау немесе елестету керектігі туралы анық айтылмаса керек. Бұл туралы алғаш нақшбандия тариқатының белгілі өкілі Убайдулла Ахрар (қ.ж. 1490) айтқан. Оның айтуынша, рабыта жасаған кезде пірдің бейнесін көз алдында тұтып, екі қасының ортасын ойлау керек (Сафи, 1977; Дихлауи, 1988). Өйткені екі қастың ортасы сопылар арасында фәйз орны ретінде аталған (Tosun, 2022, 345 б.). Убайдулла Ахрар баласы Мұхаммед Яхияға рабыта жасауды насихат еткен. Бірде Мұхаммед Яхия әкесінің уағызында отырып, «рабыта жасаған кезде бет-жүзіне ме, әлде көзіне тәуажжуһ (назар аудару) етем бе» деп ойлайды. Сол кезде Ахрар оған қарап, сұқ саусағымен екі қасының ортасын көрсетеді және уағыз тарап, екеуі бірге қалған кезде рабыта жасаған кезде пірдің екі қасының ортасына назар аудару, сол жерді ойлау керектігін айтқан (Сафи, 1977, 587 б., Дихлауи, 1988, 180 б.). Осылайша пірге рабыта жасаған кезде пірдің екі қасының ортасына назар салу туралы түсінік қалыптасады. Алайда кейбір деректерде Убайдулла Ахрарға пірі Яқуб Чәрхи (қ.ж. 1447) нақшбандия тариқатының тағылымы мен тәртібін үйреткен кезде рабытаны кез келген мүридке емес, белгілі дәрежеге жеткен және рабытаға қабілетті мүридтерге ғана үйретуді ескерткендігі жазылған (Сафи, 1977). Осы дерек бойынша, рабытаның XIV-XV ғасырда кез келген мүридке емес, арнайы мүридтерге ғана ұсыныс етілетін әдіснама ретінде қолданылғанын түсінуге болады. Өйткені рабыта, таным-түсінігі әлсіз немесе толық емес мүридтер арасында басқаша түсінік пен теріс әрекетке себеп болу ықтималы бар (Tosun, 2022). Алайда уақыт өте келе рабыта жалпы тариқатқа кіріп, сопылық жолына бастаған мүридтерге үйретілетін әрі жасалуы олардан талап етілетін маңызды әдіснамаға айналған (Cebecioğlu, 2005).

Убайдулла Ахрардың мүридтері Нүреддин Ташкенди мен Мәуланазаде Фарқати арасында намазға тұрған кезде де рабыта жалғаса бере ме, жоқ әлде тоқтатыла ма деген тақырыпта пікірталас туындаған. Фарқати, намаз оқып тұрғанда рабытаны жалғастыру дұрыс еместігін, тіпті күпірлікке түсіретінін айтады. Сонда оны естіген Убайдулла Ахрар: «Намаз оқып тұрғанда жүрегі мал-мүлік секілді дүниелік нәрселерге байлаулы тұратын және оны ойлаған адам кәпір болмайды, ал сонда жүректі бір мүминге байлау күпірлікке қалай себеп болсын?» – деп қарсылық білдіреді (Сафи, 1977, 636-637 б.). Осы жерде Убайдулла Ахрардың намазда да пірге рабытаны жалғастыра беруге болады дегенін түсінуге болады. Өйткені адам пенденің Алланың затын толық ойлауы қиын, оған адамның әлеуеті жетпейді, болмысы да оған сай емес. Адам – шектеулі, Алла – шексіз. Сол себепті намаз үстінде Алланың сипаттарын ойлап, өзін пірмен, ізгі құлдармен біргемін, олармен бір қатарда тұрмын, Кәғбада тұрмын деп ойлауы немесе пайғамбардың артында тұрмын деп елестетуі әрине құлшылығын сезініп, саналы жасауына әсерлі болуы мүмкін. Сондықтан бірқатар шариғат ғалымдары құлшылық үстінде Алланың ұлық есімдері мен шексіз сипаттарын ойлап, Алламен байлануды, сонымен қатар басқа уақытта пайғамбарды, ізгі жандарды, өлімді, қабірді, қияметті ойлап, елестетуге, рабыта жасауға тыйым салмаған. Бірақ, бұл өте нәзік мәселе, әсіресе адам мен қандай бір затқа рабыта жасауда, теріс түсіну мен қате сенімге

ұрынудан немесе басқа әрекеттерге ауытқудан сақтану қажет (Tosun, 2022). Сол себепті намазға бастарда және намазды аяқтаған соң рабыта жасау насихат етілген. Ал намаз үстінде рабыта жасау күпталмаған (Selvi, 2016; Мұстафа Фәузи, 1906). Өйткені исламда құлшылық тек қана Аллаға жасалады. Сондықтан нақшбандия тариқатының кейбір машайықтары осындай теріс түсінік пен ауытқудан сақтану үшін, пірді ойлауды/елестетуді күп көрмеген. Бұл туралы Фахруддин Али әс-Сафидің «Усул әл-Нақшбандия» атты еңбегінде: «Нақшбандия машайықтарының кейбірі пірге рабыта жасаудың орнына, «Алла» және «лә иләһә иллаллаһ» сөздерінің жазылуын ойлауды/елестетуді насихат еткен. Мүридтер қаласа бұл сөзді сыртта бір жерде жазулы түр деп, қаласа жүрегінде жазулы түр деп ойласын. Өйткені мұндай тәуажжуһтың мақсаты, хауатирды (дүниеге қатысты түрлі ойды) жою деген... Сондай-ақ Ибраһим Әдһамның (қ.ж. 778) силсиләсін жалғастырған кейбір дәруіштер, бастапқыда қандай бір тасқа, кірпішке немесе қандай бір затқа тәуажжуһ (ойды жинақтау үшін бір нәрсеге назар аудару) жасайтын. Сөйтіп олар хауатирын (дүниеге байланған шашыраңқы ойларын) көңілдерінен шығарып, ойы мен назарын мақсатына қарай жинақтайтын және рухани шабытқа келетін», – деп келтіреді (Сафи, ж.ж., №968/69b-70a).

Сопылықта рабыта көбінде тәуажжуһқа, яғни ойды жинақтауға, назарды белгілі бір нүктеге аударуға, концентрация болуға және пірден немесе пір арқылы фәйз (нұр, құт, берекет) алуға қатысты жасалатын әрекет. Осылайша пір мен мүрид арасында рухани байланыс орнайды және мүридке рухани өзгеріс енеді. Сондықтан кейбір деректерде, рабыта жасау сопылық жолының басында, яғни тариқатқа кірген кезде ғана қажетті, ал жүрегімен Аллаға бет бұрып, өздігінен байлана алатын дәрежеге жеткен мүрид үшін қажетсіз, тіпті масиуа (Аллаға жақындауға кедергі) ретінде қарастырылған (Tosun, 2007). Нақшбандия тариқатының мужәддидия тармағының негізін салушы Имам Раббани (1564-1624), рабытаны зікірден әсерлі құрал ретінде сипаттаған (Rabbani, 2009). Оның көзқарасы бойынша, тариқат жолына түскен мүрид рабыта арқылы рухани өзгеріске еніп, тезірек кемелденеді. Тәуажжуһ – пірдің мүридіне рухани назар салуы, жүрегіне әсер етуі, фәйз беруі, рухани өзгеріс енгізуі және мүридтің де пірінің руханиятынан пайдалану үшін піріне назар аударып, көңілін махаббатпен оған байлауы, пірден келетін руханиятты қабылдауға ашылуы дегенді білдіреді (Uludağ, 2012) Рабыта туралы арнайы еңбек қалдырған нақшбандия-халидия тариқатының өкілі Абдулхаким Аруаси (1865-1943) Алладан тікелей фәйз алуға деңгейі жетпейтін саликтің (сопылық жолында ілім алушы) рабытаға мұқтаждығы барын, кейін ол Алладан тікелей фәйз алатын деңгейге көтерілген кезде рабытаны тәрк ету уәжіп екенін, жалпы дәнекерсіз тікелей Алла Елшісінен немесе Алладан фәйз алуға қабілеті бар, руханияты жететін мүридке рабыта қажет емес екенін айтқан (Arvasî, 1974). Сонымен қатар тағы да нақшбандия-халидия тариқатының өкілі Мұхаммед Хани (1798-1862), сопылық жолына түскен мүридтің тікелей Алладан фәйз алатын дәрежеге жеткенге дейін піріне рабыта жасау керектігін, ал Алладан тікелей фәйз алатын дәрежеге жеткен кезде рабытаны тәрк ету керектігін, бірақ пірді жақсы көруді жалғастыра беретінін айтқан (Hani, 2016). Алайда мүридтің ондай дәрежеге жеткенін кім анықтайтыны және ондай дәреженің шарттары туралы айтылмаған. Олай болса пірге рабыта жасаудың қашанға дейін жалғасып, қашан тоқтатылатыны, пір мен оған қол берген мүрид арасында анықталады деген сөз. Осы тұрғыдан рабыта мүридтің рухани дәрежесіне байланысты үш сатыда қарастырылған:

1. Жаңа бастаған (мубтәди) мүридтің рабытасы. Тариқатқа кіріп, рухани сапарға бастаған сопы пірге рабыта жасайды, яғни әрдайым пірінің алдында отырғандай әдеп сақтап, пірін әрдайым өзімен бірге деп ойлайды және пірі өзін әрдайым бақылап отыр деп есептейді. Тіпті ұйықтағанда да пірі жанында деп елестетеді. Мұндай рабыта «фәна фиш-шейх», яғни «шейхте пәни болу/жойылу, бәрін ұмытып, әрдайым шейхпен бірге, шейхтің құзырында елестету» деп те аталады. Бұл жерде пірдің басты міндеті пайғамбар мен Алланы танытып, Алла мен пайғамбарға деген махаббатын ояту.

2. Жол ортасындағы (мутауассит) мүридтің рабытасы. Бұл, пайғамбарға жасалатын рабыта, яғни рухани сапарда біраз жол алып, ортаға келген сопының өзін әрдайым Мұхаммед пайғамбардың алдында тұрғандай, ерекше әдеппен мұқият әрекет етуі және пайғамбардың моральдық сипаттарымен сипаттануға тырысуы арқылы орындалады. Мұндай дәрежеге жеткен сопы «фәна фиш-шейх» мәртебесінен өтіп, «фәна фир-расул», яғни «барлығын ұмытып, рухани тұрғыда тек қана пайғамбармен бірге болу» мәртебесіне көтерілген болады.

3. Рухани сапарын аяқтап, соңғы межеге жеткен (мунтәһи) сопының рабытасы. Соңғы межеге, яғни усул (Алламен бірге болу) мақа-

мына жеткен сопы тек қана Аллаға рабыта жасайды. Бұл рабыта, әрдайым Алланың құзырында сезіну және сол сезіммен әрекет ету арқылы орындалады. Бұл, рабытаның ең кемел түрі. Мұндай рабыта «фәна филлаһ» мәртебесі ретінде аталады. Фәна филләһ – Аллаға толық байланып, әрдайым Алланың құзырында екенін және өзін Алласыз ештеңе еместігін сезіну мәртебесі (Gündüz, 1984; Türer, 1998).

Сопылық таным бойынша, махаббат арнап, жүрекпен байланатын үш назар нүктесі бар. Осы тұрғыдан үш түрлі рабыта бар:

1. Табиғи рабыта: Кез келген адамның отбасы, баласы және жақындарына деген махаббаты, жүрегінің оларға байлаулылығы. Бұл – қалыпты жағдай, әр адамда болатын сезім.

2. Жағымсыз рабыта: Қандай бір адамға сұлулығы, байлығы, атақ-мансабы секілді ерекшеліктері себепті жақсы көріп, махаббат арнауы және жалпы дүниеге жүректен орын беру. Бұл – дін ұсыныс етпейтін, жағымсыз рабыта.

3. Үлы рабыта: Алла мен пайғамбарына деген махаббат, жүректің оған байлануы немесе Алла жолында пайғамбардың ізін жалғастырушы ізгі құлдардың бірін хақ жолы мен ізгілігі себепті жақсы көру, оған деген махаббат. Бұл – сенім, иман, хақ пен хақиқат негізді рабыта. Сондықтан бұл – ең үлы рабыта ретінде әрі «махаббат рабытасы» ретінде де аталады (Қадири, 1962).

Рабытаның діни тұрғыдан рұқсат екенін алға тартатын және рабытаны қорғайтындардың келтірген дәлелдері келесідей:

Рабытаны мақұлдаушы сопылар рабытаның негізі Құран мен сүннетте бар деп есептейді. Сонымен қатар ижма мен қияс арқылы және мәзһаб ғалымдарының сөздерінен дәлелдер келтіреді. Сондай-ақ кейінгі кезеңде психологиялық дәлелдер де алға тартылған. Сопылар жалпы түсініктері мен әрекеттерінің барлығын Құран немесе сүннет-хадис арқылы дәлелдендіреді. Бірақ, аяттар мен хадистерді көбінде ишари тәпсірлеу арқылы түсінеді. Рабытаға келтірілген дәлелдерге тоқталар болсақ, рабытаны қорғаушы тариқат өкілдері ең әуелі төмендегі аяттар мен хадистерді дәлел ретінде келтіреді:

1. «Уа, иман келтіргендер! Сабырлы болыңдар, сабырда табанды болыңдар, байланыста (рабытада) болыңдар...», – делінген (Әкімханов & Анарбаев, 2015, 76 б.). Осы аятта рабыта ұғымы кездеседі. Сонымен қатар рабыта ұғымы Құранда Әнфал сүресінің 11-аяты, 60-аяты; Кәһф сүресінің 14-аяты; Қасас сүресінің 10-аятында да кездеседі.

2. «Уа, иман келтіргендер! Алладан қорқыңдар және турашылдармен бірге болыңдар!» (Әкімханов & Анарбаев, 2015, 206 б.). Нақшбандия тариқаты өкілдері осы аяттағы «бірге болыңдар» сөзін жүрекпен рухани бірге болуға қатысты тәпсірлеген. Мысалы, нақшбандия тариқатының көрнекті өкілі Убайдулла Ахрар (қ.ж. 1490): «Бұл жердегі бірге болу, әрдайым бірге болуды білдіреді. Ал әрдайым бірге болу тек қана рабыта арқылы орындалады», – деп түсіндірсе (Бағдади, 1998, 25 б), Мұстафа Фәузи (1871-1924): «Аятта жүрекпен бірге болу туралы айтылған. Денелей бірге болса да жүрекпен бірге болмаған адам жақын байланыста алмайды», – деген (Мұстафа Фәузи, 1906, 29 б.).

3. «Уа, иман келтіргендер! Алладан қорқыңдар, Оған (жақындауға) дәнекер (уәсила) іздеңдер һәм Оның жолында аянбай күресіңдер, сонда (екі дүниеде де) мақсат-мұраттарыңа жетесіңдер» (Әкімханов & Анарбаев, 2015, 113 б.). Тариқат өкілдері бұл аяттағы «дәнекер (уәсила) іздеңдер» деген әмір Алла Елшісіне (с.а.с.) немесе кемел мүршидке байлануды, оған рабыта жасауды білдіреді деп тәпсірлеген (Arvasî, 1974; Мұстафа Фәузи, 1906).

Рабытаны мақұлдаушы әрі қорғаушы тариқат өкілдері осы және т.б. Құран аяттарын дәлел ретінде келтіреді. Ал рабытаға қатысты дәлел ретінде келтірілген хадистерге келер болсақ, келесідей:

1. «Амалдар ниетке байланысты, әркім ниетінің қарымын алады...» (Имам Нәуәуи, 2011, 12). Осы хадисті Хусейін әд-Дәусәри рабытаға дәлел ретінде келтірген. Оның көзқарасынша, амалдар денелей және жүрекпен орындалады. Кім дінде мубах саналатын қандай бір әрекет пен ой арқылы Аллаға ғибадат әрі тақуалыққа ниет етсе, ойлағанын орындай алмаса да оған ниетіне қарай сый-сауап беріледі. Ал ойлағанын орындаса мол сый-сауапқа қол жеткізеді (Дәусәри, 1898).

2. «Мен сендерге өзінен, ата-анасынан, балаларынан және жалпы адамдардан да ұнамды болмайынша, кәміл иманға жете алмайсыңдар». Рабытаны қорғаушы сопылар Бұхариде келген осы хадисте айтылған талаптың рабыта арқылы орындалатынын алға тартады. Мысалы, Кушадалы Ибраһим (1774-1846), пайғамбарға деген махаббат шын мәнінде рабыта арқылы орындалатынын айтса (Selvi, 2016), Мұстафа Фәузи (1871-1924) рабытаның шын мәнінде махаббаттан тұратынын, пайғамбарды жақсы көру, Алланы жақсы көру екенін, ал рабыта осы махаббатты жүзеге асыратынын айтқан (Мұстафа Фәузи, 1906).

3. «Екі мүминнің рухы бір күндік қашықтықта жолығып, танысады. Негізінде олар бір-бірін көрмеген еді». Рабытаны қорғаушылар Бұхариде келген осы хадисті, рабыта кезінде пірдің рухы келетініне дәлел ретінде келтірген (Dursun, 2021).

4. «Сендердің ең жақсыларың – көрген кезде Алланы еске түсіретіндерің» (Ибн Мажә, Зуһд, 4). Ибн Мажәде келген осы хадистегі Алланы еске түсіріп тұратындарды сопылар: «Алланың достары» деп түсінген және оларды көру не бас көзімен, не көкірек көзімен болады. Көкірек көзімен көру – рабыта деп есептеген (Selvi, 2016).

Міне, рабытаны қорғаушы тариқат өкілдері осы және осы негіздегі т.б. бірқатар хадистерді рабытаға дәлел ретінде келтіреді. Рабытаны мақұлдаушы кейбір тариқат өкілдері еңбектерінде рабытаны тәуассулдың аясына кіретінін айтып, тәуассулге қатысты хадистерді де рабытаға дәлел ретінде келтірген.

Рабытаны қорғаушылар рабытаның сопылықта ижмамен мақұлданғанын айтып, рабытаға қияс арқылы да дәлел келтіруге тырысқан. Мысал, Халид Бағдади (1779-1827) рабытаны Аллаға жетуге дәнекер (уәсила) болатын нәрселермен қияс жасап, пірге рабыта жасаудың діни тұрғыдан рұқсат екенін айтқан. Оның көзқарасынша, тек қана дәнекерді мақсатқа айналдыруға болмайды. Дәнекерді мақсатқа айналдыруға жол ашатын рабыта дұрыс рабыта емес, яғни пірді асыл мақсатқа айналдыруға болмайды (Bağdâdî, 2010). Хусейін әд-Дәусәри қияс жасау арқылы мынадай дәлел келтірген: «Фақиһтар намаз оқығанда көздің табиғи өлшемдерден (алдыға қараудан) ауытқымауын сүннет санаған және ол ойды жинақтап, назарды тек қана бір нәрсеге аударуға көмектесетінін түсіндірген. Сол сияқты рабыта да басқаларға бөлінген ойды жинақтап, хузур әкеледі» (Дәусәри, 1898, 538 б.). Сонымен қатар мынадай қиястар да айтылған: «Кітаптардағы Мұхаммед пайғамбарды сипаттаған риуаяттар, пайғамбарды тануға көмектесіп, оған деген сүйіспеншілікті қалай арттырса, рабыта да сол сияқты қызмет атқарады. Кітаптарда дұға жасаған кезде уәсуасаларды жою үшін кейбір нәрселерді ойға алу, оған назар аудару керектігі насихат етілген. Сол сияқты рабыта да көмектеседі» (Dursun, 2021, 101 б.). Міне, қияс арқылы осы және осы негізде дәлелдер келтірілген.

Рабытаға психологиялық түрғыда дәлел келтірушілер, рабыта адамда, адам болмысында болатын табиғи құбылыс екенін, сол себепті оған басқа дәлел келтіріп қажет емес екенін және рабыта адамды рухани тәрбиелеуге қатысты психологиялық әдіснама екенін алға тартқан (Taşpınar, 2010). Мысалы, Омар Зияуддин Дағыстани (1850-1920) рабытаның сүйіспеншілікке, еліктеп, ұқсауға үлкен әсері барына тоқталып, мүрид рабыта арқылы пірімен, пайғамбармен, Алламен рухани байланыс құрып, өзі жалғыз болса да олардың құзырында түрғандай әрдайым әдеп сақтайтындығын, олардан фәйз алуға назар аударатындығын және түрлі қате, күнә, жағымсыз әрекеттерден бойын аулақ ұстауға тырысатындығын айтқан. Оның көзқарасынша, нағыз рабыта – осы (Dağıstânî, 1986, 152 б.). Сонымен қатар оған ғалымдардың көзқарастары мен сөздерінен де дәлелдер келтіруге тырысқан. Мысалы, бұл жөнінде Ибн Тәмия (1263-1328) махаббаттың әсерін түсіндіргенде, шын махаббаттың Аллаға арналу керектігін, Алламен қатар басқа ешкімді ол дәрежеде жақсы көруге болмайтындығын, жақсы көру тек Алла үшін болу керектігін, ал Алла үшін жақсы көру – Алланы жақсы көрудің аясына кіретінін айтқан. Сол себепті Ибн Тәймия Алла үшін Мұхаммед пайғамбарды, бұрынғы пайғамбарларды және олардың асхабы ізгілерді жақсы көріп, жүректе оларға деген махаббат болса, ол адамды Алланы жақсы көруге апаратынын түсіндірген (Ибн Тәймия, 1995). Сондықтан рабытаны қорғаушылар Ибн Тәймияның осы көзқарасын рабытаға психологиялық дәлел ретінде көрсетуге тырысқан. Бірақ, бұл жерде Ибн Тәймия пірге рабыта жасау туралы айтпаған.

Рабытаны қорғаушылар белгілі мәзһаб ғалымдарының сөздері мен көзқарастарынан да дәлелдер келтірген. Бұл жөнінде рабытаға қатысты алғаш арнайы еңбек жазған Халид Бағдади (1779-1827) өзінің еңбегінде бірқатар мәзһаб ғалымдарының сөздері мен көзқарастарын рабытаға дәлел ретінде келтірген. Мысалы, ханафи мәзһабының фиқһ ғалымы Әкмалуддин Бабарти (қ.ж. 1384) «Шәрхул-мәшариқ» атты еңбегінде: «Кім түсінде мені көрсе, ояу кезінде де мені көреді. Шайтан менің бейнеме ене алмайды», – деген Бұхарида келген хадиске түсіндірме жасағанда адаммен ояу әрі үйқы кезінде байланыс құрудың бес жолы барын, бұл жолдардың махаббатпен қуаттана түсетінін айтқан. Оның көзқарасынша, кім осы бес жолды меңгерсе, қайтқан рухтармен байланыс құра алады (Bağdâdî, 2010, 29 б.). Негізінде бұл ақпарат тек қана Халид Бағдадидің еңбегінде емес, одан бұрын өмір сүрген Суюти, Журжани секілді басқа да белгілі дін ғалымдарының еңбектерінде, олардың түсіндірмелерінде де жазылған. Журжанидің (қ.ж. 1413) «Мәуақиф» атты еңбегінің түсіндірмесін-

де, қайтыс болғаннан кейін де әулиенің бейнесінің мүридтерге көрінуі және мүридтердің одан фәйз алуы мүмкін екені жазылған (Журжани, 1998). Ал Ғазали (қ.ж. 1111) намазда әттахият дұғасын оқып «әссәламу ғаләйкә әйюһаннәбию» (уа, пайғамбар саған сәлем болсын) деген кезде, пайғамбардың жанында түрғандай ойлау керектігін насихат еткен (Ғазали, 1989).

Нәтижелері және талқылама

Сопылықтағы рабытаның генезисі мен эволюциясына қарайтын болсақ, қазіргі мағынадағы рабыта түсінігі мен тәжірибесі сопылықтың басында және алғашқы кезеңінде қолданыста болмағанына, бірақ уақыт өте келе тариқаттарда дамығанына куә боламыз. Рабыта түсінігі мен тәжірибесінің дамуы XIV ғасырдан бастап нақшбандия тариқатында, әсіресе XVIII ғасырда нақшбандия тариқатының бір тармағы халидия тариқатында ерекше орын алған. Сондай-ақ рабытаға қатысты анықтамалардың көбі нақшбандия тариқатының өкілдері тарапынан айтылып, рабыта туралы еңбектер де нақшбандия тариқаты өкілдері тарапынан жазылған. Сондықтан рабыта тұтас сопылықтағы емес, көбінде нақшбандия тариқатына тән әдіснамалардың бірі ретінде танылады. Сонымен қатар рабыта түсінігі мен тәжірибесі жалпы болмаса да қадырия, рыфағия, халуәтия, чиштия, шазалия, шағрания секілді бірқатар басқа тариқаттарда да қолданылған.

Рабытаға қатысты сындарға келер болсақ, рабыта түсінігі мен тәжірибесі XVIII ғасырдан бері көптеген талас пен тартысқа арқау болған және оған қатысты пікірталастар рабытаны мақұлдаушылар мен қарсыластары арасында әлі жалғасуда. Тіпті пікірталастар тек қана сын деңгейінде емес, кейде діни түрғыда айыптап, жазғыратын деңгейге дейін барады. Рабыта жасауға қатысты түсініктер мен тәжірибелер кейінгі кезеңде қазақ қоғамында сопылықты негізге алатын кейбір діни жамағаттар арасында да насихатталып жүр. Осы құбылысқа байланысты қазақ қоғамында да сұрақтар мен пікірталастар туындауда.

Мұсылмандар арасында бұрын рабытаны сынға алушы, терістеуші кейбір көзқарастар болса да XVIII ғасырға дейін рабытаға қатысты қатаң сын-сөгіс пен айыптаулар және талас-тартыс болмаса керек. Өйткені XVIII ғасырдан бұрын рабытаға қатысты талас-тартыс жазылған арнайы еңбектер кездеспейді. Бұл жерде XVIII ғасырға дейін рабытаға қатысты қате түсініктер мен әрекеттер болмағанын немесе болса да жұртқа кең тарамағанын ойлауға болады. Ал XVIII ғасырдан бастап қазіргі сәләфилік-уәһһабиліктің негізін салушы Мұхаммед ибн Абдулуәһһаб (1703-1792) пен ізбасарлары тариқаттардағы рабытаны және жалпы сопылықтағы көптеген түсініктерді қатаң сынға алып, ширктікпен, күпірлікпен айыптаған. Сонымен қатар жалпы әһлі сүннет ғалымдары және сопылық өкілдері арасында да рабытаға қатысты талас-тартыстар туындаған. Екі жақ та өз дәлелдерін келтіруге тырысқан. Рабытаға қатысты сындар мен таластар алғаш нақшбандия тариқатының халидия тармағының негізін салушы Халид Бағдадидің (1779-1827) түсында басталған. Оны осы түстан бастап рабытаға айтылған сындар мен рабытаны қорғау үшін арнайы жазылған еңбектерден көруге болады (Dursun, 2021, 108 б.). Мысалы, XIX ғасырда Үндістандағы нақшбандия тариқатының өкілі болған, кейін діни-саяси қозғалыс ретінде құрылған Мұхаммедия тариқатының негізін салушы Ахмед Шәһид Бирилуи (1786-1831) мен Үндістандық дін ғалымы Сыддиқ Хасан Хан Каннаужи (1832-1890) және Ыстанбұлдық Хафыз Сейид Хожа сынды бірқатар тұлғалар рабытаны сынға алған (Tosun, 2007, 378 б.).

Рабытаны сынға алушы Каннаужи (1832-1890), Үндістандық белгілі ислам ғалымы әрі нақшбандия тариқатын ұстанушы Шах Уәлиуллаһ Дихлауидің (1703-1763) «әл-Қаулул-жәмил» атты кітабында рабытаны анық қайтарғанын айтқан. Сонымен қатар ол, Шах Уәлиуллаһ Дихлауидің үрпағы белгілі дін ғалымы Мұхаммед Исмайыл әд-Дихлауидің (1779-1831) «Сиратулмустақим» атты кітабында «рабыта – ширк» деп айтқанын келтірген және рабытаның Құран мен сүннетте негізі жоғын, рабытаны өзінше сопылық ұстанған дүмшелер құрастырған жағымсыз бидғат екенін айтқан (Сыддиқ, 2007, 511-512 б.). Бірақ, бұл жерде Шах Уәлиуллаһ Дихлауидің рабытаға қатысты көзқарастарын тұтас қарастырған дұрыс. Өйткені ол рабыта үшін пірдің шынымен Аллаға жақын, өте ықыласты, Алланың өлшемдерінен ауытқымайтын (бәқа биллаһ мақамындағы) әулие болу керектігін де айтқан. Сондай-ақ ол, мүрид пірдің алдында сұхбатында отырғанда пірдің екі көзінің ортасына қарап фәйз алатынын, сол сияқты пірден бөлек кезде де пірінің бейнесін көз алдында жандандырып, махаббатпен, құрметпен еске алуының мүридке жақсы әсер ететінін айтқан. Осылайша Шах Уәлиуллаһ Дихлауидің көзқарасынша, пірдің бейнесін еске алу, сұхбаты-насихаты сияқты пайдалы болады (Дихлауи, 1988).

XIX ғасырда өмір сүрген Хафыз Сейид Хожа рабытаны ауқымды сынға алып, тариқаттарда

кейін қалыптасқан рабытаның бидғат әрі ширк екенін және пұтқа табыну дәстүріне ұқсайтынын айтқан. Оның көзқарасынша, кейінгі кейбір надан сопылар исламда орны жоқ рабыта түрлерін пайда болдырған. Сонымен қатар ол сопылықтағы рабыта атаулыға қарсы емес екенін, яғни дәстүрлі махаббат рабытасы мен рухани рабытаны сынға алмағанын айтқан. Бірақ, ол парыз болсын, уәжіп болсын, сүннет болсын кез келген ғибадатпен, зікірмен бірге пірге рабыта жасауды қатаң сынға алып, оған Құраннан Тәубе сүресінің 31-аяты, Бақара сүресінің 22-аяты секілді бірнеше аяттарды дәлел ретінде келтірген және ғибадат, зікір кезінде пірге рабыта жасауды ширк санаған. Оның көзқарасынша, мүридтің ғибадат кезінде Аллаға жету үшін пірінің бейнесін ойлап, оны көз алдында жандандыруы – пұтқа табынуға жатады. Сейид Хожа, нақшбандия тариқаты өкілдерінің кейбірі: «Рабыта – намаз бен зікірде пірдің бейнесін ойлау емес, рабыта – рухани байланыс пен махаббат», – деп айтқанын, дұрысы да осы екенін айтып, рабыта арқылы намазда жүрекке келген уәсуаса жойылады деген көзқарасты терістеген. Өйткені оның пайымынша, ол иманның белгісі, кәпірдің жүрегіне уәсуаса келмейді, шайтан кәпірмен әуре болмайды, ол мүминді азғыруға тырысады. Зікірде де солай, өйткені зікір Аллаға құлшылық мақсатымен жасалады. Сондықтан зікір салған кезде пірдің бейнесін ойлау, көз алдында жандандыру да теріс түсінік және ширкке жатады. Сондай-ақ ол, рабытаға қатысты Журжани, Бабарти, Хайтами, Шағрани қатарлы ғалымдарға сілтеме жасалынған деректерді жоққа шығарған, ал кейбір риуаяттарды махаббат немесе рухани рабытаға қатысты түсіну керектігін алға тартқан. Сонымен қатар Сейид Хожаның айтуынша, нақшбандия тариқаты өкілдері арасында рабытаға қатысты үш түрлі көзқарас бар. Оның біріншісі – намаз бен зікірде пірдің бейнесін ойлап, елестетуге болады деп есептейтіндер әрі оны жасайтындар, екіншісі – намазда пірге рабыта жасауға болмайды, зікірде жасауға болады дейтін әрі оны жасайтындар, үшіншісі – намазда әрі зікірде де пірге рабыта жасауға болмайды дейтіндер және құлшылық кезінде пірге рабыта жасамайтындар. Сейид Хожа осы үшеуінің алғашқы екеуі теріс екенін, ал үшіншісінің шариғат шеңберінде екенін айтқан (Seyyid, 1885; Dursun, 2021).

Сын айтушылардың көбі рабытаны бидғат санаса, кейбірі бидғат әрі ақидаға қайшы, тіпті ширк ретінде айыптаған (Dursun, 2021). Тіпті рабытаны сынға алушы Түркиялық Ферит Айдын (1945) секілді кейбір зерттеушілер, рабытаның тариқат өкілдеріне үнді мистицизмінен жұққанын, рабытаны қорғаушы Халид Бағдади брахманизммен синтезделген ислам түсінігін таратушы екенін және оның ең айқын дәлелі рабыта екенін айтқан (Aydın, 2000). Сонымен қатар рабытаны толық қайтарып, айыптамастан, тек қана пірдің бейнесін ойлап, оны көз алдында жандандыруға қатысты рабытаны қайтарып, оны Аллаға жақындауға жетелейтін сенімді әдіснама санамағандар да бар (Ateş, 1992). Кейбір сынға алушылар, әсіресе сәләфи-уәһһабилік өкілдері рабытаны тариқатта орындалатын ғибадаттың бір түрі ретінде атаған. Бірақ, ғибадат Құран мен сүннет арқылы бекітілетінін, ал рабытаның Құран мен сүннетте орны жоғын айтып, Алла үшін жасалған әрекет ғибадат саналатынын, ал пір үшін жасалған әрекет ширк екенін алға тартқан. Жалпы рабытаны мақұлдамайтындар, рабытаға дәлел ретінде келтірілген аяттар мен хадистерді рабытаға дәлел бола алмайтынын айтқан. Олардың көзқарасынша, тариқаттардағы қазіргі рабытаға дәлел болатын аят пен хадис жоқ (Dursun, 2021).

Осы сын-сөгіс пен айыптауларға рабытаны мақұлдаушы әрі қорғаушылар, әсіресе нақшбандия-халидия тариқаты өкілдері қарсылық білдіріп, рабытаның дінге қайшы әрекет емес екенін түсіндіруге және дәлелдеуге тырысқан. Осы мақсатта еңбектер жазылған. Рабытаны қорғау мақсатында алғаш еңбек жазушылардың басында Халид Бағдадиді (1779-1827) атауға болады. Оның рабытаға қатысты арнайы жазған еңбектері қазірге дейін сақталған және қазір қолжетімді. Олардың көзқарасынша, рабытаны сынға алып, айыптаушылардың көзқарасы қате және келтірген дәлелдері дұрыс емес. Рабытаны қорғаушылардың түсіндірмесінше, пірге рабыта жасау ислам ақидасына қайшы емес. Мысалы, XX ғасыр дін ғалымдарының бірі, нақшбандия тариқатының өкілі Мехмед Фәузи Ефенді (1826-1900) рабытаның бидғат та, ширк те емес екенін, өйткені рабыта ықыласты мүридтердің Аллаға жету үшін қолданған жолы екенін және сахабалар да рабыта жасағанын айтып, түрлі түсіндірмелер мен дәлелдер келтірген (Fevzi, 2016).

Нақшбандия-халидия тариқатының өкілі Мұстафа Фәузи (1871-1924), рабыта жасаушылар мүмин екенін, ешбір мүрид пірді құдай санамайтынын, рабытаны мақұлдаған қаншама көрнекті дін ғалымы барын, олар түрғанда бірқанша адамның рабытаны жоққа шығаруы орынсыз екенін, рабытаны айыптаушы Сейид Хожаның мүшріктерге қатысты түскен аятты мүминдерге қатысты

өз әуейімен тәпсірлеп, қателескенін айтып, мүминнің халін жақсылыққа балау керектігіне, бірден куфрлікпен айыптауға болмайтынына, бірден куфрлікпен айыптайтындар буквалист харижилер екеніне тоқталған (Мүстафа, 1906). Хусейін әд-Дәусәри болса, рабытаның Алла мен Елшісі тарапынан тікелей әмір етілген іс емес екенін, сондай-ақ уәжіп немесе мүстахаб та емес екенін, сопылық өкілдерінен ешкім олай айтпағанын, ешкім олай міндеттемегенін, мүридке рабыта ұсыныс етілгенде, мүридтің оны жасап-жасамау ісінде еркін екенін, егер орындаса жақсы болатынын, орындамаса тек қана әдептердің бірін тәрк еткен болатынын айтқан (Дәусәри, 1898).

Рабытаны қорғаушылардың айтуынша, рабыта – айыптаушылар айтқандай ғибадат емес. Ол – пір пен мүрид арасындағы сүйіспеншілік пен жақындыққа және фәйз алуға себепкер болатын әдіснама. Мысалы, ата-анасын немесе жарын жақсы көретін кісінің оны ойлайтыны сияқты адамдық хал. Сондықтан кейбір сопылар рабытаны «пірге деген шынайы махаббат» ретінде сипаттаған және рабытада пірдің бейнесін елестету үшін арнайы әрекет жасаудың қажеті жоқ екенін, арада махаббат болса жеткілікті екенін түсіндірген. Сондай-ақ арасында жақындық пен махаббат болған кісінің оны ойлауы, бейнесін көз алдында елестетуі табиғи әрі психологиялық құбылыс екенін және рабытаны, яғни пірді көз алдына елестетіп, оны ойға алудың өзіндік пайдасы мен мәні барын айтқан (Tosun, 2007). Рабытаны қорғаушылар пірді елестетудің пайдасы мен мәніне қатысты Құрандағы Юсуф пайғамбардың оқиғасын дәлел ретінде келтірген. Бұл оқиға бойынша, Юсуф пайғамбарға уәзірдің әйелінің көңілі ауып, өзін ұсынған кезде Юсуф пайғамбар да сәл кідіріп барып, бас тартқан. Бұл туралы Құранда: «Егер Раббысының бурһанын (айқын дәлелін) көрмегенде, бәлкім Юсуфтың көңілі де оған ауар еді. Оны жамандық пен арсыздықтан алыстату үшін осылай істедік», – делінген (Әкімханов & Анарбаев, 2015, 238 б.). Міне, осы жерде Юсуфқа көрінген бурһан (айқын дәлел) туралы тәпсірлерде түрлі түсіндірмелер бар. Соның бірі Юсуф әкесі Якуб пайғамбарды есіне алды, әкесі көзіне елестеді, әкесі көрінгесін бірден бас тартты деген түсіндірме.

Рабытаға дәлел ретінде келтірілген Құран аяттары мен хадистерге келер болсақ, шын мәнінде аяттар мен хадистерде тариқаттарда, әсіресе нақшбандия тариқатында қолданылған рабыта туралы анық айтылмаған. Олар, аяттар мен хадистерді ишари мағынмен тәпсірлеп, рабытаға дәлел ретінде көрсеткен. Сондықтан рабытаны мақұлдамайтындар рабытаға қатысты дәлел ретінде көрсетілген аяттар мен хадистердің рабытаға дәлел бола алмайтынын айтады. Негізінде сопылықтың алғашқы және орта кезеңдерінде кейінгідей рабыта түсінігі мен тәжірибесі анық болмағандықтан рабытаға дәлел ретінде келтірілген хадистер бұрынғы сопылық әдебиеттерде онша кездеспейді. Бірақ, XVI ғасырдан кейін әсіресе нақшбандия тариқаты тармақтарында рабытаны қорғау және дәлелдендіру мақсатында бірқатар аяттар мен хадистер ишари мағынамен тәпсірленіп, рабытаға дәлел ретінде қолданыла бастаған. Алайда дәлел ретінде келтірілген хадистердің бірқатары рабытаны қуаттайтын мағынада емес, сондай-ақ бірқатары әлсіз немесе тоқыма риуаяттар (Yıldırım, 2009). Рабытаға дәлел ретінде келтірілген сенімді хадистердің көбі Алла үшін жақсы көруге қатысты. Сондықтан рабытаны мақұлдаушылар, еңбектерінде Алла үшін жақсы көрген адамның оны ойлайтынын, яғни ол рабыта түріне жататынын, сол себепті мүридтің пірін жақсы көруі осы негізде екенін айтқан (Dursun, 2021).

Қорытынды

Мақаламызды қорытындылайтын болсақ, XIX ғасырға дейін рабытаға қатысты аса бір сын-сөгіс болмаған. Өйткені нақшбандия тариқатының алғашқы кезінде мүридтің ақыл-ойы мен қиялдау қабілетінің бір жерге шоғырлануы үшін пірге рабыта жасауы туралы айтылып, рабыта жасалса да рабытаға қатысты аса егжей-тегжейлі түсініктер мен рабыта түрлері болмаған. Бірақ, XIX ғасырда нақшбандия тариқатының халидия тармағының негізін салушы Халид Бағдади (1779-1827) және халидия тариқаты өкілдері арқылы рабытаға қатысты егжей-тегжейлі түсініктер айтылып, рабытаның бұрынғыдан өзгеше тәжірибесі қалыптасқан. Әрине, одан бұрында рабыта түсінігі болған, бірақ XIX ғасырда рабытаға қатысты туындаған сын-сөгістер себепті рабыта жайлы егжей-тегжейлі түсініктер айтылып, түрлері ашық баяндалған. Сол себепті XIX ғасырдан бастап рабытаға қатысты діни түрғыдан сын-сөгістер мен пікір-таластар өрбіген.

Рабыта – өте нәзік мәселе. Мақсаты, ниеті, мәні айқын емес және мақсаты мен тәртібіне сай емес жасалған рабыта, мүридтің ширкке ауытқуына, құпия ширкке түсуіне жол ашуы мүмкін. Өйткені пірге рабыта жасап жүріп, пірге шектен тыс ерекшеліктер мен сипаттар жарастырып, әр нәрсені пірден күтетіндер болған. Діни сенім

түрғысынан бұл өте қауіпті әрекет әрі адасу. Сол себепті сопылықты көп мақұлдай бермейтін, оны сынға алатындар, ең көп рабытаны сынға алып, қатаң айыптаған (Aynî, 1922). Рабытаны мақұлдамайтын көзқарастағылар, әсіресе сәләфи-уәһһабилік өкілдері рабытаны ширк ретінде қатаң сынаған (Aydın, 2000). Алайда рабытаны сынға алушы немесе айыптаушылардың да көзқарасы бейтарап емес, тіпті біржақты екенін айта кеткен жөн. Мұны олардың сындары мен келтірген дәлелдерінен байқауға болады.

Рабытаны бидғат санау үшін рабытаның ғибадат түріне жатуы керек. Рабытаны сынға алушы немесе айыптаушылардың көбі рабытаны ғибадат ретінде қарастырған. Бірақ, рабытаны мақұлдаушы немесе қорғаушы сопылық өкілдері, рабытаның ғибадат түріне жатпайтынын, ол тек қана нәпсіні тәрбиелеу және Аллаға жақындау жолында қолданылатын әдіснамалардың бірі екенін алға тартқан. Ал рабытаны ширк санап, куфрлікпен айыптауға келер болсақ, ол мұсылман үшін өте ауыр. Өйткені ширк пен куфрлік ісінде ең маңызды анықтаушы – ниет, яғни ол адамның ниетінде Аллаға тән сипатты басқа бір жаратылысқа жарастыру немесе жоққа шығару болуы керек. Сол себепті пірге рабыта жасаушыларды пірді Алламен теңдестірді немесе Алланың орнына қойды деу ауыр айыптауға жатады. Өйткені сопы болсын-болмасын кез келген мұсылманның асыл мақсаты – Аллаға ортақ қоспау, Алланы бір деп білу және Аллаға жақындау. Негізінде рабытаны сынға алушы немесе қайтарушылар, пірге рабытада пірді дәнекер (уәсила) емес, мақсатқа айналдыру қаупі барын, тіпті көптеген рабыта жасаушылардың солай ауытқығанын айтқан (Dursun, 2021). Сонымен қатар рабытаны басқа діни сенімдердің немесе басқа митицизмнің әсерінен туындады немесе көшіріп алды деу, сөйтіп пұтқа табыну санау да орынды емес. Өйткені исламның өзінде де рабытаға қатысты факторлар жоқ емес, бар. Исламдағы қандай бір ритуалды немесе түсінікті, басқа діндегі немесе мистицизмдегі ұқсастықтарға қарап, соның әсерінен туындады немесе көшіріп алды деу бейтарап әрі ғылыми көзқарас емес. Өйткені нақты тарихи, ғылыми дәлелдері анықталмайынша, тек қана ұқсастықтар дәлел бола алмайды.

Рабытаны айыптаушылар, рабытаға қатысты дәлел ретінде келтірілген аят-хадистерді рабытаға дәлел бола алмайтынын, ол аят-хадистердің рабытаға қатысы жоғын, ол мағынада түсіну немесе тәпсірлеу дұрыс емес екенін айтқан. Бірақ, олардың рабытаны айыптау, қайтару үшін келтірген аят-хадистер де тікелей рабытаны жоққа шығаратын аят-хадистер емес, олар да өз түсініктері бойынша мағына беріп, дәлел ретінде келтірген. Рабытаны айыптаушылар, көбінде рабытаны алдымен ғибадат түрі ретінде қарастырған, содан кейін пірге рабытаны – пірге табыну ретінде айыптаған. Жалпы алғанда рабытаны сынға алушылардың барлығы рабытаны тұтас жоққа шығармаған. Кейбірі тек қана пірге рабытаны және зікір, намаз секілді ғибадат үстінде рабыта жасауды айыптаған. Сондай-ақ рабытаны қайтарушыларға қарағанда, қорғаушылардың дәлелдері әлдеқайда ауқымдырақ әрі күштірек екенін айтуға болады. Сопылыққа оң көзбен қарайтын немесе сопылықпен байланысы бар көптеген дін ғалымдары рабытаны қайтармаған және мақұлдаған. Сондықтан сопылықтағы рабыта түсінігі мен түрлерін тұтас жоққа шығару қиын. Әрине, рабытаның эволюциясы барысында пайда болған қате түсініктер мен теріс әрекеттер болса, оны да жан-жақты қарастырып, исламның негізгі сүзгісінен өткізген дұрыс. Ал рабытаны мақұлдайтын әрі қорғайтындар, рабытаның негізі Құран мен хадисте барын, алғашқы мұсылмандардан бастап жалпы сопылықта рабыта барын, қолданылғанын, сол себепті рабытаның ислам ақида-шариғатына қайшы емес екенін, ешқандай бидғат, ширк, куфр емес екенін, пұтқа табынуға жатпайтынын алға тартып, өз дәлелдерін келтіреді. Осылайша рабытаға қатысты қарама-қайшы көзқарастар мен таластар әлі жалғасуда.

Алғыс

Бұл мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Қазақстандағы дәстүрлі ислам: ғылыми-тәжірибелік негіздері мен дамыту жолдары» атты бағдарламалық-нысаналы ғылыми жобасы аясында қаржыланды (Грант № BR24993035).

Авторлар үлесі

Бұлан Жоламан: зерттеу жүргізу, әдістеме әзірлеу, тұжырымдама жасау, мақаланың бастапқы нұсқасын жазу және мәтіннің соңғы нұсқасын редакциялау.

Ажимов Бекжан: бақылау жүргізу, талдау жасау, деректерді өңдеу.

Қазмұқанов Ринат: сыни шолу жасау, пікір білдіру, дереккөздермен толықтыру.

Құрманәлиев Мақсат: сыни шолу жасау, нәтижелерді тексеру, мәтінді редакциялау.

Әдебиеттер

Arvasî, E. A. (2010). *Rabıta-i Şerife*. Büyük Doğu Yayınları.

Ateş, S. (1992). *İslâm Tasavvufu*. Yeni Ufuklar Neşriyat.

Aydın, F. (2000). *Râbıta ve Nakşibendilik*. Süleymaniye Vakfı Yayınları.

Aynî, M. A. (1922). *Tasavvuf Tarihi*. Dâru'l-Fünûn İlahiyat Fakültesi Talebe Cemiyeti Neşriyatı.

Bağdâdî, M. H. (2010). *Halidiyye Risalesi*. Semerkand Yayınları.

Cebecioğlu, E. (2005). *Tasavvuf Terimleri ve Deyimleri Sözlüğü*. Anka Yayınları.

Dağıstânî, Ö. Z. (1986). *Tasavvuf ve Tarikatlarla İlgili Fetvalar*. Seha Neşriyat.

Dursun, A. (2021). Râbıtanın Tarihî Gelişimi, Tanımı ve Fıkhî Hükmü. Sufiyye, 10, 83-129. https://doi.org/10.46231/sufiyye.958793

Eraydın, S. (2011). *Tasavvuf ve Tarikatlar*. İFAV Yayınları.

Fevzi Efendi, M. (2016). *Rabıtanın Hakikati – Aynü'l-Hakîka fî Râbıtati't-Tarîka*. Semerkand Yayınları.

Gündüz, İ. (1984). *Gümüşhanevi Ahmed Ziyaüddin (k.s.): Hayatı-Eserleri-Tarikat Anlayışı ve Halidiyye Tarikati*. Seha Neşriyat.

Gündüz, İ. (2007). Tasavvufî Bir Kavram Olarak Râbıta. *Tasavvuf: İlmî ve Akademik Araştırma Dergisi*, 8(19), 23–53. https://doi.org/10.15370/muifd.35465

Hânî, M. b. Abdullah. (2016). *el-Behcetü's-Seniyye fî Âdâbi't-Tarîḳati'l-Aliyyeti'l-Hâlidiyyeti'n-Nakşibendiyye*. Hakikat Kitabevi.

Pakiş, Y. el-Abbas el-Hâşimî. (1997). *Râbıta Risâlesi*. Buhara Vakfı.

Rabbani (2009). *Mektûbât-ı Rabbanî* (Vols. 1–3). Semerkand Yayınları.

Ramazanoğlu, M. S. (1984). *Musâhebe* (Vols. 1–6). Erkam Yayınları.

Selvi, D. (2016). *Tasavvuf Metodu Olarak Rabıta*. Semerkand Yayınları.

Seyyid Hoca, H. (1885). *Şerhü Risâle ibtâli'r-râbıta*. Manisa İl Halk Kütüphanesi, Akhisar Zeynelzade, 45 Ak Ze 1518/1, 1b–8a.

Sühreverdî (2013). *Avârifü'l-Meârif: Gerçek Tasavvuf*. Semerkand Yayınları.

Taşpınar, K. (2010). *Tasavvufta Mürşid Rabıtası*. R.T. Erdoğan Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü.

Tosun, N. (2007). *Rabıta. Türkiye Diyanet Vakfı İslam Ansiklopedisi* (Vol. 34, pp. 378–379). TDV Yayınları.

Tosun, N. (2022). *Hoca Bahâeddin Nakşbend ve Tarikatı (XII–XVII. Asırlar): Hâcegân Yolu*. Erkam Yayınları.

Türer, O. (1998). *Anahatlarıyla Tasavvuf Tarihi*. Seha Neşriyat.

Uludağ, S. (2012). *Tasavvuf Terimleri Sözlüğü*. Kabalcı Yayınevi.

Yıldırım, A. (2009). *Tasavvufun Temel Öğretilerinin Hadislerdeki Dayanakları*. TDV Yayınları.

Әбу Нуайм әл-Исфаһани. (1988). *Хилиятул-әулие уә табақатул-асфия*. Дарул-кутубул-ғилмия.

Әкімханов, А.Б., & Анарбаев, Н.С. (2015). *Құран Кәрім қазақша түсіндірмелі аударма*. Көкжиек баспасы.

Бағдади, Х. (1998). *әр-Рисаләтул-халидия фир-рабыта ән-нақшбандия*. Дарун-нуғман.

Бағдади, Х. (ж.ж.). *Рисале фир-рабыта*. Milli Kütüphane, Yazmalar Koleksiyonu, 6129/9.

Бути, М. С. Р. (1995). *Һазә уалиди: әл-Қиссатул камилә ли-хаятиш-шейх Мулла Рамазан әл-Бути мин уиладәтиһи ила уәфатиһ*. Дарул-фикр.

Гейлани, А. (1973). *Футухул-ғайб*. Баспасы жоқ.

Ғазали, Ә. Х. (1989). *Ихия-у улумид-дин*. Дарул-мағрифа.

Дәусәри, Х. (1898). *әр-Рахматул-хабита фи тахқиқир-рабыта*. Баспасы жоқ.

Дихлауи, Ш. У. (1988). *Кәлиматус-садиқин*. Баспасы жоқ.

Дихлауи, Ш. У. *әл-Қаулул-жәмил шифаул-алил*. Мәктабату Рахания.

Журжани, С. Ш. (1998). *Шәрхул-мәуақиф*. Дарул-кутубил-ғилмия.

Зәбиди (2005). *Тажул-арус мин жәуаһирул-қамус* (Vols. 1–20). Дарул-фикр.

Ибн Манзур (1993). *Лисанул-Араб* (Vols. 1–18). Дару садр.

Ибн Тәймия (1995). *Мәжмуғул-фәтәуа*. Мәжмәуғул-мәлик.

Имам Нәуәуи (2011). Хадистер жинағы (риядус-салихин). «Көкжиек-Б» баспасы.

Искендари, И. А. (1933). *Мифтахул-фәлах уә мисбахул-әруах*. Матбағатус-сағада.

Касани, А. (ж.ж.) *Адабус-саликин*. Ыстанбұл университеті кітапханасы, FY, №649, vr. 45a.

Касани, А. (ж.ж.) *Нәфахатус-саликин*. Ыстанбұл университеті кітапханасы, FY, №649, vr. 131b.

Кубра, Н. (1985). *Рисале уләл-хаимил-хаиф мин ләуматул-лаим*. Сазмани интишарати кәйхан.

Кубра, Н. (1993). *Фәуаихул-жәмал уә фәуатихул-жәлал*. Дару суғад әс-сабах.

Курди, М. Ә. (1991). *Тәнуирул-қулуб*. Дарул-қалам.

Қадири, И. Х. (1962). *Мәдаријжул-хақиқа фир-рабыта гиндә әһлит-тариқа*. Александрия.

Мұстафа Фәузи (1906). *Китаб-ы исбатул-мәсалик фи рабытатис-салик*. Баспасы жоқ.

Наблуси (2008). *Мифтахул-магия фи тариқин-нақшбандия*. әд-Дарул-жәудия.

Сафи, Ф. (1977). *Рашахат айнул-хаят* (Vols. 1–2). Баспасы жоқ.

Сафи, Ф. (ж.ж.). *Усул әл-нақшбандия*. Bibliotheque Nationale, Supplement Persan №968, vr. 57a–73a.

Сыддиқ Хасан Хан, Ә. Т. (2007). *әт-Тажул-мукәллал мин жәуаһири мәгасирит-тиразил-ахири уәл-әууел*. Уәзаратул-әуқаф.

Reference

Abu Nuaym al-Isfahani (1988). *Hiliyatul-awliya wa tabaqatul-asfiya* [The Mysteries of the Saints and the Degrees of the Chosen Ones]. Darul-kutubul-ilmiya. (in Arabic)

Arvasî, E. A. (2010). *Rabıta-i Şerife* [Rabita Sharif]. Büyük Doğu Yayınları. (in Turkish)

Atesh, S. (1992). *İslâm Tasavvufu* [Islamic Sufism]. Yeni Ufuklar Neşriyat. (in Turkish)

Aydın, F. (2000). *Râbıta ve Nakşibendilik* [Rabita and Naqshbandiya]. Süleymaniye Vakfı Yayınları. (in Turkish)

Aynî, M. A. (1922). *Tasavvuf Tarihi* [History of Sufism]. Dâru'l-Fünûn İlahiyat Fakültesi Talebe Cemiyeti Neşriyatı. (in Turkish)

Bagdadi, Kh. (1998). *Ar-Risalatul-khalidiya fi rabita an-naqshbandiya* [The Khalidiya Treatise of the Naqshbandiyya Order]. Darun-nugman. (in Arabic)

Bagdadi, Kh. (n.d.). *Ar-Risala fi rabita* [Treatise of Khalidiya]. Ulttyq kitapkhana qolzhazbalar qory/Milli Kütüphane, Yazmalar Koleksiyonu. (in Arabic)

Bağdâdî, M. H. (2010). *Halidiyye Risalesi* [Treatise of Khalidiya]. Semerkand Yayınları. (in Turkish)

Buti, M. S. R. (1995). *Haza walidi: al-qissatul-kamila li hayatish-sheikh Sheikh Mulla Ramadan al-Buti min walidatihi ila wafatih* [This Is My Father: The Complete Story of Sheikh Mulla Ramadan al-Buti's Life from Birth to Death]. Darul-fikr. (in Arabic)

Cebecioğlu, E. (2005). *Tasavvuf Terimleri ve Deyimleri Sözlüğü* [Dictionary of Sufi Terms and Idioms]. Anka Yayınları. (in Turkish)

Dağıstânî, Ö. Z. (1986). *Tasavvuf ve Tarikatlarla İlgili Fetvalar* [Fatwas on Sufism and Tariqahs]. Seha Neşriyat. (in Turkish)

Dausari, Kh. (1898). *Ar-Rahmatul-khabita fi tahqiqir-rabita* [Verification of the Place of Mercy and the Rabita]. (n.d.). (in Arabic)

Dihlavi, Sh. U. (1988). *Kalimatus-sadiqin* [Words of the Faithful]. (in Arabic)

Dihlavi, Sh. U. (n.d.). *al-Qaulul-zhamil shifaul-alil* [Great Healing Kind Word]. Maktabatu rahaniya. (in Arabic)

Dursun, A. (2021). *Râbıtanın Tarihî Gelişimi, Tanımı ve Fıkhî Hükmü* [Historical Development of Rabita, Definition and Its Hukm According to Fiqh]. Sufiyye, 10, 83–129. (in Turkish) https://doi.org/10.46231/sufiyye.958793

Eraydın, S. (2011). *Tasavvuf ve Tarikatlar* [Sufism and Tariqats]. İFAV Yayınları. (in Turkish)

Fevzi Efendi, M. (2016). *Rabıtanın Hakikati* [The Truth of Rabita]. Semerkand Yayınları. (in Turkish)

Gazali, A. Kh. (1989). *İhya-u ulumid-din* [Revival of Religious Sciences]. Darul-magrifa. (in Arabic)

Geylani, A. (1973). *Futuhul-gayb* [The Unveiling of the Unseen]. (in Arabic)

Gündüz, İ. (1984). *Gümüşhanevi Ahmed Ziyaüddin (k.s.): Hayatı-Eserleri-Tarikat Anlayışı ve Halidiyye Tarikati* [Gumushanevi Ahmed Ziyauddin (k.s.): His Life, Works, Tariqat Understanding and Khalidiya Tariqa]. Seha Neşriyat. (in Turkish)

Gündüz, İ. (2007). *Tasavvufî Bir Kavram Olarak Râbıta* [Rabita as a Sufi Concept]. Tasavvuf: İlmî ve Akademik Araştırma Dergisi, 8(19), 23–53. (in Turkish) https://doi.org/10.15370/muifd.35465

Hânî, M. A. (2016). *el-Behcetü's-seniyye fî âdâbi't-ṭarîḳati'l-aliyyeti'l-Hâlidiyyeti'n-Nakşibendiyye* [Values in the Great Naqshbandi-Khalidiya Order]. Hakikat Kitabevi. (in Arabic)

İbn Manzur (1993). *Lisanul-Arab* [Arabic Language]. Darus-sadr. (in Arabic)

İbn Taimiya (1995). *Mazhmugul-fatawa* [Fatwa Collection]. Mazhmaugl-malik. (in Arabic)

İmam Navaui (2011). *Hadister zhinagy* (riyadus-salihin) [Collection of Hadiths]. «Kokzhiek-B» baspasy. (in Kazakh)

İskendari, İ. A. (1933). *Miftahul-falah wa misbahul-arwah* [The Key to Salvation and the Light of the Spirits]. Matbagatus-sagada. (in Arabic)

Kasani, A. (n.d.). *Adabus-salikin* [The Manners of the Salik]. Istanbul University Library. (in Arabic)

Kasani, A. (n.d.). *Nafakhatus-salikin* [Breath of the Saliks]. Istanbul University Library. (in Arabic)

Kubra, N. (1985). *Risale ilel-haimil-khaif min levmetil-laim* [The Treatise of İlel-Haimil-Haif from Levmetil-Laim]. Sazmani intisharati keyhan. (in Persian)

Kubra, N. (1993). *Fevaihul-cemâl ve fevatihul-celal* [The Fragrances of Beauty and the Openings of Majesty]. Daru sugad as-sabah. (in Persian)

Kurdi, M. A. (1991). *Tanuirul-qulub* [The Light of Hearts]. Darul-qalam. (in Arabic)

Mustafa Fevzi (1906). *Kitab isbatul-masalik fi rabitatis-salik* [The Rabita of Salik and the Clarification of the Path]. (in Arabic)

Nablusi (2008). *Miftahul-magiya fi tariqin-naqshbandiya* [The Key to the Secret of the Naqshbandi Order]. Darul-zhaudiya. (in Arabic)

Pakish, Y. A. H. (1997). *Râbıta Risâlesi* [Treatise of Rabita]. Buhara Vakfı. (in Turkish)

Qadiri, İ. Kh. (1962). *Madarizhul-haqiqa fir-rabita ginda ahlit-tariqa* [The True Path of Rabita in the Tariqa]. (in Arabic)

Rabbani (2009). *Mektûbât-ı Rabbanî* [The Letters of Rabbani] (Vols. 1–3). Semerkand Yayınları. (in Turkish)

Ramazanoglu, M. S. (1984). *Musâhebe* [Holy Friend] (Vols. 1–6). Erkam Yayınları. (in Turkish)

Safi, F. (1977). *Rashahat ainul-hayat* [Drops Dripping from the Fountain of Life]. (in Persian)

Safi, F. (n.d.). *Usul al-Naqshbandiyya* [Naqshbandi Methodology]. Bibliotheque Nationale. (in Persian)

Selvi, D. (2016). *Tasavvuf Metodu Olarak Rabıta* [Rabita as a Sufi Method]. Semerkand Yayınları. (in Turkish)

Seyyid Hoca, H. (1885). *Sherhu Risâle İbtâli'r-Râbıta* [Commentary on the Risale-i İbtâli'r-Râbıta]. Manisa İl Halk Kütüphanesi, Akhisar Zeynelzade, 45 Ak Ze 1518/1, 1b–8a. (in Arabic)

Suhreverdî. (2013). *Gerçek Tasavvuf* [True Sufism]. Semerkand Yayınları. (in Turkish)

Syddiq Hasan Han, A. T. (2007). *At-Tajul-muqallal min jawahiri magasirit-tirazil-ahiri wal-awwel* [A Crown Adorned with the Jewels of the First and Last Masters]. Uazaratul-auqaf. (in Arabic)

Tashpınar, K. (2010). *Tasavvufta Murshid Rabıtası* [Rabita of the Murshid in Sufism]. R.T. Erdoğan Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü. (in Turkish)

Tosun, N. (2007). *Rabıta. Türkiye Diyanet Vakfı İslam Ansiklopedisi* [Türkiye Religious Foundation Islamic Encyclopedia]. TDV Yayınları. (in Turkish)

Tosun, N. (2022). *Hoca Bahâeddin Nakshbend ve Tarikatı (XII–XVII. Asırlar): Hâcegân Yolu* [Khoca Bahaeddin Naqshband and His Order (12th–17th Centuries): The Way of Khajagan]. Erkam Yayınları. (in Turkish)

Turer, O. (1998). *Anahatlarıyla Tasavvuf Tarihi* [History of Sufism in Outlines]. Seha Neşriyat. (in Turkish)

Uludağ, S. (2012). *Tasavvuf Terimleri Sözlüğü* [Dictionary of Sufi Terms]. Kabalcı Yayınevi. (in Turkish)

Yıldırım, A. (2009). *Tasavvufun Temel Öğretilerinin Hadislerdeki Dayanakları* [The Basis of the Fundamental Teachings of Sufism in Hadiths]. TDV Yayınları. (in Turkish)

Zabidi (2005). *Tazhul-arus min zhavahirul-qamus* [Tajul-Arus min Jawahirul-Qamus Dictionary]. Darul-fikr. (in Arabic)

Zhurzhani, S. Sh. (1998). *Sharhul-mavaqif* [Commentary on the Mavaqif]. Darul-kutubul-ilmiya. (in Arabic)

Zhandosova, S. M. (2025). Securitization of religion in Central Asia: Balance between national security and freedom of religion. *Journal of Philosophy, Culture and Political Science*, *91*(1), 140–153. https://doi.org/10.26577/IRILJ113120267

Zhandossova, S., Seitakhmetova, N., & Nurov, M. (2025). Religious policy of Kazakhstan: Mechanisms for managing the Islamic environment amid post-Soviet transformation. *Frontiers in Political Science*, *7*, 1606705. https://doi.org/10.3389/fpos.2025.1606705

Information about the authors:

Zhakypbay, Zhadyra Bakytkulkyzy (corresponding author) – PhD student of the Department of Religious Studies of the Faculty of Islamic Studies, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan, e-mail: zhakypbay_zhadyra@mail.ru.

Evkuran, Mehmet – PhD, Social Sciences University of Ankara Lecturer of Theology Faculty, Ankara, Turkey, e-mail: mehmtetevkuran@hotmail.com.

Авторлар туралы мәлімет:

Жақыпбай Жадыра Бақытқұлқызы (корреспондент автор) – Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті ислам ілімдері факультеті дінтану кафедрасының PhD докторанты, Алматы, Қазақстан, e-mail: zhakypbay_zhadyra@mail.ru.

Евкуран Мехмет – PhD, Анкара әлеуметтік ғылымдар университетінің теология факультетінің оқытушысы, Анкара, Түркия, e-mail: mehmtetevkuran@hotmail.com.

Сведения об авторах:

Жакыпбай Жадыра Бакыткулкызы (автор-корреспондент) – PhD-докторант кафедры религиоведения факультета исламских исследований Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, e-mail: zhakypbay_zhadyra@mail.ru.

Евкуран Мехмет – PhD, преподаватель кафедры теологии Анкарского университета социальных наук, Анкара, Турция, e-mail: mehmtetevkuran@hotmail.com.

Received April 23, 2026
Accepted September 20, 2026

ҒТАМР 21.21.25 https://doi.org/10.26577//EJRS47320269

Б. Сығаев[1*], Ш. Ашуров[2]

[1]Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Малайзия Халықаралық Ислам Университеті, Куала-Лумпур, Малайзия
*e-mail: Sygayevbakhytzhan@gmail.com

БАЙТ ӘЛ-МАЛ ИНСТИТУТЫ: ИСЛАМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТ ПЕН ҚОҒАМДЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ ДІНТАНУ НЕГІЗДЕРІ

Мақалада ислам өркениетіндегі әлеуметтік әділеттілік пен қоғамдық жауапкершілікті қамтамасыз етудің маңызды институттарының бірі болып табылатын Байт әл-Малдың тарихи қалыптасуы мен теориялық негіздері қарастырылады. Исламдық басқару дәстүрінде Байт әл-Мал мемлекеттік қаражатты жинау мен бөлуді жүзеге асыратын қаржылық құрылым ғана емес, сонымен бірге қоғамдағы әлеуметтік тепе-теңдікті сақтауға, мұқтаж топтарды қолдауға және қоғамдық игілікті қамтамасыз етуге бағытталған кешенді институт ретінде қазмет атқарды. Осы себепті Байт әл-Мал исламның әлеуметтік-экономикалық қағидаттарын тәжірбие жүзінде жүзеге асырудың маңызды тетіктерінің бірі болып саналады. Сондай-ақ Байт әл-Мал институтының исламдағы әлеуметтік әділеттілік ұғымымен және мақасид әл-Шариға қағидаттарымен сабақтастығы жөнінже талданады. Әсіресе мүлікті қорғау, адамның қадір-қасиетін сақтау, қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз ету және әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру мәселелеріндегі орнына ерекше назар аударылады. Зерттеуде тарихи, салыстырмалы және герменевтикалық әдістер қолданылып, Мұхаммед пайғамбардың және әділетті халифалар дәуіріндегі тәжірбиелермен қатар исламдық әлеуметтік этикалық құндылықтар мен әлеуметтік-экономикалық міндеттердің өзара байланысына негізделген басқару үлгісі болғанын айқындайды. Зекет, садақа және өзге де қоғамдық қорлар арқылы ұйымдастырылған әлеуметтік қолдау жүйесі қоғамдағы әлсіз топтарды қорғауға, әлеуметтік жіктелудің алдын алуға және қоғамдық ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар Байт әл-Малдың негізгі қағидаттары қазіргі мұсылман қоғамдарына кездесетін әлеуметтік әділеттілік пен қоғамдық жауапкершілікті институционалдық деңгейде жүзеге асырған бірегей басқару моделі ретінде бағалауға болады.

Түйін сөздер: Байт әл-Мал, әлеуметтік әділет, қоғамдық жауапкершілік, мақасид әш-шариға, исламдық әлеуметтік қаржыландыру

B. Sygayev[1*], Sh. Ashurov[2]

[1]Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan
[2]International Islamic University Malaysia, Kuala Lumpur, Malaysia
*e-mail: Sygayevbakhytzhan@gmail.com

The Bayt al-Mal Institution: Religious Foundations of Social Justice and Public Responsibility in Islam

This article examines the historical development and theoretical foundations of the Bayt al-Mal institution, one of the most important mechanisms for ensuring social justice and public responsibility in Islamic civilization. Within the Islamic administrative tradition, Bayt al-Mal functioned not merely as a financial institution responsible for collecting and distributing public revenues, but also as a comprehensive mechanism aimed at maintaining social balance, supporting vulnerable groups, and promoting public welfare. In this regard, Bayt al-Mal served as a practical instrument for implementing the socio-economic principles of Islam. The study further explores the relationship between Bayt al-Mal and the Islamic conception of social justice, as well as its connection with the principles of Maqasid al-Shari`ah. Particular attention is given to its role in the protection of social responsibility. Employing historical, comparative, and hermeneutical methods, the study analyzes the practices of the Prophet Muhammad and the Rightly Guided Caliphs alongside contemporary scholarly discussions on Islamic social finance. The findings indicate that Bayt al-Mal represented a model of governance founded upon the integration of religious-ethical values and socio-economic responsibilities. Through the administration of zakat, sadaqah, and other public funds, it contributed to the protection of disadvantaged groups, the mitigation of social disparities, and the strengthening of social solidarity. Moreover, the fundamental principles of Bayt al-Mal continue to offer valuable insights for addressing contemporary challenges such as social inequality, poverty, marginalization, and ethical governance in Muslim societies. Therefore, Bayt al-Mal

 © 2026 Al-Farabi Kazakh National University

may be regarded as a distinctive institutional model through which social justice and public responsibility were realized within the framework of Islamic civilization.

Keywords: Bayt al-Mal, social justice, social responsibility, maqasid ash-shari`ah, Islamic social financing

Б. Сыгаев[1*], Ш. Ашуров[2]

[1]Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан
[2]Международный Исламский Университет Малайзии, Куала-Лумпур, Малайзия
[*]e-mail: Sygayevbakhytzhan@gmail.com

Институт Байт аль-мал: религиоведческие основы социальной справедливости и общественной ответственности в Исламе

В данной статье рассматриваются историко-теоретические основы института Байт аль-Маль, являющегося важным механизмом обеспечения социальной справедливости и общественной ответственности в исламской цивилизации. В исламских административных традициях Байт аль-Маль представлял собой всеобъемлющий институт, направленный не только на сбор и распределение государственных средств, но и на поддержание социального баланса, поддержку нуждающихся и обеспечение общественного благополучия. В этом смысле Байт аль-Маль был важным инструментом реализации практических социально-экономических принципов ислама. В исследовании анализируется взаимосвязь института Байт аль-Маль с концепцией социальной справедливости в исламе, а также его связь с Макасид аль-Шариа (целями исламской права). Особое внимание уделяется его роли в защите прав собственности, сохранении человеческого достоинства, обеспечении социальной стабильности и установлении социальной ответственности. В исследовании используется историко-сравнительная и объяснительная методологии, анализируется опыт Пророка Мухаммада и праведных халифов, а также современные научные исследования в области исламского социального финансирования. Исследование показывает, что Байт аль-Маль представлял собой административную модель в исламском обществе, основанную на взаимодействии религиозных и этических принципов с социально-экономическими функциями. Организация социальной поддержки посредством закята, садака и других государственных фондов позволила защитить уязвимые группы населения, предотвратить классовое неравенство и укрепить социальную солидарность. Кроме того, основные принципы казначейства остаются актуальными при решениях проблем социального неравенства, бедности, маргинализации и этического управления в современных мусульманских обществах. В этом контексте институт Байт аль-Маль оценивается как уникальная модель, реализующая социальную справедливость и социальную ответственность на институиональном уровне в рамках исламской цивилизации.

Ключевые слова: Байт аль-Маль, социальная справедливость, социальная ответственность, макасид аш-шариа, социальное финансирование

Кіріспе

Дін мен әлеуметтік тәртіптің арақатынасы дінтанудың классикалық мәселелерінің бірі. Дюркгеймнен басталатын дәстүр дінді ұжымдық ынтымақтың символдық көрінісі деп түсіндірсе (Durkheim, 1995), Вебердің ізбасарлары діни этика шаруашылық мінез-құлықты қалай қалыптастыратынына назар аударды (Weber, 1978). Ислам материалына келгенде екі тәсіл де жеткіліксіз болып шығады. Біріншісі дінді қоғамдық құрылымның бейнесі санап, оның нормативтік мазмұнын екінші қатарға ысырады. Екіншісі діни этиканың экономикаға ықпалын зерттегенімен, этика мен институттың арасындағы делдал буынды елемейді. Ал исламда дәл сол делдал буын шешуші рөл атқарады. Мұнда әлеуметтік әділет идеясы ешқашан таза этикалық ұстаным күйінде қалған емес: ол ерте кезеңнің өзінде нақты фискалдық әрі басқарушылық институт арқылы іске асты. Ол институт байт әл-мал, қазақшаласақ, қазына үйі деп аталады.

Ислам тарихнамасында байт әл-мал көбіне экономикалық тарих не мемлекеттік қаржы тарихы шеңберінде зерттелді. Бұл көзқарас институттың техникалық жағын жақсы ашады: салық түрлері, есеп жүргізу тәртібі, диуандардың жұмысы егжей-тегжейлі сипатталды (Løkkegaard, 1950; Dennett, 1950; Azmi, 2002). Дегенмен институттың астарында жатқан теологиялық алғышарттар екінші қатарға ысырылып қалды. Олар мүлік туралы ілім, аманат ұғымы және ұжымдық міндеттеме (фард кифая) доктринасы. Дінтанулық талдаудың міндеті осы алғышарттарды қалпына келтіріп, институттың діни мағынасын ашу.

Байт әл-мал ислам тарихының алғашқы ғасырында қалыптасып, кейінгі он екі ғасыр бойы мұсылман мемлекеттерінің қаржылық негізі болып келді. Оның қызметі салық жинаумен шектелмеген. Институт зекетті бөлуді, мұқтаждарға жәрдем беруді, қоғамдық құрылыстарды қаржыландыруды, сот пен білім жүйесін ұстауды қамтыды. Ең бастысы, бұл қызметтердің бәрі діни нормамен негізделген әрі сол норма арқылы шектелген. Сондықтан байт әл-мал экономикалық тарихтың ғана емес, дінтанудың да нысаны.

Зерттеу нысаны ретінде ислам өркениетіндегі байт әл-мал институты алынды. Зерттеу пәні осы институттың негізінде жатқан әлеуметтік әділет пен қоғамдық жауапкершілік туралы діни ілім және оның қазіргі институционалдық жалғасы. Жұмыстың басты болжамы мынадай: байт әл-малды фискалдық орган емес, аманат режимі деп түсінгенде ғана оның діни мағынасы толық ашылады, ал осы түсінік қазіргі діни-қайырымдылық институттарды бағалауға нақты өлшем береді.

Мақала қазақстандық дінтануда бұрын арнайы қарастырылмаған тақырыпты көтереді. Отандық әдебиетте зекет пен уақып жеке-жеке зерттелгенімен, оларды біріктіретін институционалдық шеңбер талданбаған. Сол олқылықты толтыру осы жұмыстың міндеті.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Байт әл-мал туралы әдебиетті шартты түрде бес топқа бөлуге болады. Бастапқы фиқһтық дереккөздер. Институттың нормативтік бейнесін қалыптастырған негізгі мәтіндер сегізінші және он бірінші ғасырлар аралығында жазылды. Ханафи мазһабының көрнекті өкілі Әбу Юсуфтың (ө. 798) «Китаб әл-Харадж» еңбегі Аббасилер халифасы Һарун әр-Рашидтің тапсырысымен жазылған және мемлекеттік қаржының діни-құқықтық негіздемесін ұсынады (Abu Yusuf, 1969). Мәтіннің ерекшелігі сипаттама емес, ашық нормативтік үнінде: автор билеушіге салық жинаудың әділ тәртібін ұсынып, қиянаттан сақтандырады. Әбу Убайд әл-Қасым ибн Салламның (ө. 838) «Китаб әл-Амуал» еңбегі мүлік түрлерінің ең толық жіктемесін беріп, әрбір кіріс көзінің құқықтық негізін хадис материалымен дәлелдейді (Abu Ubayd, 1988). Әл-Мауардидің (ө. 1058) «әл-Ахкам әс-Сұлтания» шығармасы байт әл-малды халифалық биліктің жалпы құрылымына орналастырып, оның басқару органы ретіндегі орнын айқындайды (Al-Mawardi, 1996).

Бұл үш мәтін өзара үндес болғанымен, екпіні әртүрлі: Әбу Юсуфта фискалдық этика, Әбу Убайдта құқықтық жіктеме, әл-Мауардиде институционалдық иерархия басым. Екпін айырмашылығы кездейсоқ емес, әр автордың жазу жағдайынан туындайды. Әбу Юсуф жаңа қалыптасып келе жатқан фискалдық аппаратқа этикалық шектеу орнатқысы келсе, әл-Мауарди халифалық билік әлсіреген тұста оның нормативтік бейнесін қалпына келтіруге ұмтылды. Дереккөздерді пайдаланғанда осы жайтты ескеру керек, әйтпесе нормативтік мәтінді тарихи сипаттама деп қате оқып кету қаупі бар.

Аталған еңбектерге мақсат теориясы (мақасид әш-шария) дәстүріндегі мәтіндерді қосуға болады. Әл-Ғазалидің (ө. 1111) «әл-Мустасфа» еңбегінде діннің, жанның, ақылдың, ұрпақтың және мүліктің сақталуы шариғаттың бес мақсаты ретінде тұжырымдалып, мүлікті қорғау жеке меншікті қорғау ғана емес, оның қоғамдық айналымын қамтамасыз ету мағынасында түсіндіріледі (Al-Ghazali, 1993). Әш-Шатибидің (ө. 1388) «әл-Муафақат» еңбегі бұл ілімді әрі қарай дамытып, ұжымдық мүдде (маслаха) ұғымын жүйелейді (Al-Shatibi, 2011). Мақасид дәстүрінің қазіргі оқылымдары осы ілімді әлеуметтік саясат тіліне көшіруге тырысады, бірақ мұндай көшірудің шегі әлі талқыда (Auda, 2008). Ибн Халдунның (ө. 1406) «Мұқаддима» еңбегі байт әл-мал мәселесін әлеуметтанулық жазықтыққа шығарып, шамадан тыс салықтың мемлекеттің өзін құлдыратуы туралы белгілі тезисті ұсынады (Ibn Khaldun, 1967).

Ислам экономикалық тарихы. Бұл бағыттың іргетасын Ф. Лёккегардтың классикалық кезеңдегі ислам салық жүйесіне арналған еңбегі (Løkkegaard, 1950) мен Д. Деннеттің жизия туралы зерттеуі (Dennett, 1950) қалады. С. Азми классикалық мәтіндерді жүйелеудің қазіргі үлгісін ұсынса (Azmi, 2002), М. Чизакча байт әл-мал функцияларының уақфқа ауысу процесін көрсетеді (Çizakça, 2000). Топтың күші деректанулық дәлдігінде, әлсіз тұсы институттың діни негіздемесін дайын шама ретінде қабылдап, талдау нысанына айналдырмауында.

Қайырымдылықтың әлеуметтік тарихы мен антропологиясы. Э. Сингер (Singer, 2008) мен А. Сабра (Sabra, 2000) институционалдық сипаттамадан әлеуметтік практикаға ауысуды білдірсе,

М. Боннердің Құран мәтініндегі кедейлік пен экономика туралы жұмыстары (Bonner, 2005; Bonner және т.б., 2003) қайырымдылықты мәтін мен практиканың тоғысында қарастыру үлгісін көрсетеді. Дж. Бенталл мен Ж. Бельон-Журдан қазіргі мұсылман қайырымдылық ұйымдарының логикасын антропологиялық тұрғыдан ашады (Benthall & Bellion-Jourdan, 2003). Бұл еңбектердің құндылығы қайырымдылықты біржақты игілік санамай, билік қатынастарымен өрілген әлеуметтік қатынас деп көрсетуінде.

Хисба және қоғамдық бақылау туралы әдебиет. М. Куктың «жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю» қағидатының ислам ойындағы тарихына арналған іргелі еңбегі (Cook, 2000) бұл саладағы негізгі анықтамалық болып қала береді. Кук хисбаны нарықтық қадағалаумен шектемей, қоғамдық жауапкершіліктің жалпы доктринасы ретінде ашады. Хисбаның нарықтық-құқықтық жағы бойынша да арнаулы әдебиет қалыптасқан: аш-Шайзаридің мүхтасибке арналған нұсқаулығының аудармасы (Buckley, 1999) мен ас-Сунамидің «Нисаб әл-ихтисаб» мәтіні негізіндегі зерттеу (Izzi Dien, 1997) осы саланың негізгі жұмыстары. Дегенмен хисба мен байт әл-малдың функционалдық байланысы, яғни екеуінің бір доктриналық жүйенің екі буыны ретіндегі қатынасы, жүйелі қарастырылмаған. Осы мақалада сол олқылықты толтыруға әрекет жасалады.

Қазіргі ислам экономикасы мен әлеуметтік қаржысы. М.У. Чапра (Chapra, 1992) және М.Қахф (Kahf, 1989) сияқты авторлар зекет пен уақфты қазіргі даму саясатының құралы ретінде түжырымдауға тырысады. Зекеттің құқықтық құрылымы мен мазһабаралық талқысы туралы жүйелі анықтамалық баяндама А. Зайсоудың «Zakāt» мақаласында берілген (Zysow, 2002). Осы бағытқа қарама-қарсы позицияда Т. Куранның сыни зерттеулері тұр: ол ислам экономикасы жобасын негізінен жиырмасыншы ғасырдың саяси құбылысы деп бағалап (Kuran, 2004), классикалық құқықтық институттардың қазіргі жағдайдағы шектеулерін көрсетеді (Kuran, 2011). Малайзия мектебі бұл салада эмпирикалық бағытты дамытты. Ш. Ашуров және оның әріптестері Селангор штатының зекет агенттіктерін мысалға ала отырып, зекетті бөлудің әлеуметтік әл-ауқатқа нақты әсерін өлшейді (Ashurov және т.б., 2019). Авторлардың бірі қатысқан кейінгі жұмыста зекет пен уақыпты біріктіретін гибридтік үлгі ұсынылып, екі институттың үйлестірілген жұмысы зекет алушылардың денсаулық сақтау қажетін өтеуде тиімдірек болатыны көрсетіледі (Ghafoorzai және т.б., 2021). Бұл зерттеулердің маңызы әдіснамалық: олар институттың қазіргі жұмысын өлшенетін көрсеткіштерге аударады. Мақала екі полюстің ортасындағы позицияны ұстанады: классикалық үлгі нормативтік ресурс ретінде құнды, бірақ оны тікелей көшіріп алу мүмкін емес, әрі тарихи институтты идеалдандырудан сақ болу қажет.

Отандық зерттеулер. Қазақстандық дінтануда бұл тақырып соңғы жылдары жандана бастады, дегенмен зерттеулер саны әлі шектеулі. Ә.Әлмұхаметов, Қ. Қасабеков және Б. Мелісова XX ғасырдағы қазақ басылымдарында уақып қорларына негізделген қайырымдылық тақырыбының қалай көтерілгенін «Қазақ» газеті мен «Шолпан» журналының материалдары бойынша талдайды (Әлмұхаметов және т.б., 2024). Авторлар отандық зерттеулерде бұл тақырып бойынша жұмыстардың саны аз екенін, уақыптың ұғымдық категорияларын дінтанулық тұрғыда жүйелеу қажеттігін атап көрсетеді. Н. Стамбакиев пен Р. Мухитдинов исламдық қаржы өнімдерінің (мудараба, мушарака, мурабаха) діни негіздерін қарастырып, XX ғасырдағы мұсылман елдерінде ислам тағылымдарын әлеуметтік-экономикалық салада қолдану бастамаларының қалай туғанын көрсетеді (Стамбакиев & Мухитдинов, 2023). Р. Рашимбетов пен Г. Мажиев зайырлы елдегі шариғаттық мотивацияны қазақстандық жастар арасында эмпирикалық жолмен зерттейді, бұл жұмыс діни норманың нақты мінез-құлыққа ықпалын өлшеу әрекеті ретінде маңызды (Rashimbetov & Mazhiev, 2024). Тарихи бағытта Г. Жапекова мен М. Джангужиев XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының қайырымдылық қызметіндегі ислам дәстүрлерін зерделеп, мұсылман қайырымдылығының түрлері қоғамдық бастамалардың ұйымдасуына қалай негіз болғанын көрсетеді (Жапекова & Джангужиев, 2025).

Осы еңбектердің бағыты әртүрлі: біреуі баспасөз тарихына, екіншісі қаржы өнімдерінің фиқһтық негіздемесіне, үшіншісі эмпирикалық әлеуметтануға, төртіншісі әлеуметтік тарихқа сүйенеді. Олардың ортақ тұсы да бар: қайырымдылық пен ислам экономикасы негізінен жеке тақырып ретінде алынып, бірыңғай институционалдық шеңберге орналастырылмайды. Байт әлмал ұғымы аталса да, ол тарихи фон ретінде ғана қызмет етеді.

Байт әл-мал институтын жеке зерттеу нысаны еткен отандық арнаулы еңбек әзірге жоқ. Мақаланың қажеттілігін осы жағдай негіздейді.

Шолудан үш түйін шығады. Біріншіден, байт әл-малдың фискалдық әрі әкімшілік қыры жеткілікті зерттелген, ал теологиялық негіздемесі арнаулы талдауға сирек ілінген. Екіншіден, хисба мен байт әл-малдың байланысы, басқаша айтқанда қоғамдық жауапкершіліктің алдын алу және қайта бөлу тетіктерінің бірлігі, жүйелі қарастырылмаған. Үшіншіден, қазақстандық діни-қайырымдылық институттар мен классикалық үлгінің арақатынасы туралы арнаулы зерттеу жоқ. Осы жұмыс үш олқылыққа да бағытталған.

Зерттеудің дереккөздік негізін екі типтегі материал құрайды. Бірінші тип классикалық фиқһтық және тарихи мәтіндер. Талдауға Әбу Юсуфтың «Китаб әл-Харадж» (Abu Yusuf, 1969), Әбу Убайдтың «Китаб әл-Амуал» (Abu Ubayd, 1988), әл-Мауардидің «әл-Ахкам әс-Сұлтания» (Al-Mawardi, 1996) еңбектері, мақасид дәстүріндегі әл-Ғазали (Al-Ghazali, 1993) мен әш-Шатиби (Al-Shatibi, 2011) мәтіндері және Ибн Халдунның «Мұқаддима» шығармасы (Ibn Khaldun, 1967) тартылды. Мәтіндер қолжетімді басылымдар мен академиялық аудармалар бойынша пайдаланылды. Терминді нақтылау қажет болған түстарда араб тіліндегі түпнұсқаға жүгінілді. Құран аяттары мағыналық аударма бойынша беріліп, сүре мен аят нөмірі мәтін ішінде көрсетілді.

Екінші тип қазіргі институционалдық материал. Оған Қазақстандағы діни-қайырымдылық құрылымдардың ашық ақпараты, ұйымдық құжаттары және қызмет бағыттары туралы жария деректер жатады. Бұл материал сандық талдауға емес, институционалдық сипаттамаға негіз болды. Зерттеуде нақты қаржылық көрсеткіштер бойынша түжырым жасалмайды, себебі ашық әрі тәуелсіз тексерілген статистика жеткіліксіз. Институционалдық материал ретінде Қазақстан мүсылмандары діни басқармасының ресми сайтындағы құрылымдық ақпарат, «Зекет және қайырымдылық» қорының жария мәліметтері (Зекет және қайырымдылық қоры, б.ж.к.) және «Уақып» қорының қызмет бағыттары туралы ашық деректер (Уақып қоры, б.ж.к.) пайдаланылды. Құқықтық шеңберді анықтау үшін «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң қаралды (ҚР Заңы, 2011).

Авторлар қарастырған мәселенің өзектілігі үш деңгейде көрінеді. Бірінші деңгей теориялық. Ислам әлеуметтік ілімі туралы әдебиетте «ислам әлеуметтік әділетті уағыздайды» деген түжырым жиі қайталанады. Бірақ сол әділеттің қандай институционалдық формада іске асқаны сирек нақтыланады. Соның салдарынан әлеуметтік әділет нормативтік ұран күйінде қалып, тарихи өмірбаяны көмескіленеді. Байт әл-малды зерттеу осы олқылықты толтырады: ол идея мен институт арасындағы нақты буынды көрсетеді.

Екінші деңгей салыстырмалы. Соңғы отыз жылда ислам әлеуметтік қаржысы (Islamic social finance) деген зерттеу саласы қалыптасты. Ол зекет, уақф, садақа және қардұл-хасан тетіктерін қазіргі даму саясатының құралы санайды (Chapra, 1992; Kahf, 1989). Осы салада классикалық байт әл-мал үлгісіне сілтеме жасау әдетке айналды. Алайда сілтеме көбіне декларация деңгейінде қалады: классикалық институттың қазіргі қорлардан құрылымдық айырмашылығы талданбайды. Бұл олқылықты Т. Куран сияқты сыншыл авторлар бірнеше рет атап өтті (Kuran, 2004). Тарихи үлгіні дәл сипаттау аталған талқыны нақтылауға жол ашады.

Үшінші деңгей отандық. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда діни-қайырымдылық сала біртіндеп институттанды. Қазақстан мүсылмандары діни басқармасының жанында зекет пен уақф бағытындағы мамандандырылған құрылымдар құрылды, мешіт деңгейіндегі садақа айналымы ұйымдасқан сипат ала бастады. Бұл процесс зайырлы мемлекеттің құқықтық шеңберінде жүріп жатыр, сондықтан классикалық байт әл-малдан едәуір алшақ. Айырмашылықтың сипатын дәл айқындамай, отандық діни-әлеуметтік практиканы сауатты бағалау қиын (Әлмұхаметов және т.б., 2024; Жапекова & Джангужиев, 2025).

Зерттеудің мақсаты байт әл-мал институтының дінтанулық негіздерін ашып, оның әлеуметтік әділет пен қоғамдық жауапкершілік доктриналарымен байланысын айқындау және осы үлгінің қазіргі Қазақстан жағдайындағы трансформациясын бағалау.

Мақсатқа сәйкес төмендегі міндеттер қойылды:

1. Байт әл-мал ұғымының терминологиялық мазмұнын және институттың тарихи қалыптасу кезеңдерін анықтау.

2. Институттың құқықтық-доктриналық архитектурасын, яғни кіріс көздерінің сараланuын, шығыс бағыттарының нормативтік шектелуін және есеп берушілік тетігін сипаттау.

3. Байт әл-малдың негізінде жатқан әлеуметтік әділет (адл, қист) ілімін және мүлік туралы доктринаны талдау.

4. Қоғамдық жауапкершіліктің дінтанулық құрылымын фард кифая, кафала және аманат ұғымдары арқылы ашу, оның хисба институтымен байланысын көрсету.

5. Классикалық институттың ыдырауы мен оның функцияларының уақф және қайырымдылық қорларына ауысуын қарастыру.

6. Қазіргі Қазақстандағы зекет және уақф институттарының классикалық үлгімен сабақтастығы мен айырмашылығын үш параметр бойынша бағалау.

7. Байт әл-мал үлгісін зайырлы әлеуметтік мемлекет үлгісімен салыстыра отырып, оның дербес логикасын айқындау.

Зерттеу сұрағы былайша қойылады: байт әл-малды мемлекеттік қазына емес, діни аманат режимі деп түсінсек, исламдағы әлеуметтік әділет пен қоғамдық жауапкершілік ұғымдарының байланысы қалай ашылады және мұндай түсінік қазіргі діни-қайырымдылық институттарды бағалауға не береді?

Жұмыстың ғылыми жаңалығы үш тұстан көрінеді. Біріншіден, байт әл-мал фискалдық орган ретінде емес, теологиялық негізделген аманат режимі ретінде концептуалданады. Екіншіден, институтты сипаттаудың үш параметрлі аналитикалық сызбасы ұсынылады, ол классикалық үлгі мен қазіргі қорларды салыстыруға мүмкіндік береді. Үшіншіден, осы сызба негізінде қазақстандық зекет және уақып қорларына институционалдық сипаттама деңгейіндегі алғашқы дінтанулық талдау жасалады.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Әдіснамалық жағынан үш тәсіл ұштастырылды. Тарихи-дінтанулық әдіс институттың уақыт ішіндегі өзгерісін діни түсініктердің өзгерісімен байланыстыра қарауға мүмкіндік берді. Мұнда бір ұстаным принципті: институттың кейінгі формасы бастапқы форманың бұрмалануы да, заңды жалғасы да бола алады. Сондықтан әр өзгеріске алдын ала баға берілмей, ол өз контексінде түсіндіріледі. Осы ұстаным зерттеуді екі қарама-қарсы қателіктен сақтайды: ерте кезеңді идеалдандырудан және кейінгі кезеңді біржақты құлдырау деп сипаттаудан.

Герменевтикалық әдіс бастапқы мәтіндердегі негізгі ұғымдарды (аманат, адл, қист, фард кифая, маслаха, хисба) олардың мәтіндік және тарихи контексінде түсіндіруге қолданылды. Ұғымдарды қазіргі әлеуметтік-саяси лексикаға тікелей көшіруден саналы түрде бас тартылды. Зекетті «салық», байт әл-малды «әлеуметтік бюджет», хисбаны «тұтынушы құқығын қорғау» деп теңестіру түсінуді жеңілдеткенімен, ұғымның нормативтік мазмұнын бұрмалайды. Үкастықтар мақаланың салыстырмалы бөлімінде арнайы ескертумен ғана келтіріледі.

Институционалдық талдау байт әл-малды үш параметр бойынша сипаттауға негіз болды: кіріс көздерінің нормативтік сарапануы, шығыс бағыттарының шектелуі және есеп берушілік тетігі. Үш параметр классикалық дереккөздердің өз логикасынан шығарылды, сырттан таңылған сызба емес. Олардың дәл үшеу болуының себебі мынада: бұл параметрлер институттың мүлікке қатысты толық айналымын қамтиды, яғни қаражаттың қайдан келетінін, қайда кететінін және кімге есеп берілетінін. Алушыны анықтау тетігі, яғни мұқтаждықты кім және қандай өлшеммен белгілейді деген мәселе, қосымша төртінші параметр бола алады. Ол классикалық мәтіндерде бар, бірақ қазіргі қазақстандық материалда ашық құжатталмағандықтан, салыстыруға жарамайды және осы жұмыстың шеңберінен тыс қалдырылды. Солар бойынша классикалық үлгі мен қазіргі қазақстандық қорлар салыстырылды. Салыстырудың мақсаты баға беру емес, айырмашылықтың сипатын айқындау.

Зерттеудің әдіснамалық шектеулерін ашық көрсету қажет. Біріншіден, классикалық мәтіндер нормативтік сипатта. Олар институттың қалай жұмыс істеуге тиіс екенін көрсетеді, ал іс жүзінде қалай жұмыс істегенін толық ашпайды. Нормативтік үлгі мен тарихи практиканың алшақтығы бөлек зерттеуді талап етеді әрі осы жұмыстың шеңберінен тыс қалады. Екіншіден, Қазақстан бөлімі институционалдық сипаттамамен шектеледі, өйткені бұл салада жүйелі әлеуметтанулық зерттеу жүргізілмеген. Сондықтан қазақстандық материал бойынша тұжырымдар болжамдық сипатта болып, кейінгі эмпирикалық тексеруді қажет етеді. Үшіншіден, мақалада негізінен ханафи және шафиғи мазһабтарының ұстанымы басшылыққа алынды, мазһабаралық айырмашылықтардың толық картасы берілмеді.

Нәтижелері және талқылама

1. Байт әл-мал: терминологиялық мазмұны және тарихи қалыптасуы

Араб тіліндегі «байт әл-мал» тіркесі сөзбесөз «мүлік үйі» дегенді білдіреді, бірақ мағынасы қойма не ғимарат ұғымымен шектелмейді. Классикалық фиқһта ол үш мағынада жұмсалады: нақты мекеме, мүліктің құқықтық режимі және ұжымдық меншіктің дербес субъектісі. Соңғысы аса маңызды: фиқһ мәтіндерінде байт әл-мал өзіне қарыз бере алатын, өзіне қарыз болатын және мұрагері жоқ мүлікті қабылдайтын заңды тұлғаға ұқсас құрылым ретінде сипатталады (Abu Ubayd, 1988; Al-Mawardi, 1996). Бұл оның қазынашының жеке мүлкінен де, билеушінің жеке мүлкінен де қатаң ажыратылғанын көрсетеді.

Осы нақтылау зерттеудің бүкіл логикасы үшін шешуші. Байт әл-мал билеушінің қазынасы болса, ондағы мүлікті бөлу билеушінің рақымшылығына айналады. Ал дербес құқықтық режим болса, мүлікке белгілі бір топтардың алдын ала бекітілген құқығы бар, билеуші сол құқықты орындаушы ғана. Классикалық дереккөздер айқын түрде екінші түсінікті ұстанады.

Институттың қалыптасуын төрт кезеңге бөлуге болады.

Медина кезеңі. Пайғамбар дәуірінде ұйымдасқан қазына болған жоқ: түсетін қаражат шағын, оны бөлу мерзімі қысқа еді. Дегенмен институттың болашақ нормативтік негізі дәл сол кезде қаланды: садақаны бөлудің тұрақты санаттары белгіленіп (Тәуба сүресі, 60-аят), олжаның бөлінуі реттелді (Әнфал сүресі, 41-аят). Ең маңыздысы, Хашр сүресінің 7-аятында мүліктің «араларыңдағы байлардың арасында ғана айналып қалмауы» мақсаты тұжырымдалды. Құран мәтініндегі кедейлік пен мүлік айналымы туралы лексиканың біртұтас жүйе құрайтынын М. Боннер көрсетеді (Bonner, 2005). Бұл аят кейінгі бүкіл әлеуметтік доктринаның негізгі мәтіндік тірегіне айналды.

Әбу Бәкр кезеңі. Бірінші халифа тұсында қаражат әлі де толық таратылды, бірақ бөлуде теңдік қағидаты қолданылды: әр мұсылманға тең үлес тиді. Кейін осы ұстаным принципті пікірталастың тақырыбына айналды.

Омар ибн әл-Хаттаб кезеңі. Институт нақты ұйымдық форма алған түс осы. Жаулап алулардың арқасында қаражат күрт өсті де, оны бірден тарату мүмкін болмай қалды. Сөйтіп диуан деп аталатын тізілім жүйесі енгізіліп, тұрақты төлем тәртібі бекітілді. Дереккөздерде Омардың жер иеліктерін жауынгерлерге бөліп бермей, оларды бұрынғы иелерінің қолында қалдырып, харадж салығын белгілеу туралы шешімі ерекше атап өтіледі (Abu Yusuf, 1969; Løkkegaard, 1950). Бұл шешімнің негіздемесі Хашр сүресінің жоғарыда аталған аятына сүйенген: мүлік бір буынның қолында шоғырланып қалмауы, кейінгі ұрпақтардың да үлесі сақталуы тиіс. Дінтанушы үшін бұл аса маңызды дерек: мұнда діни мәтін нақты экономикалық саясаттың негіздемесі ретінде тікелей жұмсалып отыр.

Омар тұсында бөлудің теңдік қағидаты да өзгерді: ислам қабылдау мерзімі мен қызметіне қарай сараланған төлем жүйесі енгізілді. Кейінгі дереккөздер халифаның өмірінің соңында осы шешіміне өкінгенін, теңдік қағидатына қайта оралмақ ниетін айтқанын жеткізеді. Фиқһтық әдебиетте бұл эпизод бөлудің екі моделі арасындағы шешілмеген кернеудің мысалы ретінде талқыланады. Бір модель қажеттілікке негізделген теңдікті, екіншісі еңбекке негізделген саралауды алға тартады.

Омар ибн Абдулазиз кезеңі. Омеяд халифасының қысқа билігі (717-720) фиқһтық әдебиетте байт әл-малдың этикалық қалпына келтірілу үлгісі ретінде сипатталады. Дереккөздер оның отбасы иелігіндегі мүлікті қазынаға қайтарғанын, әділетсіз жиналған салықтарды тоқтатқанын, зекетті алушы табылмайтын дәрежеге жеткізгенін баяндайды. Соңғы дерек академиялық әдебиетте даулы (Dennett, 1950), алайда оның дінтанулық маңызы тарихи дәлдігінде емес, нормативтік қызметінде: бұл баяндау институттың идеалды жұмыс күйін бейнелейтін эталон болып қалыптасқан.

Кейінгі Аббасилер дәуірінде байт әл-мал күрделі бюрократиялық аппаратқа айналды. Сонымен бірге дәл сол кезеңде оның діни аманат сипаты мен нақты саяси практикасының арасы алшақтай түсті. Әбу Юсуфтың «Китаб әл-Харадж» еңбегі осы алшақтыққа берілген құқықтық-этикалық жауап ретінде оқылуы керек: автор халифаға сипаттама емес, ескерту жазып отыр (Abu Yusuf, 1969).

2. Институттың құқықтық-доктриналық архитектурасы

Классикалық фиқһ байт әл-малды біртұтас қазына деп қарамайды. Ол әрқайсысының өз режимі бар бірнеше мүліктік ағыннан тұрады. Саралаудың дінтанулық мәні зор: кіріс көзінің

діни сипаты оның қайда жұмсалатынын алдын ала айқындайды.

Кіріс көздері. Негізгі ағындарды былайша топтастыруға болады.

Зекет пен ушыр таза діни міндеттеме ретіндегі кіріс. Зекет мұсылманның мүлкіне салынатын жылдық міндетті үлес, ушыр егін өніміне салынады. Ағынның ерекшелігі қатаң мақсаттылығында: жұмсалу бағыты Құранда тікелей белгіленген, оны өзгертуге билеушінің құзыреті жетпейді.

Харадж пен жизия мұсылман емес халықтан түсетін кіріс. Харадж жер салығы, жизия қорғау мен әскери міндеттен босатылу орнына төленетін жан басы алымы. Бұл ағын мақсатты емес, жалпы мемлекеттік қажеттілікке жұмсалады. Дереккөздерде жизияны төлеуге шамасы келмейтін кедейлерден, қарттардан, әйелдер мен балалардан алынбайтыны және мұқтаж жағдайға түскен зимминің байт әл-малдан жәрдем алу құқығы туралы ережелер бекітілген (Abu Yusuf, 1969; Dennett, 1950). Бұл норма институттың әлеуметтік қамтуы діни шекарадан асып жататынын көрсетеді.

Ғанима мен фай соғыс нәтижесінде түсетін мүлік. Ғанима шайқас арқылы алынған олжа, оның бестен бірі (хумс) қазынаға түседі, ал фай шайқассыз өткен мүлік, ол толығымен қазынаға тиесілі.

Иесіз мүлік, яғни мұрагері жоқ мұра, табылған зат (луқата) және иесі белгісіз мүлік. Бұл ағынның фиқһтық негіздемесі байт әл-малдың «мұрагері жоқтың мұрагері» ретінде танылуында.

Шығыс бағыттары. Ең айқын нормаланған ағын зекет. Тәуба сүресінің 60-аятында сегіз санат белгіленген: кедейлер (фуқара), мұқтаждар (масакин), зекет ісімен айналысатын қызметкерлер (амилун), жүрегі исламға жақындатылғандар (муәллафа қулубуһум), құлдықтан босатуға (фир-риқаб), қарызға батқандарға (ғаримун), Аллаһ жолында (фи сабилиллаһ) және жолаушыға (ибн әс-сабил). Санаттардың құқықтық мазмұны мен мазһабаралық талқысы А. Зайсоудың шолуында жүйеленген (Zysow, 2002). Дінтанулық талдау үшін бұл тізімнің үш ерекшелігі маңызды.

Біріншіден, тізім жабық. Классикалық фиқһ санаттан тыс мақсатқа зекет жұмсауға негізінен жол бермейді. Демек, институттың осы бөлігінде билеушінің шешім қабылдау еркіндігі айтарлықтай тар.

Екіншіден, әкімшілік шығын (зекет қызметкерлерінің үлесі) бөлек санат ретінде танылған. Мұнда институционалдық реализм байқалады: жүйенің өзін ұстауға кететін шығын моральдық жағынан заңдастырылған, бірақ нақты үлеспен шектелген.

Үшіншіден, тізім таза материалдық мұқтаждықпен шектелмейді. «Қарызға батқандар» санаты қаржылық күйреуден қорғауды, «құлдықтан босату» санаты мәртебелік тәуелділіктен құтқаруды, «жүрегі жақындатылғандар» санаты әлеуметтік интеграция міндетін білдіреді. Демек, доктринадағы әділет табысты теңестірумен шектелмейді, әлеуметтік мәртебені қалпына келтіруді де қамтиды.

Зекеттен тыс қаражат (харадж, фай, иесіз мүлік) бойынша билеушінің қалауы кеңірек, бірақ ол да шектеусіз емес. Әл-Мауарди бұл қаражатты жұмсаудың басым бағыттары ретінде қорғанысты, қоғамдық инфрақұрылымды, сот пен әкімшілікті, білім мен дін қызметкерлерін ұстауды және мұқтаждарға жәрдемді атайды (Al-Mawardi, 1996). Нормативтік қағидат айқын: бұл қаражат билеушінің жеке мүлкі емес, оны жеке қажетіне жұмсау қиянат саналады.

Есеп берушілік тетігі. Классикалық үлгінің үшінші параметрін зерттеушілер көбіне назардан тыс қалдырады. Байт әл-малға қатысты есеп берушілік үш арна арқылы жүзеге асты: ішкі әкімшілік бақылау (диуан жазбалары мен тексеру), хисба институты арқылы жүргізілетін нарықтық және қоғамдық бақылау (Cook, 2000), және ғұламалар тарапынан жүргізілетін нормативтік сын. Соңғы арна ерекше маңызды, себебі мемлекеттік аппараттан тәуелсіз еді. Фиқһ мәтіндерінің билеушіге арналған ескерту үні дәл сол тәуелсіз нормативтік бақылаудан туған.

Үш параметрді біріктірсек, классикалық байт әл-малдың құрылымдық бейнесі айқындалады: кіріс көздері діни сипаты бойынша сараланған, шығыс бағыттары мәтіндік нормамен шектелген, жүйе үстінен мемлекеттен тыс нормативтік бақылау жүреді. Келесі бөлімдерде көрсетілетіндей, қазіргі діни-қайырымдылық институттарда осы үш параметр бірдей дәрежеде сақталмайды. Негізгі айырмашылық та содан туындайды.

3. Әлеуметтік әділет доктринасы: адл, қист және мүлік туралы ілім

Байт әл-малдың теологиялық негізін түсіну үшін алдымен исламдағы мүлік туралы іліммен танысу қажет, себебі институттың бүкіл логикасы осы ілімнен туындайды.

Құран мәтіні түпкі иелікті Аллаһқа тиесілі деп бекітеді, ал адамға мүлікке қатысты орын-

басар (халифа) не аманатшы мәртебесін береді. Бұл ұстаным жеке меншікті жоққа шығармайды: ислам құқығы, керісінше, жеке меншікті мүқият қорғайды. Дегенмен меншік құқығы абсолютті емес, оған алдын ала бекітілген әлеуметтік жүктеме кіріктірілген. Басқаша айтқанда, зекет мүлік иесінің жомарттығы емес, мүліктің өзіне бастапқыда салынған міндеттеме. Классикалық фиқһта зекет мүлік иесінің емес, алушының құқығы (хақ) ретінде тұжырымдалады (Kahf, 1989; Abu Ubayd, 1988). Байт әл-малдың мәжбүрлеп өндіру құзыреті дәл осы тұжырымнан туындайды: институт қайыр сұрап тұрған жоқ, белгіленген құқықты орындатып отыр.

Мүлік туралы ілімнің Құрандағы тірегі айқын. Хадид сүресінің 7-аятында адамдарға «өздерің орынбасар етілген мүліктен жұмсаңдар» деп бұйырылады. Мұндағы «мустахлафин» сөзі мүлікті иеленуді емес, уақытша сеніп тапсырылған иелікті меңзейді. Фиқһ әдебиетінде осы аят истихлаф, яғни орынбасарлық доктринасының негізі саналады. Доктринаның практикалық мәні мынада: мүлікті пайдалану тәртібі оны берген тараптың шартымен айқындалады, ал ол шарттар шариғат нормалары арқылы жеткізілген.

Алушының құқығы туралы тұжырым да мәтіндік негізге сүйенеді. Мағариж сүресінің 24-25 аяттарында байлардың мүлкінде «сұраушы мен қағажу көргеннің белгілі үлесі» бар делінеді. Осындай мазмұн Зарият сүресінің 19-аятында қайталанады. Классикалық тәпсірлер мен фиқһ мәтіндері «хаққ ма'лум» тіркесіндегі «белгілі» сөзіне ерекше мән береді: үлес көлемі мүлік иесінің көңіл күйіне емес, алдын ала бекітілген өлшемге тәуелді. Дәл осы жерде садақа мен зекеттің принципті айырмашылығы көрінеді. Садақа ашық үшты және ерікті, ал зекеттің нисабы (салық салынатын ең төменгі мүлік мөлшері), хаулы (бір жылдық мерзім) және мөлшері нақты белгіленген.

Зекеттің техникалық шарттарында доктриналық логика жасырынып жатыр. Зекет тек өсуге қабілетті мүлікке салынады: сауда тауары, мал, егін, ақша және асыл металл. Түрғын үй, киім, кәсіби құрал-сайман сияқты пайдаланудағы мүлік зекеттен босатылады. Бұл ереже кездейсоқ емес. Ол доктринаның нысанасы тұтыну емес, қорлану екенін көрсетеді. Байт әл-мал адамның күнделікті өмірін емес, айналымнан шығып қалған байлықты нысанаға алады.

Әділет ұғымы Құран мәтінінде негізінен екі терминмен беріледі. ***Адл*** тепе-теңдік, лайықтылық, әркімге тиесілісін беру мағынасын қамтиды. ***Қист*** нақты өлшеу, әділ үлес бөлу, таразының дұрыстығы мағынасына жақын. Екінші термин мәтінде көбіне экономикалық мәнмәтінде, өлшем мен таразы тақырыбымен қатар кездеседі. Айырмашылық маңызды: исламдағы әлеуметтік әділет абстрактілі моральдық принцип қана емес, өлшеуге әрі тексеруге келетін үлес бөлу тәртібі (Chapra, 1992).

Нахл сүресінің 90-аятында Аллаһтың «әділет пен ихсанды» бұйыратыны айтылса, Хадид сүресінің 25-аятында пайғамбарлардың жіберілу мақсаты «адамдардың қистпен тұруы» деп тұжырымдалады. Соңғы аятта таразы (мизан) бейнесі қатар келеді. Өлшем мен таразының дұрыстығы туралы талап Ағраф, Һуд және басқа сүрелерде бірнеше рет қайталанады. Осы мәтіндік топтастыру кездейсоқ емес: қист ұғымы саудадағы нақты өлшеуден бастау алып, қоғамдық үлес бөлу тәртібіне дейін кеңейеді. Мақаланың кейінгі бөлімінде көрсетілетіндей, хисба институты дәл осы мәтіндік өріске сүйенеді.

Доктринаның үшінші құрамдас бөлігі байлықтың шоғырлануына қарсы бағытталған нормалар жиынтығы. Бұған Хашр сүресінің 7-аятындағы айналым талабы, өсімге (риба) салынған тыйым, ысырапқа (исраф) және байлықты жинап қоюға (иктиназ) қатысты сын кіреді. Риба тыйымының әлеуметтік әділетпен байланысы Бақара сүресінің 275-279 аяттарында ашық көрінеді: онда қарыз берушіге негізгі қарызды ғана алу, ал қарыздар қиналса мерзім беру міндеттеледі. Демек, тыйым таза қаржылық техникаға емес, қарыз қатынасындағы күш теңсіздігіне бағытталған. Байт әл-малдың зекет санаттарында «қарызға батқандардың» бөлек түруы осы логиканың жалғасы: жүйе қарыз ауыртпалығын әлеуметтік тәуекел деп таниды. Тәуба сүресінің 34-35 аяттарында алтын мен күмісті жинап, оны Аллаһ жолында жұмсамайтындарға қатаң ескерту айтылады. Осы нормалар жиынтығы байт әлмалдың моральдық негіздемесін құрайды: институт байлықты қайта бөлу арқылы шоғырлану үрдісіне тосқауыл қояды.

Мұнда бір нақтылау қажет. Классикалық доктринаны қазіргі эгалитарлық идеологиялардың баламасы деп оқу қате болады. Ислам құқығы мүліктік теңдікті мақсат етпейді, мүліктік айырмашылықты табиғи санайды. Доктринаның мақсаты теңдік емес, шектен тыс шоғырланудың алдын алу және әр қоғам мүшесінің базалық қажетін өтеу. Мақасид дәстүрінде бұл дарурият,

яғни өмір сүру үшін аса қажетті деңгей ретінде түжырымдалады (Al-Ghazali, 1993; Al-Shatibi, 2011; Auda, 2008). Демек, байт әл-малдың басты міндеті байлықты теңестіру емес, адамның белгілі бір кедейлік шегінен төмен түсуіне жол бермеу.

4. Қоғамдық жауапкершілік: фард кифая, кафала және аманат режимі

Әлеуметтік әділет доктринасы кімнің жауапкершілігі деген сұрақсыз толық болмайды. Бұл жерде ислам құқығының өзіндік шешімі бар, ол фард кифая ұғымымен беріледі.

Фиқһта міндет екіге бөлінеді. *Фард айн* әр адамға жеке жүктеледі (намаз, ораза). *Фард кифая* қоғамға тұтас жүктеледі: жеткілікті адам орындаса, қалғандарынан жауапкершілік түседі, ал ешкім орындамаса, бүкіл қоғам күнәлі болады. Классикалық мәтіндерде мұқтаждың қажеттілігін өтеу, аштан өлуге жол бермеу, медициналық көмек, білім беру және сот ісін жүргізу осы санатқа жатқызылады (Al-Ghazali, 1993).

Фард кифая ұғымының дінтанулық маңызы айқын: ол әлеуметтік қамтуды жеке адамның қалауына қалдырмай, ұжымдық діни міндетке айналдырады. Мұндай құрылымда көмек көрсету артық игілік (суперэрогация) емес, орындалмаса күнә туғызатын міндет. Байт әл-малдың діни қажеттілігі де осыдан шығады: ұжымдық міндетті орындау үшін ұжымдық орган керек.

Фард кифаяны кім орындайды деген сұрақ доктринаның ең нәзік тұсы. Классикалық мәтіндерде жауап екі деңгейде беріледі. Қалыпты жағдайда міндетті ұжым атынан билік өкілі, яғни байт әл-мал арқылы мемлекет орындайды. Ал институт әлсіреген немесе жойылған жағдайда міндет қоғамның өзіне қайта оралады. Фиқһ әдебиетінде мұның шеткі мысалы талқыланады: жақын маңда аштан өлу қаупі бар адам болса, оны асырау сол маңдағы шамасы жететін адамдардың мойнындағы борышқа айналады, ал олар бас тартса, күнә соларға жазылады. Мұндай конструкцияның дінтанулық мәні зор. Ол әлеуметтік қамтуды институттың болуына тәуелді етпейді: институт жоқ жерде міндет жойылмайды, тек орындаушысы ауысады.

Осы ереже қазіргі талқы үшін тікелей маңызды. Зайырлы мемлекетте діни институт салық жинай алмайтындықтан, фард кифая логикасы бойынша жауапкершілік автоматты түрде қауым деңгейіне ығысады. Демек, ерікті аударымға негізделген қазіргі қорлар доктриналық жағынан аномалия емес, олар институт әлсіреген жағдайға арналған резервтік режимге жақын түр.

Осыған сабақтас екінші ұғым *кафала*, яғни қамқорлыққа алу, кепілдік беру. Классикалық қолданыста ол негізінен жетімге қамқорлық пен қарыз кепілдігі мағынасында жұмсалады, ал қазіргі ислам әлеуметтік ойында «кафала иджтимаия» (әлеуметтік кепілдік) тіркесі арқылы жалпы әлеуметтік ынтымақ ұғымына кеңейтілген. Мұндай кеңейтудің негізділігі пікірталас тудырады (Kuran, 2004). Сондықтан оны классикалық норманың тікелей жалғасы емес, қазіргі интерпретация деп тану дұрыс.

Үшінші және ең маңызды ұғым *аманат*. Оның Құрандағы негізі Ниса сүресінің 58-аяты: «Аллаһ сендерге аманаттарды иелеріне тапсыруды бұйырады». Аят жалғасында адамдар арасында әділ үкім ету талабы қатар келеді, сондықтан классикалық тәпсірлерде бұл аят билік өкіліне қатысты оқылады. Ахзаб сүресінің 72-аятындағы «үлкен аманат» туралы бейне ұғымға космологиялық өлшем қосады: адамның жер бетіндегі орны жауапкершілік арқылы айқындалады. Байт әл-малға қатысты бұл термин билік субъектісінің мүлікке қатысы мәртебесін айқындайды. Дереккөздерде Омар ибн әл-Хаттабтың өзін қазынаға қатысты жетімнің мүлкін басқарушы қамқоршыға теңеген сөзі келтіріледі: мұқтаж болса белгілі бір мөлшерде пайдаланады, жағдайы түзелсе қайтарады (Abu Ubayd, 1988; Abu Yusuf, 1969). Теңеудің құқықтық мәні айқын: қамқоршы мүліктің иесі емес, оның әрекеті мүлік иесінің мүддесі тарапынан бағаланады.

Аманат ұғымы институтқа екі салдар әкеледі. Біріншісі шектеу: аманатшы мүлікті өз қалауынша жұмсай алмайды. Екіншісі есеп берушілік, оның өзі екі деңгейде жүреді: дүниелік бақылау және ақыреттік жауапкершілік. Классикалық дереккөздердегі билеушіге бағытталған ескертулердің басым бөлігі дәл осы екінші деңгейге сүйенеді. Хадис әдебиетінде кең тараған «әрқайсың бағушысың және әрқайсың өз бағуындағылар үшін жауаптысың» деген сөз осы жауапкершілікті иерархияның барлық сатысына таратады. Фиқһ мәтіндері одан нақты құқықтық салдар шығарады: қазына қаражатын теріс жұмсаған әкімшінің әрекеті қайтарымға жататын қиянат деп танылады, ал мұндай талап қоюға құзыретті тарап ретінде қауым өкілдері аталады.

Үш ұғымды біріктірсек, исламдағы қоғамдық жауапкершіліктің дінтанулық құрылымы айқындалады. Ол жеке адамның моральдық сезіміне емес, үш буынға сүйенеді: мүлікке кірік-

тірілген алушының құқығы, қоғамға жүктелген ұжымдық міндет, билікке жүктелген аманаттық мәртебе. Байт әл-мал сол үш буынды түйістіретін институционалдық торап.

5. Хисба: қоғамдық жауапкершіліктің бақылаушы буыны

Байт әл-мал туралы әдебиетте назардан тыс қалатын, бірақ қоғамдық жауапкершілік тақырыбы үшін шешуші маңызы бар институт бар. Ол хисба, яғни «жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю» (әмр би-л-ма'руф уа нahй ан әл-мункар) қағидатын жүзеге асыратын қызмет (Cook, 2000). Хисбаны атқарушы мухтасиб нарықтағы өлшем мен таразының дұрыстығын, тауар сапасын, бағаның әділдігін, қоғамдық орындардың тазалығын және кәсіп иелерінің адал жұмысын қадағалаған.

Хисбаның дінтанулық маңызы басқаша: ол әлеуметтік әділетті қайта бөлу арқылы емес, алмасу процесінің өзін реттеу арқылы орнатуға бағытталған. Байт әл-мал мүлік бөлінгеннен кейінгі кезеңде әрекет етсе, хисба мүлік айналымының өз ішінде әрекет етеді. Бұл екеуі бір доктринаның екі буыны ретінде жұмыс істеген: біріншісі қайта бөлу тетігі, екіншісі алдын алу тетігі. Қазіргі тілге шартты түрде көшірсек, хисба әлеуметтік көмек емес, тұтынушы құқығын қорғау мен нарықтық реттеуге жақын қызмет атқарған.

Қоғамдық жауапкершілік ұғымы үшін хисбаның тағы бір қыры маңызды. Классикалық фиқһта «жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю» міндеті тек мухтасибтің ғана емес, әрбір мұсылманның мойнындағы міндет ретінде танылады, алайда оның деңгейі сараланууы тиіс: қолмен өзгерту билік өкіліне, тілмен ескерту білімді адамға, ал жүрекпен теріске шығару әркімге жүктеледі (Cook, 2000). Мұндай саралау жауапкершілікті бүкіл қоғамға таратумен қатар, бассыздыққа жол бермейтін иерархия орнатады. Фард кифая доктринасымен қатар алғанда, осы конструкция исламдағы қоғамдық жауапкершіліктің екі бағытта жұмыс істейтінін көрсетеді: мұқтажға көмек беру міндеті және әділетсіздікке қарсы үн қату міндеті.

Институционалдық тарих тұрғысынан хисба байт әл-малмен бірдей тағдырды бастан кешірді: ол да ортағасырдың соңына қарай әлсіреп, кейін отаршылдық кезеңде негізінен таратылды. Оның функциялары қазіргі мемлекеттерде зайырлы реттеуші органдарға ауысты (Cook, 2000; Kuran, 2011). Демек, классикалық үлгінің ыдырауы туралы айтқанда бір институт емес, өзара байланысты институттар жиынтығы құлдырады деген дәлірек.

6. Классикалық үлгінің ыдырауы және функционалдық мұрагерлері

Байт әл-мал біртұтас институт ретінде ортағасырдың соңына қарай әлсіреді. Мұның бірнеше себебі бар: саяси билік бөлшектенді, әскери иеліктер (иқта) жүйесі кең тарады, қазына мен билеушінің жеке қаржысы араласып кетті, ал кейінгі кезеңде отаршыл әкімшілік исламдық фискалдық құрылымдарды таратып жіберді.

Алайда институттың функциялары жойылған жоқ, олар негізінен ***уақфқа*** ауысты. Уақф мүлікті мәңгілік мақсатты игілікке арнау тетігі ретінде мешіттерді, медреселерді, аурухана мен кітапханаларды, су құбырлары мен көпірлерді қаржыландырды. Уақфтың байт әл-малдан құрылымдық айырмашылығы шешуші: ол орталықтандырылмаған, мемлекеттен салыстырмалы тәуелсіз, жеке бастамаға сүйенеді және мақсаты уақф жасаушының еркімен белгіленеді (Çizakça, 2000; Singer, 2008). Демек, ұжымдық жауапкершілік идеясы сақталды, бірақ оны жүзеге асыру орталық органнан азаматтық-діни бастамаға ауысты.

Жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысынан бастап ислам әлемінде классикалық үлгіні жаңғыртуға бағытталған әрекеттер басталды. Оның екі негізгі формасы қалыптасты: мемлекеттік зекет жүйелері және ерікті зекет қорлары. Бірінші форма зекетті міндетті салық ретінде жинауды көздейді, екіншісі ерікті аударымға негізделеді. Екеуінің де шектеуі бар. Мемлекеттік жинау діни міндетті әкімшілік рәсімге айналдырып, ниет (ния) факторын әлсіретеді деген сын естиді. Ерікті қорлар бұл сыннан аулақ, бірақ қамту ауқымы мен тұрақтылығы жағынан осал.

Т. Куранның сыни ескертуі осы тұста маңызды: классикалық институттарды қазіргі жағдайда тура жаңғырту көбіне күтілген нәтиже бермейді, себебі институттың жұмыс істеуі оны қоршаған құқықтық және әлеуметтік ортаға тәуелді (Kuran, 2004; Kuran, 2011). Байт әл-мал өзі өмір сүрген ортадан бөлек алғанда, оның негізгі ерекшеліктері, атап айтқанда мәжбүрлеп өндіру құзыреті мен тәуелсіз нормативтік бақылау, сақталмайды. Сондықтан қазіргі институттарды классикалық үлгінің тікелей жалғасы емес, ішінара функционалдық баламасы деп бағалаған жөн.

7. Қазақстан контексі: институционалдық сабақтастық және шектеулер

Қазақстандағы діни-қайырымдылық сала зайырлы мемлекеттің құқықтық шеңберінде қалыптасты. Конституция дін мен мемлекеттің бөліну қағидатын бекіткен, діни бірлестіктер мемлекеттік қызметті атқармайды және салық жинау құзыретіне ие емес (ҚР Заңы, 2011). Осы бастапқы шарт классикалық байт әл-мал үлгісін тікелей қайталауға мүмкіндік бермейді.

Осы шеңберде қалыптасқан институционалдық формалар негізінен үш бағытта дамыды. Біріншісі зекет пен садақаны ұйымдасқан түрде жинап, таратуға маманданған қайырымдылық құрылымдар. Екіншісі уақф қағидатына негізделген, яғни негізгі капиталды сақтап, одан түскен кірісті игілікке жұмсауды көздейтін қорлар (Çizakça, 2000). Үшіншісі мешіт деңгейіндегі жергілікті әлеуметтік көмек практикасы. Бірінші бағыттың негізгі институты Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының «Зекет және қайырымдылық» қоры. Ол корпоративтік қор нысанында 2011 жылдың маусымында Әділет министрлігінде тіркелген, құрылтайшысы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы және жеке тұлғалар мен ұйымдардан түсетін зекет пен садақаны қабылдап, оны шариғат үкімдеріне сәйкес таратады (Зекет және қайырымдылық қоры, б.ж.к.). Қордың жария мәліметтеріне қарағанда, алушылардың негізгі санаттары жетімдер, көпбалалы отбасылар, мүгедектігі бар адамдар және қарттар. ҚМДБ құрылымында қор дербес бөлімше мәртебесіне ие, оны басқаратын директор лауазымы бар және штатта ислам қаржысы жөніндегі сарапшы жұмыс істейді. Соңғы жылдары қор үшір таратуды да өз қызметіне қосты, бұл кіріс көздерінің саралану қағидатының ішінара жаңғыруын байқатады.

Екінші бағытты ҚМДБ жанындағы «Уақып» қоры білдіреді. Оның жария қызмет бағыттары мешіт салу, білім беру, Құран тарату, құдық қазу мен көпір салу, түрғын үй беру және жастардың рухани тәрбиесіне арналған кітап пен фильм шығару болып белгіленген (Уақып қоры, б.ж.к.). Қор өз қызметін «садақа жария», яғни үзілмейтін садақа ұғымы арқылы негіздейді. Бұл ұғымдық шеңбер классикалық уақып доктринасына тікелей сәйкес келеді: негізгі мүлік сақталып, одан түсетін пайда мәңгілік игілікке арналады.

Терминологияға қатысты бір ескерту қажет. Қазақ тіліндегі академиялық және діни әдебиетте араб тіліндегі «уақф» термині көбіне «уақып» түрінде қолданылады (Әлмұхаметов және т.б., 2024; Уақып қоры, б.ж.к.). Мақалада классикалық институтты атағанда «уақф», ал қазақстандық қазіргі практиканы сипаттағанда «уақып» нұсқасы басым қолданылды.

Классикалық үлгі үшін бөлінген үш параметр бойынша салыстыру төмендегідей көрініс береді.

Кіріс көздерінің сараланuы бойынша. Классикалық байт әл-малда бірнеше сараланған ағын болған, олардың әрқайсысының жұмсалу режимі өзгеше. Қазіргі қазақстандық қорларда іс жүзінде бір ағын, яғни ерікті аударым басым. Харадж пен фай тектес фискалдық ағындар мемлекеттің салық жүйесіне тиесілі және діни институтпен байланысы жоқ. Айырмашылық техникалық емес, түбегейлі: классикалық институттың ресурстық базасы мемлекеттік фискалдық құзыретке сүйенсе, қазіргі құрылымдар азаматтық ерікке арқа сүйейді.

Шығыс бағыттарының нормативтік шектелуі бойынша. Бұл параметр бойынша сабақтастық ең айқын. Зекет қаражатын Тәубе сүресінің 60-аятында белгіленген санаттар бойынша жұмсау қағидаты қазіргі қорлардың қызметінде де сақталады. Дегенмен практикада санаттар мен есептеу ережелерін қазіргі жағдайға бейімдеу мәселесі туындайды. Мұндай бейімдеу жұмысы Қазақстанда нақты жүріп жатыр. ҚМДБ Ғұламалар кеңесі 2022 жылы зейнетақы қорында жиналған қаражаттан зекет беру туралы фәтуа шығарып, ақшаны алу мүмкіндігі жоқ болса зекеттің міндеттелмейтінін, ал алуға мүмкіндік болса оны қолдағы дүниеге қосып есептеу керегін бекітті (ҚМДБ Ғұламалар кеңесі, 2022). Бұл шешім классикалық фиқһтағы мүлікті иелену мен оны иеліктен шығару мүмкіндігі туралы ережені жаңа қаржылық институтқа қолдану әрекеті. Сол сияқты зекет алушылар санаттарын түсіндіретін ресми материалдарда «қарызға батқандар» санаты сақталып, оның алдымен туыс пен көршіден басталатын кезектілігі атап көрсетіледі (ҚМДБ, 2024). Соған қарамастан «Алла жолында» санатын білім беру мен әлеуметтік жобаларға кеңейту немесе банк несиесінің ауыртпалығын «ғаримун» санатына жатқызу мәселелері әлі жүйелі фиқһтық негіздемені қажет етеді.

Есеп берушілік тетігі бойынша. Мұнда ең елеулі құрылымдық айырмашылық байқалады. Классикалық үлгіде есеп берушілік үш арна арқылы қамтамасыз етілген, соның ішінде мемле-

кеттен тәуелсіз ғұламалар сыны маңызды рөл атқарған. Қазіргі жағдайда діни-қайырымдылық құрылымдардың есеп берушілігі негізінен екі арнамен қамтамасыз етіледі: жалпы азаматтық заңнама бойынша қаржылық есептілік және ішкі діни-әкімшілік бақылау. Үшінші арна мүлдем жоқ деу дұрыс болмайды: ҚМДБ жанында Ғұламалар кеңесі жұмыс істейді және ол зекетке қатысты нормативтік шешімдер шығарады (ҚМДБ Ғұламалар кеңесі, 2022). Дегенмен бұл арнаның құзыреті шектеулі. Кеңестің ашық жарияланған зекет шешімдері негізінен төлеушінің жағын реттейді: зейнетақы қорындағы қаражаттан зекет міндеттеле ме, зекетті кім алуға құқылы деген сұрақтарға жауап береді (ҚМДБ Ғұламалар кеңесі, 2022; ҚМДБ, 2024). Ал қорлардың жиналған қаражатты қалай жұмсағанына қатысты жарияланған нормативтік шешім ашық дерек көздерден табылмады. Демек, нормативтік сын міндеттеменің туындауын реттейді, бірақ оның орындалуын, яғни қаражаттың нақты қозғалысын бағаламайды. Алайда бұл кеңес ҚМДБ құрылымының өз ішінде орналасқан, яғни ол бағалайтын қорлармен бір ұйымдық тұтастықты құрайды. Классикалық үлгідегі ғұламалар сынының басты сипаты оның бағалау нысанынан ұйымдық жағынан бөлек түруында еді. Қазіргі жағдайда дәл сол бөліктік сақталмаған. Соның салдарынан қаражатты жұмсаудың діни негізділігін сырттай бағалау қиындайды.

Салыстырудан мынадай түйін шығады. Қазақстандағы діни-қайырымдылық институттар классикалық байт әл-малдың нормативтік өзегін, яғни мақсатты жұмсау қағидатын сақтаған. Бірақ оның ресурстық және бақылау архитектурасын жаңғыртпайды. Бұл олқылық емес, зайырлы құқықтық тәртіптің заңды салдары. Дегенмен дінтанушы үшін мұнда белгілі бір кернеу байқалады: фард кифая доктринасы міндеттің ұжымдық орындалуын талап етеді, ал ерікті аударымға негізделген жүйе бұл міндеттің қандай деңгейде орындалғанын өлшеудің тетігін ұсынбайды.

Осы кернеуді жеңілдетудің бір жолы ретінде есеп берушіліктің үшінші арнасын дамытуды ұсынуға болады. Мұндай тетік мемлекеттік бақылауды алмастырмайды, діни легитимділікті қамтамасыз ететін қосымша буын ретінде жұмыс істей алады.

Мұнда бірден құқықтық сұрақ туады. 2011 жылғы Заң бойынша Қазақстанда республикалық мәртебедегі мұсылман діни бірлестігі біреуғана бола алады (ҚР Заңы, 2011). Демек ҚМДБ-дан бөлек балама ғұламалар органы туралы әңгіме болуы мүмкін емес, әрі мақалада ондай ұсыныс жасалмайды. Дербестікті институт емес, функция деңгейінде іздеу қисынды. Мұның екі нысаны бар: қорлардан бөлек есеп беретін ішкі аудит буыны және университеттер мен дінтану орталықтары жүргізетін академиялық сараптама. Екіншісінің діни бірлестік туралы заңнамаға қатысы жоқ, сондықтан құқықтық кедергісі де жоқ. Классикалық ғұламалар сынының мәні формалды құзыретте емес, бағалау нысанынан тәуелсіздікте болғандықтан, осы екі нысан сол функцияны зайырлы шеңберде жаңғырта алады. Классикалық үлгіден алатын басты сабақ та осы: байт әл-малдың діни мәртебесі қаражат жинай алуынан емес, өз әрекеті үшін діни нормаға есеп беруге міндеттілігінен туады.

8. Салыстырмалы перспектива: байт әлмал және зайырлы әлеуметтік мемлекет

Байт әл-малды қазіргі әлеуметтік мемлекет (welfare state) үлгісімен салыстыру екі қауіпке ұрындырады. Бірінші қауіп апологетикалық: классикалық институтты «ислам әлеуметтік мемлекетті бірінші болып ойлап тапты» деген тезистің дәлелі етіп алу. Екінші қауіп редукционистік: оны жай ғана алғашқы фискалдық аппарат санап, діни мазмұнын елемеу. Салыстырудың мәні ұқсастық іздеуде емес, әр үлгінің өз ішкі логикасын айқындауда.

Ең елеулі айырмашылық жауапкершілікті негіздеу тәсілінде. Қазіргі әлеуметтік мемлекетте қайта бөлудің негіздемесі азаматтық: адам салық төлейді, мемлекет азаматтық мәртебеге байланысты құқықтарды қамтамасыз етеді. Байт әл-малда негіздеме екі қабатты: құқықтық міндеттеме әрі құлшылық актісі, себебі зекет фиқһта ибадат санатына кіріп, ниетті (ния) талап етеді. Осы қосарлылық институтты жаңғырту әрекетінің бәрінде шешілмей қалады: зекетті толық әкімшілендіру құлшылық қырын әлсіретеді, ал толық ерікті аймаққа шығару міндеттілік қырын әлсіретеді. Қазіргі мұсылман қайырымдылық ұйымдарының жұмысында осы қосарлылықтың әртүрлі шешімдері байқалады (Benthall & Bellion-Jourdan, 2003).

Екінші айырмашылық қамту шекарасында. Қазіргі әлеуметтік мемлекет азаматтық мәртебеге сүйенеді, ал классикалық байт әл-малда шекара діни сипатта болған. Дегенмен ол абсолютті емес еді: жизия төлеуге шамасы келмейтін немесе мұқтаж жағдайға түскен зиммилердің жәрдем

алуы туралы нормалар бекітілген (Abu Yusuf, 1969; Dennett, 1950). Демек, қамту қағидаты таза конфессиялық болмай, мүқтаждық факторын да ескерген.

Үшінші айырмашылық бақылау сипатында. Қазіргі үлгіде ол құқықтық және саяси (сот, парламент, баспасөз), ал классикалық үлгіде негізі формалды құзырет емес, діни бедел болды. Мұндай бақылау икемді, бірақ тұрақсыз: институционалдық кепілдікке емес, нақты тұлғалардың мәртебесіне тәуелді (Sabra, 2000; Ibn Khaldun, 1967).

Төртінші айырмашылық мақсат тұжырымында. Қазіргі әлеуметтік саясат әдетте теңсіздікті азайтуды немесе кедейлік деңгейін төмендетуді өлшенетін мақсат ретінде қояды. Классикалық доктринада мақсат басқаша тұжырымдалады: мүліктің айналымда болуын қамтамасыз ету және базалық қажеттіліктің өтелуін кепілдендіру. Мұндай тұжырым сандық көрсеткіштен гөрі шектік көрсеткішке жақын. Сондықтан классикалық үлгіге қазіргі әлеуметтік саясаттың бағалау құралдарын тікелей қолдану әдіснамалық жағынан ақталмайды.

Түйін: байт әл-мал әлеуметтік мемлекеттің ерте баламасы да, жай ғана салық аппараты да емес. Ол өз логикасы бар дербес үлгі, ерекшелігі әлеуметтік қайта бөлуді құлшылық режимімен біріктіруінде. Сол бірігу оның күшті жағы да, жаңғыртудың басты қиындығы да.

Қорытынды және тұжырымдама

Талдау байт әл-малды исламдағы әлеуметтік әділет пен қоғамдық жауапкершілік доктриналарының институционалдық көрінісі деп қарауға негіз берді. Нәтижелерді алты тұжырымға жинақтаймыз.

Біріншіден, байт әл-мал классикалық фиқһта билеушінің қазынасы емес, дербес құқықтық режим ретінде танылады. Ол өзіне қарыз бере алады, өзіне қарыз болады және мұрагері жоқ мүлікті қабылдайды, яғни заңды тұлғаға ұқсас дербестікке ие. Осы нақтылаудың принципті салдары бар: институттағы мүлікке белгілі бір топтардың алдын ала бекітілген құқығы бар, ал билеуші сол құқықты орындаушы ғана. Демек, әлеуметтік көмек рақымшылық емес, құқықты орындау актісі.

Екіншіден, институттың астарында үш буынды доктриналық құрылым жатыр. Бірінші буын мүлікке кіріктірілген алушының құқығы: классикалық фиқһта зекет мүлік иесінің жомарттығы емес, алушының хақы саналады. Екінші буын фард кифая доктринасы: мүқтаждың қажетін өтеу ұжымдық діни міндет мәртебесіне ие. Үшінші буын аманат режимі: билеушінің мүлікке қатысты мәртебесі қамқоршы мәртебесіне теңестіріледі. Үш буын бірге түрғанда ғана әлеуметтік әділет идеясы институционалдық мазмұн алады.

Үшіншіден, классикалық байт әл-малды үш параметр арқылы сипаттауға болады: кіріс көздерінің діни сипаты бойынша сараланууы, шығыс бағыттарының мәтіндік нормамен шектелуі және мемлекеттен тәуелсіз арнаны қамтитын есеп берушілік тетігі. Институттың дінтанулық ерекшелігі қаражат жинау құзыретінде емес, дәл сол үшінші параметрде: ол өз әрекеті үшін діни нормаға есеп беруге міндетті.

Төртіншіден, байт әл-мал оқшау институт емес, ол хисбамен бір доктриналық жүйенің екі буынын құрайды: біріншісі қайта бөлу, екіншісі алдын алу деңгейінде жұмыс істейді. Соған сәйкес исламдағы қоғамдық жауапкершілік екі бағытта көрінеді: мүқтажға көмек беру және әділетсіздікке қарсы үн қату.

Бесіншіден, исламдағы әлеуметтік әділет доктринасын мүліктік теңдік идеясымен шатастыруға болмайды. Доктрина мүліктік айырмашылықты табиғи санайды. Оның мақсаты шектен тыс шоғырланудың алдын алу және әр қоғам мүшесінің базалық қажетін өтеу. Мақасид дәстүріндегі дарурият деңгейі осы міндеттің нормативтік шегін белгілейді. Сонымен бірге зекеттің сегіз санатын талдау әділет ұғымының тек материалдық мүқтаждықпен шектелмейтінін, қаржылық күйреуден қорғау, мәртебелік тәуелділіктен құтқару және әлеуметтік интеграция міндеттерін де қамтитынын көрсетеді.

Алтыншыдан, қазіргі Қазақстандағы діни-қайырымдылық институттар классикалық үлгінің нормативтік өзегін, яғни мақсатты жұмсау қағидатын сақтаған. ҚМДБ «Зекет және қайырымдылық» қоры зекет пен садақаны шариғат үкімдеріне сай таратады, «Уақып» қоры негізгі мүлікті сақтап, одан түсетін пайданы игілікке арнау қағидатын ұстанады, ал Ғұламалар кеңесі зекетті есептеудің қазіргі жағдайға бейімделуін фәтуалар арқылы реттеп отыр. Демек, доктриналық сабақтастық нақты институционалдық формада көрінеді.

Алайда классикалық үлгінің ресурстық және бақылау архитектурасы жаңғырмаған.

Ресурстық жағынан мұны кемшілік деуге болмайды: зайырлы тәртіпте діни бірлестіктің салық жинау құзыреті болмауы заңды. Бақылау жағынан жағдай күрделірек. Нормативтік сын арнасы мүлдем жоқ емес, ол Ғұламалар кеңесі арқылы жұмыс істейді, бірақ кеңес өзі бағалайтын қорлармен бір ұйымдық тұтастықта орналасқан. Классикалық үлгідегі ғұламалар сынының басты сипаты дәл бағалау нысанынан бөлек түруы еді. Мақаланың практикалық ұсынысы осыдан туындайды: сараптамалық буынның дербестігін институт деңгейінде емес, функция деңгейінде күшейту.

Сонымен бірге доктриналық кернеу сақталады: фард кифая міндеттің ұжымдық орындалуын талап етеді, ал ерікті аударымға негізделген жүйе оның қандай деңгейде орындалғанын өлшемейді.

Осы нәтижелер кіріспедегі теориялық шеңберге оралуға мүмкіндік береді. Дюркгеймдік дәстүр дінді ұжымдық ынтымақтың символдық көрінісі деп оқыса (Durkheim, 1995), вебериандық дәстүр діни этиканың шаруашылық мінез-құлыққа ықпалын зерттейді (Weber, 1978). Үш параметрлі сызба екеуіне де түзету енгізеді. Вебер бойынша этика мінез-құлыққа ықпал етеді, ал мұнда этикалық талап мүлікке кіріктірілген әрі өндірілетін құқыққа айналады: зекет ынталандыру емес, хақ. Дюркгейм бойынша институт ынтымақтың бейнесі, ал мұнда институттың өз нормативтік архитектурасы бар: ол өлшенеді және орындалмауы мүмкін. Демек, этика мен мінез-құлықтың арасына үшінші, институционалдық деңгей қойылуы тиіс. Мақаланың дінтанулық үлесі сол деңгейді талдау құралын ұсынуында.

Зерттеудің теориялық маңызы екі нәрседе: байт әл-мал фискалдық орган емес, аманат ретінде түжырымдалды және институтты сипаттаудың үш параметрлі сызбасы ұсынылды. Мұндай тәсіл ислам әлеуметтік ілімін таза этикалық уағыз деңгейінен шығарып, институционалдық талдау нысанына айналдырады. Практикалық жағынан ұсынылған сызба діни-қайырымдылық ұйымдардың қызметін бағалаудың дінтанулық өлшемдерін әзірлеуге негіз бола алады.

Зерттеудің шектеулері айқын. Классикалық мәтіндер нормативтік сипатта, сондықтан институттың нақты жұмыс тәжірибесін толық ашпайды. Нормативтік үлгі мен тарихи практиканың алшақтығы бөлек зерттеуді қажет етеді. Қазақстан бөлімі институционалдық сипаттамамен шектеліп, эмпирикалық тексеруге сүйенбейді. Сондай-ақ mazhabаралық айырмашылықтардың толық картасы берілмеді.

Келешек зерттеу бағыттары: қазақстандық зекет және уақып қорларының қызметін есеп пен сұхбат материалы негізінде эмпирикалық зерттеу; зекет алушылар мен қорлар арасындағы қатынасты әлеуметтанулық талдау; зекет санаттарын қазіргі жағдайға бейімдеудің фиқһтық негіздемесін салыстырмалы қарастыру.

Авторлар үлесі

Б. Сығаев: зерттеу идеясы мен тұжырымдамасын әзірлеу, әдіснаманы жасау, классикалық дереккөздерді талдау, мәтіннің бастапқы нұсқасын жазу, қазақстандық материалды жинау және талдау.

Ш. Ашуров: әдіснаманы пысықтау, ислам әлеуметтік қаржысы бойынша әдебиетті талдау, институционалдық салыстыру бөлімін дайындауға қатысу, мәтінді сын тұрғысынан қарап шығу және редакциялау, соңғы нұсқаны бекіту.

Әдебиеттер

Abu Ubayd al-Qasim ibn Sallam. (1988). *Kitab al-amwal* (M. K. Harras, Ed.). Dar al-Fikr.

Abu Yusuf, Ya'qub b. Ibrahim. (1969). *Taxation in Islam: Vol. 3. Abu Yusuf's Kitab al-kharaj* (A. Ben Shemesh, Trans.). E. J. Brill; Luzac.

Al-Ghazali, A. H. (1993). *Al-mustasfa min 'ilm al-usul* (M. 'A. al-Shafi, Ed.). Dar al-Kutub al-'Ilmiyya.

Al-Mawardi. (1996). *The ordinances of government: Al-ahkam al-sultaniyya w'al-wilayat al-diniyya* (W. H. Wahba, Trans.). Garnet Publishing.

Al-Shatibi, I. M. (2011). *The reconciliation of the fundamentals of Islamic law: Al-muwafaqat fi usul al-shari'a* (Vol. 1; I. A. K. Nyazee, Trans.). Garnet Publishing.

Ashurov, S., Othman, A. H. A., & Syed Jaafar Alhabshi, S. M. (2019). The impact of zakat distribution on social welfare: A case study of Selangor zakat agencies, Malaysia. *Al-Shajarah*, Special Issue: Islamic Banking and Finance, 147-167.

Auda, J. (2008). *Maqasid al-shariah as philosophy of Islamic law: A systems approach*. The International Institute of Islamic Thought.

Azmi, S. (2002). *Islamic economics: Public finance in early Islamic thought*. Goodword Books.

Benthall, J., & Bellion-Jourdan, J. (2003). *The charitable crescent: Politics of aid in the Muslim world*. I. B. Tauris.

Bonner, M. (2005). Poverty and economics in the Qur'an. *Journal of Interdisciplinary History, 35*(3), 391-406.

Bonner, M., Ener, M., & Singer, A. (Eds.). (2003). *Poverty and charity in Middle Eastern contexts*. State University of New York Press.

Buckley, R. P. (Trans.). (1999). *The book of the Islamic market inspector: Nihayat al-rutba fi talab al-hisba by 'Abd al-Rahman b. Nasr al-Shayzari*. Oxford University Press.

Chapra, M. U. (1992). *Islam and the economic challenge*. The Islamic Foundation.

Çizakça, M. (2000). *A history of philanthropic foundations: The Islamic world from the seventh century to the present*. Boğaziçi University Press.

Cook, M. (2000). *Commanding right and forbidding wrong in Islamic thought*. Cambridge University Press.

Dennett, D. C. (1950). *Conversion and the poll tax in early Islam*. Harvard University Press.

Durkheim, E. (1995). *The elementary forms of religious life* (K. E. Fields, Trans.). Free Press.

Ghafoorzai, S. A., Khan, M. B., Patel, I., Damkar, M. S., & Ashurov, S. (2021). Developing the hybrid model (waqf & zakat) for improving the zakat recipients' healthcare in Selangor. *Journal of Islamic Finance, 10*(1), 67-75. https://doi.org/10.31436/jif.v10i.528

Ibn Khaldun. (1967). *The Muqaddimah: An introduction to history* (F. Rosenthal, Trans.). Princeton University Press.

Izzi Dien, M. (1997). *The theory and the practice of market law in medieval Islam: A study of Kitab nisab al-ihtisab of 'Umar b. Muhammad al-Sunami*. Gibb Memorial Trust.

Kahf, M. (1989). Zakat: Unresolved issues in the contemporary fiqh. *Journal of Islamic Economics, 2*(1), 1-22.

Kuran, T. (2004). *Islam and Mammon: The economic predicaments of Islamism*. Princeton University Press.

Kuran, T. (2011). *The long divergence: How Islamic law held back the Middle East*. Princeton University Press.

Løkkegaard, F. (1950). *Islamic taxation in the classic period*. Branner og Korch.

Rashimbetov, R., & Mazhiev, G. (2024). Sharia motivation in a secular country: An empirical study among young people in Kazakhstan. *Al-Farabi Kazakh National University Bulletin. Religious Studies Series, 39*(3), 78-89. https://doi.org/10.26577/EJRS.2024.v39.c3.r8

Sabra, A. (2000). *Poverty and charity in medieval Islam: Mamluk Egypt, 1250-1517*. Cambridge University Press.

Singer, A. (2008). *Charity in Islamic societies*. Cambridge University Press.

Weber, M. (1978). *Economy and society: An outline of interpretive sociology* (G. Roth & C. Wittich, Eds.). University of California Press.

Zysow, A. (2002). Zakāt. In *Encyclopaedia of Islam* (2nd ed., Vol. 11, pp. 406-422). Brill.

Әлмұхаметов, Ә., Қасабеков, Қ., & Мелісова, Б. (2024). XX ғ. қазақ басылым беттерінде «Уақып» қорларына негізделген қайырымдылық тақырыбы. *ҚазҰУ Хабаршысы. Дінтану сериясы, 37*(1), 53-64. https://doi.org/10.26577/EJRS.2024.v37.i1.r6

Жапекова, Г., & Джангужиев, М. (2025). Исламские традиции в благотворительной деятельности казахского общества в XIX – начала XX вв. *ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы, 117*(2), 57-64. https://doi.org/10.26577/JH2025117205

Зекет және қайырымдылық қоры. (б.ж.к.). *Қор туралы*. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы. https://zeket.online

ҚМДБ. (2024, 3 қаңтар). *Зекет алуға кімдер құқылы?* https://www.muftyat.kz/kk/qa/oraza/2024-01-03/43577-zeket-aluga-kimder-kukyly/

ҚМДБ Ғұламалар кеңесі. (2022, 15 қараша). *Зейнетақы қорында жиналған қаражаттан зекет беру үкімі*. https://www.muftyat.kz/kk/fatwa/fetvy/2022-11-15/40863-zeinetaky-korynda-zhinalgan-karazhattan-zeket-beru-ukimi/

ҚР Заңы. (2011, 11 қазан). *Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы* (№ 483-IV). https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483

Стамбакиев, Н., & Мухитдинов, Р. (2023). Исламдық қаржы өнімдерінің діни негіздері: мудараба, мушарака және мурабаха. *ҚазҰУ Хабаршысы. Дінтану сериясы, 34*(2), 74-82. https://doi.org/10.26577/EJRS.2023.v34.i2.r8

Уақып қоры. (б.ж.к.). *Уақып туралы*. https://waqf.kz

References

Abu Ubayd al-Qasim ibn Sallam. (1988). *Kitab al-amwal* (M. K. Harras, Ed.). Dar al-Fikr.

Abu Yusuf, Ya'qub b. Ibrahim. (1969). *Taxation in Islam: Vol. 3. Abu Yusuf's Kitab al-kharaj* (A. Ben Shemesh, Trans.). E. J. Brill; Luzac.

Al-Ghazali, A. H. (1993). *Al-mustasfa min 'ilm al-usul* (M. 'A. al-Shafi, Ed.). Dar al-Kutub al-'Ilmiyya.

Al-Mawardi. (1996). *The ordinances of government: Al-ahkam al-sultaniyya w'al-wilayat al-diniyya* (W. H. Wahba, Trans.). Garnet Publishing.

Al-Shatibi, I. M. (2011). *The reconciliation of the fundamentals of Islamic law: Al-muwafaqat fi usul al-shari'a* (Vol. 1; I. A. K. Nyazee, Trans.). Garnet Publishing.

Ashurov, S., Othman, A. H. A., & Syed Jaafar Alhabshi, S. M. (2019). The impact of zakat distribution on social welfare: A case study of Selangor zakat agencies, Malaysia. *Al-Shajarah*, Special Issue: Islamic Banking and Finance, 147-167.

Auda, J. (2008). *Maqasid al-shariah as philosophy of Islamic law: A systems approach*. The International Institute of Islamic Thought.

Azmi, S. (2002). *Islamic economics: Public finance in early Islamic thought*. Goodword Books.

Benthall, J., & Bellion-Jourdan, J. (2003). *The charitable crescent: Politics of aid in the Muslim world*. I. B. Tauris.

Bonner, M. (2005). Poverty and economics in the Qur'an. *Journal of Interdisciplinary History, 35*(3), 391-406.

Bonner, M., Ener, M., & Singer, A. (Eds.). (2003). *Poverty and charity in Middle Eastern contexts*. State University of New York Press.

Buckley, R. P. (Trans.). (1999). *The book of the Islamic market inspector: Nihayat al-rutba fi talab al-hisba by 'Abd al-Rahman b. Nasr al-Shayzari*. Oxford University Press.

Chapra, M. U. (1992). *Islam and the economic challenge*. The Islamic Foundation.

Çizakça, M. (2000). *A history of philanthropic foundations: The Islamic world from the seventh century to the present*. Boğaziçi University Press.

Cook, M. (2000). *Commanding right and forbidding wrong in Islamic thought*. Cambridge University Press.

Dennett, D. C. (1950). *Conversion and the poll tax in early Islam*. Harvard University Press.

Durkheim, E. (1995). *The elementary forms of religious life* (K. E. Fields, Trans.). Free Press.

Ghafoorzai, S. A., Khan, M. B., Patel, I., Damkar, M. S., & Ashurov, S. (2021). Developing the hybrid model (waqf & zakat) for improving the zakat recipients' healthcare in Selangor. *Journal of Islamic Finance, 10*(1), 67-75. https://doi.org/10.31436/jif.v10i.528

Ibn Khaldun. (1967). *The Muqaddimah: An introduction to history* (F. Rosenthal, Trans.). Princeton University Press.

Izzi Dien, M. (1997). *The theory and the practice of market law in medieval Islam: A study of Kitab nisab al-ihtisab of 'Umar b. Muhammad al-Sunami*. Gibb Memorial Trust.

Kahf, M. (1989). Zakat: Unresolved issues in the contemporary fiqh. *Journal of Islamic Economics, 2*(1), 1-22.

Kuran, T. (2004). *Islam and Mammon: The economic predicaments of Islamism*. Princeton University Press.

Kuran, T. (2011). *The long divergence: How Islamic law held back the Middle East*. Princeton University Press.

Løkkegaard, F. (1950). *Islamic taxation in the classic period*. Branner og Korch.

Rashimbetov, R., & Mazhiev, G. (2024). Sharia motivation in a secular country: An empirical study among young people in Kazakhstan. *Al-Farabi Kazakh National University Bulletin. Religious Studies Series, 39*(3), 78-89. https://doi.org/10.26577/EJRS.2024.v39.c3.r8

Sabra, A. (2000). *Poverty and charity in medieval Islam: Mamluk Egypt, 1250-1517*. Cambridge University Press.

Singer, A. (2008). *Charity in Islamic societies*. Cambridge University Press.

Weber, M. (1978). *Economy and society: An outline of interpretive sociology* (G. Roth & C. Wittich, Eds.). University of California Press.

Zysow, A. (2002). Zakāt. In *Encyclopaedia of Islam* (2nd ed., Vol. 11, pp. 406-422). Brill.

Almukhametov, A., Kasabekov, K., & Melissova, B. (2024). XX g. qazaq basylym betterinde «Uaqyp» qorlaryna negizdelgen qaiyrymdylyq taqyryby [The theme of charity based on «Waqf» funds in the Kazakh press of the 20th century]. *Al-Farabi Kazakh National University Bulletin. Religious Studies Series, 37*(1), 53-64. https://doi.org/10.26577/EJRS.2024.v37.i1.r6 (in Kazakh)

Council of Scholars of the Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan. (2022, November 15). *Zeinetaqy qorynda jinalgan qarajattan zeket beru ukimi* [Ruling on paying zakat from funds accumulated in pension funds]. https://www.muftyat.kz/kk/fatwa/fetvy/2022-11-15/40863-zeinetaky-korynda-zhinalgan-karazhattan-zeket-beru-ukimi/ (in Kazakh)

Law of the Republic of Kazakhstan. (2011, October 11). *Dini qyzmet jane dini birlestikter turaly* [On religious activity and religious associations] (No. 483-IV). https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483 (in Kazakh)

Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan. (2024, January 3). *Zeket aluga kimder quqyly?* [Who is eligible to receive zakat?]. https://www.muftyat.kz/kk/qa/oraza/2024-01-03/43577-zeket-aluga-kimder-kukyly/ (in Kazakh)

Stambakiev, N., & Mukhitdinov, R. (2023). Islamdyq qarjy onimderinin dini negizderi: mudaraba, musharaka jane murabakha [Religious foundations of Islamic financial products: mudaraba, musharaka and murabaha]. *Al-Farabi Kazakh National University Bulletin. Religious Studies Series, 34*(2), 74-82. https://doi.org/10.26577/EJRS.2023.v34.i2.r8 (in Kazakh)

Uaqyp qory [Waqf Fund]. (n.d.). *Uaqyp turaly* [About waqf]. https://waqf.kz (in Kazakh)

Zeket jane qaiyrymdylyq qory [Zakat and Charity Fund]. (n.d.). *Qor turaly* [About the fund]. Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan. https://zeket.online (in Kazakh)

Zhapekova, G., & Dzhanguzhiev, M. (2025). Islamskie traditsii v blagotvoritelnoi deiatelnosti kazakhskogo obshchestva v XIX – nachala XX vv. [Islamic traditions in the charitable activities of Kazakh society in the 19th and early 20th centuries]. *Al-Farabi Kazakh National University Bulletin. History Series, 117*(2), 57-64. https://doi.org/10.26577/JH2025117205 (in Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Сыгаев Бақытжан Анасұлы (корреспондент автор) – Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университетінің Дінтану кафедрасының PhD докторанты, Алматы, Қазақстан, e-mail: Sygayevbakhytzhan@gmail.com.

Ашуров Шарофиддин – PhD, Малайзия Халықаралық Ислам Университеті, Исламдық банкинг және қаржы институтының қауымдастырылған профессоры, Куала-Лумпур, Малайзия, e-mail: ashurov@iium.edu.my.

Information about the authors:

Sygayev, Bakhytzhan Anasuly (corresponding author) – PhD student of the Department of Religious Studies the Faculty of Islamic Studies, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan, e-mail: Sygayevbakhytzhan@gmail.com.

Ashurov, Sharofiddin – PhD Associate Professor of the Institute of Islamic Banking and Finance, International Islamic University Malaysia, Kuala Lumpur, Malaysia, e-mail: ashurov@iium.edu.my.

Сведения об авторах:

Сыгаев Бахытжан Анасулы (автор-корреспондент) – PhD докторант кафедры религиоведения и факультета исламских наук Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, e-mail: Sygayevbakhytzhan@gmail.com.

Ашуров Шарофиддин – PhD, ассоциированный профессор Института по исламскому банкингу и финансам Международного Исламского университета Малайзии, Куала-Лумпур, Малайзия, e-mail: ashurov@iium.edu.my.

2025 жылы 30 желтоқсанда тіркелді
2026 жылы 20 қыркүйекте қабылданды

ШЕТЕЛ БАСЫЛЫМДАРЫ

FOREIGN PUBLICATIONS

ЗАРУБЕЖНЫЕ ПУБЛИКАЦИИ

МРНТИ 21.15.47 https://doi.org/10.26577//EJRS473202610

С. Мир-Багирзаде

Национальная академия наук Азербайджана, Баку, Азербайджан
e-mail: samiramb777@mail.ru

РЕЛИГИОЗНО-ФИЛОСОФСКОЕ НАСЛЕДИЕ НАСИР АД-ДИНА ТУСИ: АНАЛИЗ ТРАКТАТОВ

В статье рассматривается творческое и научное наследие Насир ад-Дина Туси (1201–1274) – выдающегося ученого-энциклопедиста средневековой исламской цивилизации, чьи труды охватывают философию, этику, религиозную мысль, математику, астрономию и другие области знания. Цель исследования заключается в раскрытии многогранности интеллектуального наследия Туси, определении основных направлений его научной и философской деятельности, а также значения его трактатов для развития науки и культуры исламского мира. Особое внимание уделяется труду «Этика Насири», в котором рассматриваются нравственные, правовые и семейно-социальные вопросы, проблемы человеческих взаимоотношений и совершенствования личности. Анализируется также деятельность Туси по созданию Марагинской обсерватории и его вклад в развитие астрономических исследований. Методологическую основу исследования составляют историко-культурный, сравнительный и текстуально-аналитический подходы, позволяющие рассматривать труды ученого в контексте взаимодействия философской, религиозной и научной традиций. В результате исследования выявляется системный характер наследия Туси, соединяющего достижения античной научно-философской мысли с интеллектуальной традицией исламской цивилизации. Показано значение его философских и религиозно-этических идей, а также исследований в области астрономии для последующего развития научного знания. Научная значимость работы состоит в комплексном осмыслении трактатов Туси как части истории философии, религиозной мысли и науки. Практическое значение результатов заключается в возможности их использования при изучении истории исламской философии, религиоведения, культурологии и истории науки, а также в образовательных курсах соответствующего профиля.

Ключевые слова: Насир ад-Дин Туси, исламская цивилизация, философское наследие, Марагинская обсерватория, религиозно-этическая мысль

S. Mir-Bagirzade

Azerbaijan National Academy of Sciences, Baku, Azerbaijan
e-mail: samiramb777@mail.ru

Religious and Philosophical Heritage of Nasir al-Din Tusi: An Analysis of his Treatises

This article examines the creative and scholarly heritage of Nasir al-Din Tusi (1201–1274), an outstanding encyclopedic scholar of the medieval Islamic civilization whose works encompass philosophy, ethics, religious thought, mathematics, astronomy, and other fields of knowledge. The study aims to reveal the multidimensional nature of Tusi's intellectual legacy, identify the principal directions of his philosophical and scientific activity, and determine the significance of his treatises for the development of science and culture in the Islamic world. Particular attention is devoted to The Ethics of Nasiri, which addresses moral, legal, and family-social issues, as well as the perfection of the human person through the synthesis of Greek philosophical thought and Qur'anic teachings. The article also analyzes Tusi's role in founding the Maragha Observatory and his contribution to the advancement of astronomical research. The methodological framework combines historical-cultural, comparative, and textual-analytical approaches, enabling an interdisciplinary interpretation of his works within the interaction of philosophical, religious, and scientific traditions. The findings demonstrate the systematic character of Tusi's heritage, which integrated the achievements of ancient scientific philosophy with the intellectual tradition of Islamic civilization. His religious-philosophical ideas and astronomical studies are shown to have exerted a lasting influence on the subsequent development of scientific knowledge. The research contributes to the comprehensive understanding of Tusi's treatises within the history of philosophy, religious studies, and the history of science, and its results may be applied in teaching and research in Islamic philosophy, religious studies, cultural studies, and related academic disciplines.

Keywords: Nasir al-Din Tusi, Islamic Civilization, Philosophical Heritage, Maragha Observatory, Religious and Ethical Thought

 © 2026 Al-Farabi Kazakh National University

С. Мир-Багирзаде
Әзербайжан Ұлттық ғылым академиясы, Баку, Әзірбайжан
e-mail: samiramb777@mail.ru

Насир ад-Дин Тусидің діни-философиялық мұрасы: трактаттарын талдау

Мақалада ортағасырлық ислам өркениетінің көрнекті энциклопедист-ғалымы Насир ад-Дин Тусидің (1201–1274) философия, этика, діни ой, математика, астрономия және басқа да білім салаларын қамтитын шығармашылық және ғылыми мұрасы қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – Тусидің зияткерлік мұрасының көпқырлылығын ашып көрсету, оның ғылыми және философиялық қызметінің негізгі бағыттарын, сондай-ақ трактаттарының ислам әлеміндегі ғылым мен мәдениеттің дамуы үшін маңызын айқындау. Адамгершілік, құқықтық және отбасылық-әлеуметтік мәселелер, адамдар арасындағы қарым-қатынас пен тұлғаның кемелденуі мәселелері қарастырылатын «Насири этикасы» еңбегіне ерекше назар аударылады. Сонымен қатар Тусидің Мараға обсерваториясын құрудағы қызметі және астрономиялық зерттеулердің дамуына қосқан үлесі талданады. Зерттеудің әдіснамалық негізін ғалымның еңбектерін философиялық, діни және ғылыми дәстүрлердің өзара ықпалдастығы аясында қарастыруға мүмкіндік беретін тарихи-мәдени, салыстырмалы және мәтіндік-талдамалық тәсілдер құрайды. Зерттеу нәтижесінде антикалық ғылыми-философиялық ой жетістіктерін ислам өркениетінің зияткерлік дәстүрімен ұштастырған Туси мұрасының жүйелі сипаты айқындалады. Оның философиялық және діни-этикалық идеяларының, сондай-ақ астрономия саласындағы зерттеулерінің ғылыми білімнің кейінгі дамуы үшін маңызы көрсетіледі. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы Туси трактаттарын философия, діни ой және ғылым тарихының құрамдас бөлігі ретінде кешенді зерделеуден көрінеді. Алынған нәтижелердің практикалық маңызы оларды ислам философиясының тарихын, дінтануды, мәдениеттануды және ғылым тарихын зерттеуде, сондай-ақ тиісті бағыттар бойынша білім беру курстарында пайдалану мүмкіндігімен айқындалады.

Түйін сөздер: Насир ад-Дин Туси, ислам өркениеті, философиялық мұра, Мараға обсерваториясы, діни-этикалық ой

Введение

«Насир-ад-дин Туси был энциклопедистом в полном смысле слова, и круг его материалов охватывал все науки, как специфически мусульманские, так и точные. В области точных наук ему действительно принадлежат новые обработки произведений почти всех крупнейших ученых античного мира, которых знали арабы; именно в его обработках пользовался ими мусульманский Восток почти до наших дней. В частности, он оставил новую редакцию «Альмагеста», которая почти вытеснила все предшествующие».
И.Ю. Крачковский

Богато и многогранно наследие Н. Туси, которое охватывает разные сферы наук: философия, политика, этика, богословие, юриспруденция, логика, психология, экономика, литературоведение, физика, астрономия, математика, тригонометрия, геометрия, география и многие другие науки. Историк математики Ф. Кеджори так характеризует его математические способности: «Насир ад-Дин на далеком Востоке, в период временного прекращения военных завоеваний татарских правителей, разработал в значительной степени как плоскую, так и сферическую тригонометрию» (Кьеджори, 1917, с. 141). Насир ад-Дин Туси в 1260 году представил фундаментальное изложение тригонометрии как самостоятельной науки (как плоской, так и сферической). Его «Трактат о полном «четырёхстороннике» содержит практические способы решения типичных задач, в том числе труднейших, решенных самим Туси – например, построение сторон сферического треугольника по заданным трём углам. Сочинение Туси стало широко известно в Европе и существенно повлияло на развитие тригонометрии.

Рисунок 1
Насир ад-Дин Туси (сидит за столом) в Марагинской обсерватории



Особое место в интеллектуальном наследии Насир ад-Дина Туси занимают философские и религиозно-философские проблемы, связанные с пониманием бытия, необходимо-сущего и возможно-сущего, причинности, материи и формы, а также природы человека и души. Обращение к данным аспектам наследия мыслителя позволяет рассмотреть взаимодействие философского и религиозного знания в интеллектуальной традиции средневековой исламской цивилизации. В связи с этим актуальным представляется комплексное рассмотрение трактатов Туси, в которых научная проблематика сочетается с онтологическими и религиозно-философскими вопросами.

Обоснование выбора темы, цели и задачи

Интеллектуальное наследие Насир ад-Дина Туси занимает значительное место в истории средневековой исламской философии и науки. Многогранность его научных интересов, охватывающих философию, богословие, этику, логику, математику и астрономию, обусловила устойчивый исследовательский интерес к его трудам. Значение обращения к наследию Туси определяется также тем, что в его произведениях философская проблематика рассматривается в тесной взаимосвязи с религиозной и научной мыслью средневековой исламской цивилизации.

Жизнь, научная деятельность и творческое наследие Туси получили освещение в трудах ряда исследователей. Одним из специальных биографических и библиографических исследований является труд Мухаммада Таки Модарреса Разави, посвященный жизни и сочинениям мыслителя (Modarres Razavi, 1975). Философские взгляды Туси рассматривались Мухаммадом Модарреси Занджани (Modarrisi Zanjani, 1984). Хамид Дабаши исследовал деятельность Туси как философа и визиря в контексте интеллектуальной среды его эпохи (Badakhchani, 1999, Dabashi, 1996). Особое направление исследований связано с религиозно-философским наследием мыслителя. Уилферд Маделунг проанализировал этические взгляды Туси в контексте взаимодействия философии, шиизма и суфизма (Madelung, 1985). С.Дж. Бадахшани в исследовании и переводе «Sayr wa suluk» рассмотрел духовную биографию Туси, его отношения с исмаилитской традицией и значение данного произведения для понимания его религиозно-философских взглядов (Tusi, 1999).

Наличие значительного круга исследований свидетельствует о многогранности наследия Туси и одновременно обусловливает необходимость комплексного обращения к его трактатам, позволяющего рассмотреть взаимосвязь отдельных аспектов его философского и религиозно-философского учения. В настоящем исследовании основное внимание уделяется онтологической проблематике его произведений: категориям необходимо-сущего и возможно-сущего, пониманию первоначала и причинности, соотношению понятий необходимо-сущего и Аллаха, проблеме материи и формы, а также представлениям о человеке и человеческой душе.

Цель исследования – раскрыть основные направления философского наследия Насир ад-Дина Туси на основе анализа его трактатов, уделив особое внимание онтологическим и религиозно-философским аспектам его учения.

Для достижения поставленной цели определены следующие задачи: охарактеризовать основные направления научного и философского наследия Туси; рассмотреть содержание и место его трактатов в интеллектуальной традиции средневековой исламской цивилизации; проанализировать категории необходимо-сущего и возможно-сущего; раскрыть соотношение понятия необходимо-сущего и понятия Аллаха в онтологических представлениях мыслителя; рассмотреть его взгляды на причинность, материю и форму; определить место человека и человеческой души в системе его философских представлений.

Научная методология исследований

Методологическую основу исследования составляют историко-философский, историко-культурный, сравнительный и текстуально-аналитический подходы. Историко-философский подход используется для рассмотрения взглядов Насир ад-Дина Туси в контексте средневековой исламской философской традиции. Текстуально-аналитический подход применяется при рассмотрении положений его трактатов «Рисалийе исбат-е ваджиб», «Рисалейе андар гисмет-е мовджудат», «Ахлаги-Насири» и других произведений. Сравнительный подход позволяет выявить взаимосвязь рассматриваемых идей с античной философской традицией и восточным перипатетизмом. Историко-культурный подход используется для определения места философского и научного наследия Туси в интеллектуальной культуре средневековой исламской цивилизации.

Результаты и обсуждения

